

ISSN 2411-6076 01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ТІЛТАНЫМ

ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМ. А.БАЙТҰРСЫНОВА
КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№1 (69) 2018

қаңтар, ақпан, наурыз, 2018

январь, февраль, март, 2018

2001 жылғы сәуірден бері шығады

Бір жылда 4 рет жарық көреді

Издается с апреля 2001 года

Выходит 4 раза в год

АЛМАТЫ

Р е д а к ц и я л ы қ к е н е с :

Е.З.Қажыбек, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (бас редактор);
Ә.Т.Қайдар, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Р.Ғ. Сыздық**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Ө.Айтбайұлы**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **З.Базарбаева**, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі;
Т.Жанұзақов, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Ә.Жүнісбек**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Н.Уәли**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Ж.Манкеева**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Малбақов**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Кирхнер**, Ю.Либих атындағы Гиссен университетінің (Германия) профессоры; **Э.Д.Сүлейменова**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Н.Демір**, Хаджеттепе университетінің (Түркия) профессоры.; **М.Махмудов**, Әзірбайжан Республикасы Ғылым академиясы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, проф.; **С.Ж.Мусаев**, И.Арабаев атындағы Бішкек университеті Лингвистика және әлем тілдері институтының директоры, Қырғыз Республикасы Ғылым академиясының корр. мүшесі, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Джусупов**, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Д.Қ.Шомфай**, Венгрия Ғылым академиясы Этнология институтының ғылыми қызметкері, алтаистика мамандығының PhD докторы.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

Ж.Манкеева, филология ғылымдарының докторы, проф. (нөмірдің жауапты редакторы),
Г.Көбденова, **Д.Пашан**, филология ғылымдарының кандидаттары (жауапты шығарушылар).

Р е д а к ц и о н н ы й с о в е т :

Е.З.Қажыбек, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК (главный редактор); **А.Т.Қайдар**, академик НАН РК; **Р.Ғ.Сыздық**, академик НАН РК; **О.Айтбайұлы**, академик НАН РК; **З.Базарбаева**, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК; **Т.Жанұзақов**, доктор филологических наук, проф.; **А.Жүнісбек**, доктор филологических наук, проф.; **Н.Уәли**, доктор филологических наук, проф.; **Ж.Манкеева**, доктор филологических наук, проф.; **М.Малбақов**, доктор филологических наук, проф.; **М.Кирхнер**, профессор Гиссенского университета им. Ю.Либиха (Германия).; **Э.Д.Сүлейменова**, доктор филологических наук, проф.; **Н.Демір**, профессор университета Хаджеттепе (Турция).; **М.Махмудов**, доктор филологических наук, проф., заместитель директора Института языкознания Академии наук Республики Азербайджан; **С.Ж.Мусаев**, доктор филологических наук, проф., член корр. Академии наук Кыргызской Республики, директор Института лингвистики и мировых языков Бишкекского университета им. И.Арабаева; **М.Джусупов**, доктор филологических наук, проф., Узбекский государственный университет иностранных языков.; **Д.К.Шомфай**, доктор PhD по специальности алтаистика, научный сотрудник Института этнологии Венгерской Академии наук.

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я :

Ж.Манкеева, доктор филологических наук, проф. (ответственный редактор номера),
Г.Кубденова, **Д.Пашан**, кандидаты филологических наук (ответственные выпускающие).

Мемлекеттік тіркеу №1799-ж

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен

05.03.2001 жылы берілді

Государственный регистрационный

№1799-ж выдан 05.03.2001 года Министерством культуры,
информации и общественного согласия

МРНТИ 16.31.02

А.Қ.Жұбанов¹, А.Ә.Жаңабекова¹, Д.Токмырзаев¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Алматы қаласы, Қазақстан

²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы,
Алматы қаласы, Қазақстан

³А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми
қызметкері, бағдарламашы, Алматы қаласы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ ӘЛПБИИ ПЕРНЕТАҚТАДА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі пернетақтада ең жиі қолданылатын әріптерді анықтау үшін қазақ тіліне жиілік талдау жүргізді.

Талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі ең жиі кездесетін әріптер мен жиі кездесетін әріп тіркесімдері анықталып, ұлттық пернетақтада әріптерді тиімді орналастыруға қажетті статистикалық ақпарат берілді.

Сонымен қатар осы жиілік талдау нәтижесі бойынша қазақ әріптері мен әріп тіркестерінің жиі кездесуі ескеріліп орналастырылған пернетақтаның пилоттық жобасы ұсынылды.

Мақалада жаңа ұлттық әліпби негізінде латын қаріпті қазақ әріптерін пернетақтада орналастырудың статистикалық негіздері сипатталған. Пернетақтада әріптерді тиімді орналастыру үшін кирилдегі қазақ әріптерінің қолданыстағы кездесу жиілігі, сонымен қатар әріптердің бір-бірімен тіркесіп келудегі жиілігі анықталып, осы жиілік талдау бойынша латын қаріпті қазақ әріптері пернетақтаға орналастырылды. Әріптерді пернетақтада теру ыңғайлылығына қарай пернетақта актив және пассив аймақтарға бөлініп, ортаңғы бөлікке жиі кездесетін әріптер, ал шеткі бөлікке сирек кездесетін әріптер орналастырылды. Мақалада әрбір әріптің статистикалық мәліметі мен пернетақтада орналастырылу себептері нақты баяндалады.

Тірек сөздер: жаңа әліпби, пернетақта, әріп жиілігі, жиілік сөздік, статистикалық талдау

А.К. Жұбанов¹, А.А. Жаңабекова², Д. Токмырзаев³

¹главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова,
доктор филологических наук, профессор,
Алматы, Казахстан

²главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова,
доктор филологических наук, Алматы, Казахстан

³Научный сотрудник Института языкознания им. А. Байтұрсынова,
программист, Алматы, Казахстан

СТАТИСТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАСПОЛОЖЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА НА КЛАВИАТУРЕ

Аннотация. Институт языкознания имени А. Байтұрсынова отдел прикладной лингвистики провел частотный анализ казахского языка для определения наиболее часто используемых букв на клавиатуре.

В результате анализа выявлены наиболее часто встречающиеся буквы на казахском языке и наиболее часто встречающиеся буквенные комбинации, дана статистическая информация, необходимая для эффективного размещения букв на национальной клавиатуре.

Кроме того, по результатам данного частотного анализа был представлен пилотный проект клавиатуры, размещенный с учетом частых встречах казахских букв и буквосочетаний.

В статье описывается статистические основы расположения национального казахского алфавита на клавиатуре. Для удобного расположения букв казахского алфавита на компьютерной клавиатуре были проведены статистические исследования для выявления часто употребляемых казахских букв и их сочетаний как с учетом их места в слове (в начале, в конце слова), а также без их учета. С этой целью сама клавиатура была условно разбита на активный (центральный) участок для высокочастотных букв и на пассивный (крайние) участок для низкочастотных букв казахского языка.

В статье также приводятся статистические данные для отдельных букв казахского языка и даны краткое объяснение причины выбора мест для отдельных букв национального казахского алфавита.

Ключевые слова: новый алфавит, клавиатура, частота букв, частотный словарь, статистический анализ

A.K. Zhubanov¹, A.A. Zhanabekova², D. Tokmyrzaev³

¹Chief researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Doctor of Philology, Professor,
Almaty, Kazakhstan

²Chief researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Doctor of Philology, Almaty, Kazakhstan

³Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
programmer, Almaty, Kazakhstan

THE STATISTICAL FOUNDATIONS OF THE LOCATION OF THE NATIONAL KAZAKH ALPHABET ON THE KEYBOARD

Annotation. The Department of Applied Linguistics of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov conducted a frequency analysis of the Kazakh language to determine the most frequently used letters on the keyboard.

As a result of the analysis, the most common letters in the Kazakh language and the most common letter combinations have been identified, and the statistical information necessary for the effective placement of letters on the national keyboard has been provided.

In addition, based on the results of this frequency analysis, a pilot keyboard project was presented which was developed taking into account the frequency of the use of Kazakh letters and letter combinations.

The article describes the statistical foundations of the location of the national Kazakh alphabet on the keyboard. For the convenient arrangement of the letters of the Kazakh alphabet on a computer keyboard, statistical studies were conducted to identify frequently used Kazakh letters and their combinations, both taking into account their place in the word (at the beginning, at the end of the word), and without taking them into account. For this purpose, the keyboard itself was conditionally divided into an active (central) section for high-frequency letters and a passive (extreme) area for low-frequency letters of the Kazakh language.

The article also provides statistical data for separate Kazakh language letters and gives a brief explanation of the reasons for choosing their places.

Keywords: new alphabet, keyboard, frequency of letters, frequency dictionary, statistical analysis

Әліпби ауыстыруда маңызды мәселелердің бірі – әріптерді пернетақтада орналастыру. Адамның әріптерді пернетақтаның қай бұрышына орналастырса да жаттанды түрде үйреніп алуы заңды. Алайда пернетақтада мәтін теруде әріптерді оңтайлы орналастыру адамның күш-қуатын және теруге кететін уақытты үнемдейді. Сондықтан ұлттық әліпбидегі әріптерді пернетақтада тиімді орналастыруда лингвистикалық, әлеуметтік зерттеулер жүргізу қажет. Лингвистикалық зерттеулер жүргізу негізінен тіл білімінің қолданбалы бағытының зерттеу нысаны. Бұл ретте әріптерді пернетақтада орналастыруда қандай ұстанымдарға сүйенеміз деген мәселенің басын ашып алу қажет.

Оның *біріншісі* – пернетақтадағы ағылшынша жазатын латын қаріптерінің тұрған орнын сақтап, кирилдегі қазақша әріптер тұрған жоғарғы жақ қатарға жаңа таңбаларды орналастыру. Бұл ағылшын пернетақтасында тұрған латын қаріптерін басуда шатастырмау үшін тиімді деуге болады. Кирил қаріптері тұрған пернетақтада да қазақ тіліне ғана тән әріптер осылай жоғарғы қатарға қатар-қатар орналастырылған болатын.

Екіншісі – ағылшын пернетақтасындағы латын қаріптерін сақтай отырып, жоғары жаққа емес, негізгі үш қатардағы бос орындарға жаңа таңбаларды қою. Осы ұстанымға сүйеніліп, төмендегідей пернетақта жасалды.

Esc	~	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0	-	=	Bksp	Home	PgUp					
Tab	q	w	e	r	t	y	u	i	o	p	á	ñ	~	#	Del	End	PgDn				
Caps	a	s	d	f	g	h	j	k	l	g	y	←		Insert	Pause						
Shift		z	x	c	v	b	n	m	ú	ó	,	.	'	Shift	PrtScn	ScLk					
Ctrl	#	Alt											Alt	#	Ctrl	;	'	⇧	Fn	Параметры	Справка

1-сурет. Ағылшыншадағы бос орындарға қойылған пернетақта

Бұл пернетақтада ағылшындағы бос орындарға жаңаша таңбаланған ә, ң, ғ, у, ү, ө (á, í, ĝ, ú, ó) әріптері қойылды. Олар пернетақтаның оң жақ қол бетіндегі ортаңғы, жоғарғы және төменгі қатарларға екі-екіден орналастырылды. Бұл пернетақтада әзірге И/Й (I) әрпі орналастырылмады. Себебі соңғы әліпбиде I мен И/Й әріптері бірдей дерлік болып тұр.

Үшіншісі – әлемдік тіл білімінде ұстанылатын принцип – пернетақтада әріптерді қолданыста жиі кездесуіне қарай орналастыру, яғни жиі кездесетін әріптерді пернетақтада басқанда оңай, икемді басылатын жерлерге қою болып табылады.

Әріптерді пернетақтада тиімді орналастыру мәселесіне қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі қолданыстағы әріптердің кездесу жиілігін анықтады. Бұл жиілік талдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тапсырысымен жарық көрген «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігіне» негіз болған «Қазақ тілінің сөзформалар сөздігінің» мәтіні бойынша жасалды. Бұл сөздікте қазақ тілінің 5 стилінен 7 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын мәтіндер қамтылды. Төменде осы 7 миллионнан астам сөзқолданыстан алынған қазақ әріптерінің жиілік сөздігі берілді.

1-кесте. Қазақ тіліндегі әріптердің жиілікті-әліпбилік жиілік сөздігі

№	Әріп	Абсолютті жиілігі	Бір топ әріптің мәтінді қамту пайызы	№	Әріп	Абсолютті жиілігі	Бір топ әріптің мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4	1	2	3	4
1	А	8630862	12,796	22	г	903479	91,763
2	Е	5660025	21,187	23	ң	872812	93,057
3	Ы	5378832	29,161	24	и	866761	94,342
4	Н	4192570	35,377	25	ж	738252	95,437
5	І	4154893	41,537	26	ұ	673484	96,435
6	Т	4066134	47,565	27	ө	655787	97,408
7	Р	4028709	53,537	28	ү	598755	98,295
8	Л	3824239	59,207	29	ә	524073	99,072
9	Д	3413312	64,267	30	я	231433	99,415
10	С	2708334	68,283	31	х	105688	99,572
11	М	2040371	71,308	32	ц	81165	99,692
12	Қ	1876617	74,090	33	ф	58378	99,779
13	О	1639224	76,520	34	в	55978	99,862
14	К	1633360	78,941	35	э	30250	99,907
15	Ғ	1256146	80,804	36	ь	25076	99,944
16	Б	1229938	82,627	37	ю	20877	99,975
17	Й	1175543	84,370	38	h	5406	99,983
18	У	1103283	86,006	39	ъ	5148	99,991
19	З	1095869	87,630	40	ч	3702	99,996
20	П	978676	89,081	41	ш	1679	99,998
21	Ш	905698	90,424	42	ё	1018	100

1-кестедегі мәліметтер 3 топқа бөліп қарастырылды.

1-топқа ең жиі қолданатын 19 әріп *a, e, ы, н, і, т, р, л, д, с, м, қ, о, к, з, б, й, у, з* енді. Бұл әріптердің ішінде ең жиі қолданыс табатын 1-орынға ие «*a*» әрпі **8630862** рет қолданып, мәтіннің *12,796* пайызын қамтыды, ал жиілік жағынан 2-орынға ие болатын «*e*» әрпі *5660025* рет қолданып, мәтіннің *8.391* пайызын құрады. Осы «*a*», «*e*» әріптерінің біріккендегі қолданысы барлық мәтіннің *21,187* пайызын қамтыды. 1-топқа жататын ең жиі қолданатын 19 әріп (*a, e, ы, н, і, т, р, л, д, с, м, қ, о, к, з, б, й, у, з*) барлық мәтіннің *87,630* пайызын қамтыды.

2-топқа қолдану жиілігі жағынан абсолютті жиіліктері *978676-524073* аралығындағы сан жағынан 10-ға тең (*п, ш, г, ң, и, ж, ұ, ө, ү, ә*) әріптер жатады. Аталған 10 әріп қайталана қолданыла келіп, барлық мәтіннің *11,442* пайызын қамтиды.

3-топқа сирек қолданатын басқа тілдерден енген келесі 13 әріп жатқызылды: *я, х, ц, ф, в, э, ь, ю, һ, ь, ч, ш, ё*. 3-топтағы кірме дыбыстарға жататын бұл әріптер 7 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын қазақ тілінің 5 стилі бойынша алынған мәтіндердің бар болғаны *0,928* пайызын қамтиды.

Қазақ тілінің ұлттық компьютерлік пернетақтасында *1-кестедегі* жиі кездесетін 1-топтағы 19 әріп екі бөлікке бөлініп, пернетақтаның ортаңғы бөлігіне орналастырылды. Екіәріптік тіркестердің жиілік сөздігіндегі ең жиі қолданатын, мысалы, мәтіннің 90 пайызын қамтитын рет сандары 1-217 аралығын қамтитын тіркестердің екінші әріптерін *1-кестедегі* рет сандары 1-29 аралығындағы әріптерге тіркесуге пернетақтаның жақын аралығына, яғни сол қол мен оң қол саусақтарына сәйкестендіріп орналастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Ұлттық пернетақта жасауда жеке әріп жиілігі ғана емес, саусақпен оңай әрі тез басу үшін әріптердің тіркесімінің де жиілік сөздіктерін ескеру қажет. Яғни қай әріп қай әріппен жиі тіркесіп қолданылады деген мәселе маңызды. Осы проблеманы шешу үшін қазақ тілінің жоғарыда аталған 7 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын қазақ тілінің мәтіндерінен құрастырылған «Қазақ тілінің сөзформалар жиілік сөздігінен», осы сөздіктің статистикалық деректерін пайдалана отырып, қазақ әріптерінің екіәріптік тіркестерінің жиілік сөздігін құрастырдық.

2-кесте. Қазақ тілінің екіәріптік тіркестерінің жиілік сөздігінен үзінді

Рет саны №	Әріп тіркесі	Абсолютті жиілік	Бір топ әріп тіркестерінің мәтінді қамту пайызы	Рет саны №	Әріп тіркесі	Абсолютті жиілік	Бір топ әріп тіркестерінің мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4	1	2	3	4
1	ар	688045	2,035495	44	ма	229464	46,495744
2	ан	582201	3,757865	45	са	226934	47,167100
3	ал	565089	5,429610	46	ге	226772	47,837976
4	ын	562671	7,094202	47	ел	209952	48,459093
5	да	560939	8,753670	48	ек	208945	49,077231
6	та	511161	10,265877	49	ғы	207327	49,690582
7	ен	501533	11,749600	50	лд	198170	50,276843
8	ер	481450	13,173909	51	ыр	197109	50,859966
9	қа	460416	14,535993	52	ағ	196589	51,441550

10	де	458037	15,891038	53	рд	195039	52,018548
11	ін	451434	17,226550	54	ес	189725	52,579826
12	ла	422562	18,476647	55	іл	189148	53,139397
13	ды	417831	19,712748	56	тг	184683	53,685759
14	ты	404750	20,910150	57	бі	184178	54,230626
15	нд	399330	22,091518	58	ің	181594	54,767850
16	ға	396123	23,263399	59	лі	181226	55,303984
17	ке	371958	24,363790	60	гі	178293	55,831442
18	ай	369359	25,456493	61	ау	177800	56,357441
19	лы	342672	26,470245	62	қы	172081	56,866521
20	ті	333046	27,455520	63	ре	169334	57,367475
21	ді	331481	28,436166	64	ыс	168863	57,867035
22	ас	330440	29,413731	65	сі	168801	58,366412
23	сы	327308	30,382031	66	ып	166290	58,858360
24	ме	323281	31,338418	67	ні	163289	59,341430
25	ат	284740	32,180786	68	ам	161755	59,819962
26	ба	281240	33,012799	69	ік	154050	60,275700
27	ны	276945	33,832107	70	ым	147729	60,712738
28	ың	275833	34,648124	71	ім	147386	61,148761
29	ол	273816	35,458175	72	бо	146149	61,581124
30	те	273269	36,266607	73	қт	144973	62,010009
31	ет	272744	37,073486	74	ад	144878	62,438613
32	ры	263800	37,853906	75	бе	143874	62,864246
33	ық	261904	38,628716	76	шы	140779	63,280723
34	ра	257203	39,389619	77	се	137879	63,688621
35	на	250705	40,131299	78	ем	133338	64,083085
36	жа	248531	40,866547	79	із	131926	64,473371
37	ақ	243641	41,587328	80	кі	130520	64,859499
38	ыл	241848	42,302805	81	ег	128229	65,238848
39	ле	241186	43,016324	82	кө	127963	65,617411
40	не	239816	43,725790	83	ор	126556	65,991811
41	ст	239516	44,434368	84	ап	120653	66,348748
42	ір	237178	45,136030	85	мы	120124	66,704120
43	рі	230151	45,816903	86	ыз	119848	67,058675

Аталған екіәріптік жиілік сөздікте әртүрлі тіркестердің рет саны *1160*-қа тең, ал осы екіәріптік тіркестер қайталанып қолдана келіп, олардың абсолютті жиіліктерінің қосындысы *67.604670* мәтін бойындағы екіәріптік тіркестердің 100 пайызын құрайды. (Бұл сандық мәліметтер әріп тіркесі сөздігінің толық нұсқасында).

Енді осы сөздіктің жоғары жиілікті бөлігінен үзінді ретінде абсолютті жиілігі 100 000-нан жоғары жиілікті зонаға жататын 100 екіәріптік тіркестер бөлігі *2-кестеде* берілген.

Әріптерді пернетақтада орналастыруда әріп жиілігінен басқа, олардың қасындағы келесі әріппен тіркесуін де негізге алу пернетақта батырмасын басудың тиімділігі үшін қажет болғандықтан, олардың оң жақтарында жоғарыда үзінді келтірілген екіәріптік тіркестер жиілік сөздіктерінен алынған деректер мәліметіне сүйенген жөн болады.

Қазақ тілінің ұлттық компьютерлік пернетақтасында жиі кездесетін *19* әріп екі бөлікке бөлініп, пернетақтаның ортаңғы бөлігіне орналасады. Сол сияқты *2-кестедегі* екіәріптік тіркестердің ең жиі қолданылатын тіркестердің екінші әріптерін жиі кездесетін әріптерге тіркесуге пернетақтаның жақын аралығына,


яғни сол қол мен оң қол саусақтарына сәйкестендіріп орналастыру қажет.

Осы жиілік талдау (әріп және әріп тіркесінің жиілік сөздіктері) нәтижесі бойынша қазақ әріптері мен әріп тіркестерінің жиі кездесуі ескеріліп орналастырылған пернетақтаның пилоттық жобасы ұсынылды.

Пернетақтада әрбір әріптің кирилдегі және латындағы баламалары келтірілді. Пернетақтаның ортаңғы бөлігінде жиілік сөздіктегі ең жиі қолданған әріптер орын алды, ал олардың оң жақтарында екіәріптік тіркестер жиілік сөздігінен алынған әріптер орналастырылды.

Пернетақтаның шеткі жақтарына сирек кездескен әріптер орналастырылды. Пернетақтада көрініс таппаған дыбыстар **ш, ч** мынадай әріп тіркестерінің **sh/ш, ch/ч** әрбіреуінің пернетақтада бар болуынан, олар орын алмады.

2-сурет. Статистикалық негіздегі пернетақта



Енді қолданыстағы әріптің жиілігі мен олардың тіркесіп келу жиілігі ескерілген осы пернетақтаға орналастырылған әрбір әріптің не үшін осылай орналастырылғанын баяндаймыз.

Пернетақта батырмалары екі қолмен басылатындықтан, ортасынан оңға және солға қарай есептеліп, екі қолға бөлінеді. Пернетақтаның шекарасы қазіргі кирил пернетақтасындағы А және О әріптері тұрған кертікпен есептеледі. Осы екі әріптің ортасында тұрған П және Р әріптерінің ортасы орталық (центр) болып саналады. Яғни ЕПИ әріптерінің оң жағы, НРТ әріптерінің сол жағы.

3-сурет. Пернетақтаның шекара кертпесі мен ортаңғы бөлігі



Әріптерді пернетақтада орналастыруда оның бетіндегі батырмалар орналастырылған қатардың басуға, яғни мәтін теруге ыңғайлылығына қарай актив және пассив аймақтарға бөлінеді. Пернетақтаның әріп теруге ыңғайлы жері ортаңғы аймақ, әсіресе кертік тұрған жердің айналасы, асты мен үсті болып табылады. Ал шеткі батырмалар пассив аймаққа жатады. Актив және пассив аймақтарды пернетақтаның горизонталь (көлденең) және вертикаль (тіке) бөліктері бойынша да көрсетуге болады. Көлденең жеке бойынша актив аймақ – ол екі кертік тұрған ортаңғы қатар, яғни қазіргі кирилдегі Ф әрпінен басталып, Э әрпіне аяталатын қатар. Одан кейінгі актив аймақ осы қатардың үстінде орналасқан үстінгі қатар. Ал астыңғы қатар көбінесе сиректеу кездесетін әріптер орналасатын аймақ.

Батырмалардың тік бағыттағы (вертикалды) межесі кертік тұрған батырмалар-

дың жаны, яғни ортаңғы, екінші қатардың жаны, ортаңғы тұсы. Сонымен қатар үстіңгі қатардағы кертпенің үстіңгі ортаңғы бөліктері. Одан кейінгісі кертпенің астыңғы ортаңғы бөліктері.

Ал осы үш қатардың шеткі бөліктері пассив аймақ болып есептеліп, сирек кездесетін әріптер не тыныс белгілер орналастырылады.

Осы шарттарға сәйкес біз әрбір әріптің кездесу жиілігі мен басқа әріптермен тіркесу жиілігіне қарай пернетақтаға орналастырдық.

А(А) әрпі – жиілік сөздік бойынша 1-орында тұрған ең жиі кездесетін әріп. Біздің пернетақтада А әрпі басуға оңтайлы болып саналатын ортаңғы қатарға бұрынғы кирилдегі А әрпінің орнына қойылды.

Жиілік сөздікте жиілігі жағынан 2-орында тұрған **Е (Е)** әрпі осыған сәйкес оң қолға екінші кертпенің үстіне қойылып отыр.

Жиілік сөздікте 3-орында тұрған **Ы (Y)** әрпі де ортаңғы қатарға А-ның сол жағына орналастырылды.

Н (N) әрпі жиілігі бойынша 4-орында тұр. Сонымен қатар әріп тіркесінің жиілік сөздігінде А-дан кейін жиі тіркесетін әріп (АН). Сондықтан N әрпін А әрпінен кейін қою статистикалық тұрғыдан дұрыс болып табылады.

І (I) әрпі – жиілігі бойынша 5-орында. Сондықтан ортаңғы бөліктің жоғарғы қатарына Е-нің үстіне, оң жақ қолға латынның бұрынғы I-сі тұрған батырмаға орналастырылды.

Т (T) әрпі – жиілігі бойынша – 6-орында, әріп тіркесі бойынша да тіркес басында, 6-орында (та) тұр. Сондықтан үстіңгі орталық бөлікке орналастырылды.

Р (R) әрпі – әріп жиілігі бойынша 7-орында, ал әріп тіркесінде алдыңғы позицияда (ар) 1-орында тұр. Сондықтан Е-нің жанында ортаңғы бөлікке, кертпенің сол жағына, яғни орталыққа орналастырылды.

Л (L) әрпі – әріп жиілігі бойынша 8-орында тұр. Алайда әріп тіркесі бойынша 3-орында. Сондықтан А-ның дәл үстінде орталық бөлікте, үстіңгі қатарда тұр.

Д (D) әрпі – әріп жиілігі бойынша 9-орында, ал әріп тіркесі бойынша 5-орында, алдыңғы позицияда (ДА). Сондықтан бұл әріп те жиі кездесетін әріптер қатарынан орын алып, орталық бөлікте кертпеде тұрған А-ның үстіне, сол жақ қолға, жоғарғы қатарға беріліп отыр. Бұл жерде Д-ның А әрпімен тіркесу жиілігі де ескеріліп, жақын жерден орын берілген.

С (S) әрпі – әріп жиілігі бойынша 10-орында, әріп тіркесінде соңғы позицияда 22-орында тұр (АС). Жиілігі бойынша белсенділер қатарына жатқанымен, тіркесімі бойынша онша белсенді емес болғандықтан, астыңғы қатарға А-ның астыңғы жағына, бұрынғы латын мен кирилдегі орынға қойылды.

М (M) әрпі – әріп жиілігі бойынша 11-орында, әріп тіркесінде 24-орында бастапқы позицияда (ME). Жиі кездесетіндер қатарына жататындықтан, ортаңғы бөлікте, үтір мен нүкте батырмалары қойылған батырманың қасында, шетке қарай оң жақ қолға астыңғы қатарда орналастырылды.

Қ (Q) әрпі – әріп жиілігі бойынша 12-орында, әріп тіркесінде бастапқы позицияда (ҚА) 9-орында. Сондықтан жиі басылатын әріптер жанында үстіңгі қатарда орналастырылды.

О (O) әрпі – әріп жиілігінде 13-орында, әріп тіркесі бойынша 29-орында, яғни өте жиі кездеспейтіндіктен, астыңғы қатарға, шеткі сол жақ бөлікке қойылды.

К (K) әрпі – әріп жиілігі бойынша 14-орында, әріп тіркесі бойынша 17-орында, бастапқы позицияда (KE). Тіркесте Е әрпімен жиі кездесетін болғандықтан,

кертінде тұрған Е-нің жанына сол жақ қолға орналастырылды.

Ғ (Ġ) әрпі – әріп жиілігі бойынша 15-орында, әріп тіркесінде 16-орында бастапқы позицияда тұр. Өте жиі кездесетін әріптерге жаппайтындықтан, шеткі жоғарғы қатарға орналастырылды.

Б (В) әрпі – әріп жиілігі бойынша 16-орында, тіркесте 26-орында, бастапқы позицияда тұр. Сондықтан орталық бөлік болса да астыңғы қатарға, бұрынғы латындағы В-ның орнына қойылды.

Й мен И әрпінің жиілігі қосылады. Өйткені жаңа әліпбиде бұл екеуі бір әріппен таңбаланады. **Й** әрпі – әріп жиілігі бойынша 17-орында, әріп тіркесінде 18-орында, соңғы позицияда (АЙ). Екі әріп жиілігі қосылатындықтан, жиі кездесетін әріп ретінде есептеліп, пернетақтаның ортаңғы бөлігіне лайық, алайда астыңғы қатарда, сонымен бірге А-мен кездесуі жиі болғандықтан, А-ның астында тұр.

У (У) әрпі – әріп жиілігінде 18-орында, әріп тіркесінде 61-орында, соңғы (екінші) позицияда (АУ). Яғни сирек кездеседі. Сондықтан шеткі сол жаққа үстіңгі қатарға берілді.

З (Z) әрпі – әріп жиілігінде 19-орында, әріп тіркесінде 79-орында екінші позицияда (ІЗ). Бұл әріп сирек кездесетін әріпке жатады. Сондықтан үстіңгі шеткі орынға қойылды.

П (P) әрпі – әріп жиілігі бойынша 20-орында, тіркесі бойынша 66-орында, екінші позицияда (ЫП) тұр. Бұл да сирекке жатады. Сондықтан шетке шығарылды, алайда ортаңғы қатарда.

Ш (SH) әрпі – әріп жиілігі бойынша – 21-орында, әріп тіркесінде 76-орында, бастапқы позицияда (ШЫ). Бұл әріп те сирекке жатады. Бұл әріп косәріп (диграф) болғандықтан, арнайы пернетақтада орналастыру қажет болмады.

Г (G) әрпі – әріп жиілігі бойынша 22-орында, әріп тіркесінде 46-орында, бастапқы позицияда (ГЕ). Сондықтан үстіңгі шеткі жақта, алайда жиі кездесетін Е-ге жақын маңда орналастырылды.

Н (N) әрпі – әріп жиілігі бойынша 23-орында, яғни сирек, алайда әріп тіркесінде 28-орын тым сирек кездесетіндерге жаппайды. Сондықтан осы екі жағдайда да ескеріліп, астыңғы шеткі, алайда жиі кездесетін Е-нің астында орналастырылды.

Ж (J) әрпі – әріп жиілігі бойынша 25-орында, әріп тіркесінде 35-орында бастапқы позицияда (ЖА). Тіркестегі жиілігі ескеріліп, жиі кездесетін Е-нің жанына екінші қатарға бір әріптен кейін шеткі орынға берілді.

Ұ (U) әрпі – әріп жиілігі бойынша 26-орында, сирек кездесетіндерге жатады. Әріп тіркесінде де 87-орында бастапқы позицияда (ҰР) тұр. Тіркес жағынан да сирек кездесетін болғандықтан, оң жақ шеткі үстіңгі қатарға орналастырылды.

Ө (Ó) әрпі – әріп жиілігі бойынша 27-орында, яғни сирек, әріп тіркесінде 82-орында соңғы позицияда (КӨ). Сондықтан шеткі ортаңғы қатарда орналастырылды.

Ү (Ú) әрпі – әріп жиілігі бойынша 28-орында, әріп тіркесінде 117-орында. Сондықтан шеткі сол жақ үстіңгі қатарда.

Ә (Á) әрпі – әріп жиілігі бойынша 29-орында, әріп тіркесінде 128-орында, бастапқы позицияда (ӘН). Сондықтан сол жақ шеткі астыңғы қатарда.

Х/Һ (H) әріптері – өте сирек. Х – әріп жиілігінде 31-орында, Һ – 38-орында. Екеуінің жиілігі қосылатындықтан, ортаңғы қатарда, алайда сирек кездесетіндіктен шетке қарай орналастырылды.

Ф (F) әрпі – 33-орында, тіркесте 329-орында, бастапқы позицияда (ФИ), яғни өте сирек кездесетіндерге жатады. Сондықтан ең шетіндегі үстіңгі қатарға

орналастырылды.

В (V) әрпі – 34-орында, әріп тіркесінде 359-орын, яғни өте сирек. Сондықтан F-ның астында орналастырылды.

Ч (CH) диграф құрамындағы С әрпі жоғарғы қатардағы сол жақ шеткі, орыстың Ё әрпі тұрған орынға берілді.

Осы әріптер орналастырылған пернетақта пилоттық жоба ретінде ұсынылып, пернетақтада теруге арналған арнайы компьютерлік бағдарлама жасалды. Жиілік талдау бойынша орналастырылған латын әріптері бірнеше пернетақта батырмасына жапсырылып, бұл пернетақта нұсқасының мәтін теруге ыңғайлы, тиімділігі уақыт сыйымдылығы мен қуат сыйымдылығына қарай сынақтан өткізілуде.

Сонымен, егер жиілік ұстанымын негізге алатын болсақ, ең жиі қолданатын қазақ әріптері пернетақтаның ортаңғы жағында орналасуы қажет. Олар екі топқа бөлініп, бірінші, сол жақ қол саусақтарына және екінші, оң жақ қол саусақтарына деп ажыратылуы қажет. Сонымен бірге, екіәріптік тіркестердің статистикасы бойынша тіркестің екінші әрпі, тіркестің бірінші әрпінің оң жағына жақын орналасуы қажет деп білеміз. Ондай дәрежеге бір емес, бірнеше әріп «үміткер» болуы мүмкін. Осындай жағдайда екіәріптік тіркестің позициялық (сөз басындағы, сөз соңындағы) жағдайына да мән берілуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <http://stud24.ru/information/istoriya-sozdaniya-klaviatury/22660-65009-page1.html>
2. <http://encicl.narod.ru/klav.htm>

МРНТИ 16.21.37

З.М.Базарбаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА ИКЕМДЕП ЖАЗУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Аннотация: Кірме сөздерді қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтарына икемдеп жазу және оның принциптерін жан-жақты қарастыру қазіргі кезде маңызды болып отыр. Кірме әріптермен жазылатын сөздердің фонетика-фонологиялық негіздері талданып беріледі. Қазіргі кезде кейбір кірме сөздерді игеріп, қазақ тіліне икемдеп «сындырып» айту мен жазу оңайға түспейді. Осыған орай соңғы кезде латынға көшумен байланысты кірме сөздерді таңбалауда бірнеше көзқарас бар. Осы орайда кірме сөзді қалай жазу керектігі мақалада мысал арқылы беріледі.

Мақалада кірме сөздердің қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтарына икемдеп жазудың принциптері жан-жақты сипатталып, оны берудің жолдары беріледі.

Тірек сөздер: фонология, фонетика, фонема, орфография.

З.М.Базарбаева

главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова,
доктор филологических наук, профессор,
Алматы, Казахстан

СПОСОБЫ ПЕРЕДАЧИ ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В настоящее время важно всестороннее рассмотрение заимствованных слов на фонологические закономерности казахского языка и его принципы. Анализируются фонетико-фонологические основы слов, которые пишутся заимствованными буквами. В настоящее время не сложно говорить и писать «сломанные», которые владеют некоторыми заимствованными словами, склонны к казахскому языку. В связи с этим в последнее время существует несколько подходов к маркировке вводных слов, связанных с переходом на латиницу. В этой связи, в статье дается пример, как написать вводное слово.

В статье рассматриваются способы передачи заимствованных слов в казахском языке. Анализируются слова, в которых присутствуют заимствованные буквы. Определяются фонетико-фонологические основы ранее заимствованных слов и слов, пришедших в казахский язык в последнее время. Дискутируется статус некоторых заимствованных букв.

Ключевые слова: фонология, фонетика, фонема, орфография.

Z.M. Bazarbaeva

Chief researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Doctor of Philology, Professor,
Almaty, Kazakhstan

METHODS OF TRANSMISSION OF BORROWED WORDS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. Currently, it is important to comprehensively consider the borrowed words for the phonological laws of the Kazakh language and its principles. The phonetic and phonological foundations of words written in borrowed letters are analyzed. Nowadays it is not difficult to speak and write “broken”, who own some borrowed words, are inclined to the Kazakh language. In this regard, recently there have been several approaches to marking introductory words associated with the transition to the Latin alphabet. In this regard, the article gives an example of how to write an introductory word.

The article discusses how to transfer borrowed words in the Kazakh language. The words in which there are borrowed letters are analyzed. The phonetic and phonological foundations of previously borrowed words and words that have recently entered the Kazakh language are determined. Discusses the status of some borrowed letters.

Keywords: phonology, phonetics, phoneme, spelling

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде біраз даулы проблемаларды шешу

керек. Мысалы, интерсөздерді төл дыбыстар арқылы қалай таңбалаймыз? Қазақ тілінің төл дыбыстарына *в, ф, х, и, у* жатпайды. Бірақ қазіргі кезде осы дыбыстарды қазақ тілінде жиі қолданады. Көршілес елдермен рухани, мәдени, тарихи байланыстар нәтижесінде аталмыш дыбыстар тілімізге кірме сөздер арқылы енді. Қазақ тіліндегі интерсөздердің қолданылуы жаңа затқа, жаңа ұғымға, жаңа құбылысқа байланысты. Қоғам өмірінің түрлі салаларын қамтитын жүздеген атаулар келді. Қазақ тіл білімінде терминдерді қалыптастыру, қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтарына икемдеу, ана тілінің дыбыстық заңдылықтарын сақтау деген ұстаным бар екені белгілі. Интерсөздерді латын графикасымен таңбалауда осы қағидаларды мейлінше сақтау керек. Мысалы, қазіргі таңда біз *Ресей, Еуропа, тауар, үстел, жәрменке, кәмпит, бәтеңке, резеңке* деп кірме сөздерді қазақ тіліне икемдеп айтамыз да, жазамыз да. Бірақ бұл сөздердің көбісі бұрыннан қалыптасқан. Ал кейбір кірме сөздерді игеріп, қазақ тіліне икемделіп «сындырып» айту мен жазу оңайға түспейді. Осыған орай соңғы кезде латынға көшумен байланысты кірме сөздерді таңбалауда бірнеше көзқарас бар.

Кейбір ғалымдар кірме сөздер арқылы келген кірме дыбыстарды мүлде таңбалағысы келмейді. Олар ана тілімізге бөтен, жат, сондықтан ол сөздерді тек төл дыбыстар арқылы жазамыз дейді. Сонда *филологияны – пійләлөгүйе*, латын графикасымен *piylälögüye*; *биологияны – бийләлөгүйе*, латын графикасымен – *biylälögüye*; *университет – үннйверсіумет – іwnnйversiyet*; *институт – ійнстіитүүт – iynstiytuwt*; *автор – аптор–aptor*; *академик – әкәдемійк – äkädemiük*; *магистратура – магыйстратүүра- magistratuwra* т.б. Мұндай жазу мен айту көпшілікке жабайы, сауатсыз адамның сөзі сияқты көрінеді және сөздер ұзын, ұғуға өте қолайсыз болып тұр. Сондықтан мұндай жазуды жас және орташа ұрпақ, әрине, қолдамайды. Бұл жазу пуристік ағымына сәйкес келеді.

Белгілі бір тілде қандай деңгейде және құрамы жағынан қанша дыбыстар бірлігі қолданылатынын анықтау үшін алдымен екі мәселені шешіп алу керек: 1) сөйлеу сөзін минималды дыбыстық кесіктерге, яғни жеке дыбыстарға бөлу; 2) қандай дыбыстар бірдей, ал қандай дыбыстар бірдей емес, басқаша деп қарастыруды анықтау. Тілдердің мұндай механизмін, яғни бір сызықтағы, бір желідегі сөйлеу сөзінің сегменттерін теңдестіріп бөліп қарауды алғаш рет 1912 жылы Л.В.Щерба ашқан болатын [1].

Қазақ тілінде дауыстылар жуан-жіңішке болып, екі топқа бөлінетіні белгілі [2]. Дауыстылардың осындай бөлінуінің фонологиялық мәні бар. Қазақ тілінде еркін сөйлей алатын қазақтар, үндестік заңы бойынша, дауыстылардың қай сөзде жуан, ал қай сөзде жіңішке екендігін бірден ажыратады. Дауыстылардың жуан-жіңішке оппозициясының дауыссыз дыбыстардың комбинаторлық варианттарында болуы қоршап тұрған дауыстыларға байланысты. Айталық, дауыссыз фонемалар жіңішке дауыстылардың қасында палатализацияланады, мысалы: *жон-жөн* [žon – ž'ön'], *сыз-сіз* [syz – s'iz'], *тан-тән* [tan – t'än']. Орыс тілін жетік білмейтін қазақтар жуан және жіңішке дыбыстар бар сөздерді айтқанда олардың акценті (интерференциялық қателер) білініп тұрады. Мысалы: *слушать, дышать, падать, ходить* деген сөздерде соңындағы жіңішке дауыссыздар жуан болып естіледі, себебі қазақ тілінде үндестік заңы бойынша, барлық сөздер я жуан, я жіңішке болып айтылатыны белгілі.

Морфологиялық, яғни лингвистикалық мазмұн сипаттамасы, біріншіден, ең маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді. Ол сөйлеудегі сөздердің толассыз

тасқынының жалаң (жалғыз) сөздерін де, оның тізбек кескіндерін (отрезки) де, әртүрлі байланыста тұрған құрылымдарын да ажыратып бөліп алуға мүмкіндік береді. Ал сол бөлініп алынған сөздердің өзара айырмашылығын білу үшін оларды салыстырып қарастыру керек. Мысалы *an, än, un, ün* деген сөздердің соңындағы дауыссыз фонема <n> сөйлемдерде әртүрлі дыбысталатынын, яғни әртүрлі естілетінін анықтау қиын емес: бұл дауыссыз дауыстылардың ықпалымен жуан-езулік, жіңішке-езулік, жуан-еріндік, жіңішке-еріндік болып тұрады. Әдетте мұндай айырмашылықтар «байқалмайды». Себебі ол айырмашылықтар <n>-ның қасында тұрған түрлі дауыстылардың ерекшеліктерінің әсерінен болғандықтан. Көрші дыбыстар өзара бір-біріне әсер етеді десек, дауыссыздардың ықпалымен дауыстылардың да өздерінің сапасы мен бейнесі өзгереді: *bal - šaj*. Дыбыстың сапасы оның фонетикалық жағдайына ғана байланысты емес, ол бір морфемада тұрып, фонетикалық жағдайы өзгергенімен, автоматты түрде (автоматически) бірінің орнына бірі жүре береді, мысалы, *kel, ket, keldim* деген сөздердің бәрінде фонема <e> түбірге қатысты (бір түбірлі, туысты сөздер), немесе *Ermek, kutkenše, qajtkende* деген сөздерде фонема <e> сөздің басында, ортасында, соңында орналасып тұр. Сондықтан сөйлеушілер келтірілген сөздерге қарап, оларды абстрактыландырып, <e> дауысты дыбысты бірлік, бір фонема деп қарайды.

Дыбыстардың фонема деңгейінде жұмсалуды, яғни фонологизациялануы тілдің даму барысында конвергентті-дивергентті құбылыстар арқылы жүзеге асып, оның жалғамалық (агглютинативтік) құрылысымен, үндестік заңымен тығыз байланысты. Қазақ тілінің фонемалары ұзақ жылдар бойы қалыптасып, айырым белгілері сұрыпталып, әртүрлі аллофондарда іске асырылатын функционалдық ең шағын лингвистикалық бірлікке айналған. Тілдегі жаңа фонемалардың пайда болуы адамның ойлау процесінің дамуы мен тілдің жаңа ұғымдарымен және кірме лексикасының баюымен байланысты.

Қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне кірмейтін орыс тілі арқылы грек, латын тілдерінен келген халықаралық сөздерде кездесетін <ф> фонемасы сол орыс тілінің өзінде де көпке дейін қабылданбай, бөтен, жат дыбыс болып келген. Сондықтан <ф> фонемасынан басталатын сөздер орыс тілінде мүлде аз, бірнеше сөздер *фабрика, фирма, фильм* дегендер еуропа тілдерінен келген. Орыстың кейбір деревнялық говорларында [ц, ч] аффрикаттарының орнына [с, ш] дауыссыздары айтылады: *птица, курица, конец* деудің орнына *птиса, куриса, конес* десе, *чай, чисто, ночь* дегенді *шай, шисто, ношь* дейді, себебі аффрикаттар төл славян тілінде қолданылмаған және <в> ~ <ф>; <с> ~ <ц>; <ч> ~ <ш> деген фонологиялық оппозициялар болмаған, олар фонологизация құбылысының нәтижесінде орыс тілінің фонетикалық жүйесіне кейінірек енген.

Қазіргі кезде дамыған еуропа тілдерінде фонемалардың саны аз емес, мысалы, латын алфавитінде 26 әріп бар, ал фонемалардың саны оған қарағанда әлде қайда көп: ағылшын тілінде 44, француз тілінде 35, неміс тілінде 42, итальян тілінде 32. Себебі латын әліпбиі көне замандардан келе жатыр, содан бері фонологизациялану процесіне байланысты барлық тілдердегі фонемалар саны өскен.

Батыс Римдік империясы ыдырағаннан кейін 476 ж. жаңа «жабайы» мемлекеттер пайда болды және жаңа феодалдық мәдениет қалыптасты. Бұл мәдениет Батыс Еуропаның көне христиандық-феодалды элементтерімен қатар халық мәдениеттің де элементтерін қамтиды. Сондықтан жазудың дамуында да жалпы

тенденциялармен сол аумақтың ерекшеліктері байқалады.

Ерте феодализмнің кезеңіндегі мәдениеттің ең басты ерекшелігі – өмірдің барлық салаларында латын тілі жазуының басымдылығы. Кейбір герман және ирлан халықтарында руникалық жазудың сақталғанның ескерсек, және аз мерзімінде өмір сүрген гот және грек жазулармен Батыс Европада латын тілі және латын жазудың жүйесі қалыптапқан.

Бұл процесс Римдік империя кезінде басталып, ерте феодализмнің уақытында, Европа халықтарының христиан дінін қабылдағанда жалғасқан. Сол уақытта латын тілі батыс еуропа шіркеуінің ресми тіліне айналып, ортағасыр ғылым мен мектеп білімі де латын жазуына негізделіп дамиды. Сонымен Батыс Европа халықтарының латын жазуына негізделген әліпби жүйелері ерте феодализм кезеңінде дамып өркендеген феодализм кезеңінде қалыптасады. Алғашқы жазу мәтіндердің жаңа еуропа тілдерінде пайда болуы көне латын тілін білмейтін қалың оқырманға негізгі мемлекеттік құжаттардан мәліметтер берудің қажеттілігімен байланысты. Бізге белгілі француз тілінде жазылған ескі құжаттардың ішіндегі ант мәтіні 842 жылғы француз әміршілері әскер алдында оқыған.

Батыс еуропа тілдерінің әліпбиіндегі әріптердің саны 26 болса, шығыс еуропа тілдерінің әліпбилері шамамен 30–40 әріпті қамтиды. Тіл мен жазудың арасындағы үлкен алшақтық батыс еуропа халықтарының жазу жүйелерінде көптеген замандар бойы елеулі реформаның жасалмауынан болып отыр. Мысалы, француз, ағылшын жазуында 13 ғасырдан бері ірі өзгеріс болған емес. Ертерек қабылданып, елеулі өзгеріске түспеген жазу жүйелері сөйлеу тілінің ғасырлар бойы дамуын, ондағы өзгерістерді көрсете алмайды. Айтылуына жазылуы жақынырақ келетін тілдердің қатарына неміс, голланд, венгр, швед, норвеж тілдері жатады. Чех тілінде реформа жасаған тілші-реформатор Ян Гус, венгр тілінде Матьяш Деваи, норвеж тілінде Ивар Осен болған.

Латын графикасына негізделген шығыс еуропа тілдерінің жазуы модификацияланып, өздерінің спецификалық дыбыстарына сәйкес жаңа графемалармен толықты. Жаңа графемалар көбінесе диакритикалық таңбалар арқылы жасалды. Сондықтан шығыс еуропа тілдерінің әліпбиінде әріптердің саны көбірек. Демек, батыстан шығысқа қарай әріптердің саны көбейгені байқалады. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі 100 аса жоба қамтиды.

Кейбір ұсынылған жобаларда *в* және *ф* фонемалары қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесінде болмағандықтан латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде жоқ. Бұл фонемалар қосалқы әріптермен таңбаланады. Мысалы, *фар-фор – pharphor*; *вагон – bhagon*, *хабар – khabar*. Дегенмен *в*, *ф*, *х* әріптерінің негізгі латын әліпбиінде баламалары бар: *у*, *ф*, *н*. Және диграфтар жазудың негізгі үнемдеу принципіне қарсы. Сондықтан, біздің ойымызша, аталмыш дыбыстарды өздеріне сәйкес латын әріптерімен таңбалау керек. Кірме сөздерде кездесетін *ц* мен *ч* дауыссыздарын *тс* мен *тш* тіркестерімен таңбалауға болады. Бұл тіркестер латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне кірмейді әрине, олар тек жазуда қолданылады.

И мен *у* әріп-дыбыстарға келетін болсақ, олар *ий*, *йй*, *уу*, *үү* дыбыс тіркестерінен тұрады.

Сөздердің құрамында *и* мен *у* дифтонгоид дыбыстар болғанда біз ойланбай-ақ *институт*, *университет*, *кино*, *магистратура*, *аспирантура*, *факултет* деп жазамыз, транскрипцияда олар былай жазылады: *ййнстййтуут*, *уунййверсййтет*, *кййно*, *магййстратұура*, *факуултет*.

Орфографияның негізгі заңдылығы үнемдеу принципі: аз әріппен көп дыбыстарды қамту. Жастар мен орта буын осы принципті ұстанады, ал сексеннен асқан ақсақалдар бұрынғы латын әліпбиін пайдаланғандар транскрипциялық жазуды, яғни дыбыстардың бәрін белгілеуді алға тартады. Бұл әлеуметтік лингвистиканың факторы дау тудырып, сауатты жазуға әсер етеді. Бірнеше ұрпақ тұратын бір отбасының өзінде де кейде бірізділік болмайды. Сондықтан орфографияның концепциясын дайындағанда, ғылыми-лингвистикалық негіздемелермен қатар экстралингвистикалық, әлеуметтік факторларды да ескеру керек. Сонымен, орфографияның ережелерін жасағанда, жазу-оқудың сабақтастылығын, сәйкестілігін, оңайлығын, жеңілдігін, пара-парлығын сақтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Л.В.Щерба Русские гласные в качественном и количественном отношении – СПб, 1912.

[2] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

МРНТИ 16.21.31

Қ.Қ.Рысберген

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
ономастика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы
Алматы қаласы, Қазақстан

ЖАҢА ЕРЕЖЕ ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация: Қазақ жазуының латынграфикалы әліпбиге көшіруге байланысты ономастикалық атаулардың көптеген салаларына қатысты транслитерациялау мәселелері туындайды. Атап айтқанда, ономастикалық атаулар «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінің» басты емлелік қағидаттарына қайшы емес. Алайда ономастикалық атауларды латын графикасында жазудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Мақала латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің ережесінің жаңалықтары мен ономастикалық атауларды жазудағы емлелік қағидаттары сөз болады. Ономастикалық атауларды латын графикасында транслитерациялаудың өзіндік бірқатар ерекшеліктері келтіріледі.

Тірек сөздер: ономастика, латын графикасы, қазақ әліпбиі, антропоним, географиялық атаулар, экзоним.

К.К. Рысберген

Заведующая отделом Ономастики Института языкознания имени
А. Байтұрсынова, доктор филологических наук,
Алматы, Казахстан

НОВЫЕ ОРФОГРАФИЧЕСКИЕ ПРАВИЛА И ПРОБЛЕМА ПЕРЕДАЧИ ОНОМАСТИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ

Аннотация. В связи с переводом казахской письменности на латиницу возникает вопрос транслитерации в отношении многих сфер ономастических названий. В частности, ономастические названия не противоречат главным орфографическим принципам «правил орфографии казахского языка на основе нового алфавита». Однако написание ономастических названий в латинской графике имеет свои особенности.

В статье рассматриваются новшества, связанные с переходом казахского языка на латинскую графику и правила, разработанные на его основе. Указываются особенности транслитерации на основе латинской графики иноязычных заимствований и ономастических названий.

Ключевые слова: ономастика, латинская графика, казахский алфавит, антропонимы, географические названия.

K.K. Rysbergen

Head of the Department of Onomastics,
Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Doctor of Philology, Almaty, Kazakhstan

NEW SPELLING RULES AND THE PROBLEM OF THE TRANSFER OF ONOMASTIC NAMES BASED ON THE LATIN SCRIPT

Annotation. In connection with the translation of the Kazakh script into the Latin alphabet, the question of transliteration arises in relation to many areas of onomastic names. In particular, onomastic names do not contradict the main orthographic principles of “the spelling rules of the Kazakh language based on the new alphabet.” However, the spelling of onomastic names in the Latin script has its own peculiarities.

The article discusses the innovations associated with the transition of the Kazakh language to the Latin script and the rules developed on its basis. The peculiarities of transliteration on the basis of Latin graphics of foreign language borrowings and onomastic names are indicated.

Keywords: onomastics, Latin graphics, the Kazakh alphabet, anthroponyms, place names.

1. Жаңа ереже жөнінде. Жаңа орфографиялық ереже жобасына қатысты қоғамда екі қарама-қарсы полярлық көзқарас қалыптасып отыр. Әр заманда қай елді алсаңыз да 100 пайыз мінсіз әліпби, орфографиялық ережесі бола бермейді. Олай болу шарт емес те. 80 жылдық тарихы бар түріктердің әліпбиіне өзгеріс енгізу туралы айтылып жүр. Кезінде жоғалып кеткен кейбір әріптерін қайтарып алсақ дейді екен.

Жаңа ережеде дәстүрлі базалық қағидағтар сақталды, олар өзге тілдер орфографиясына тән универсалиялар, мәселен, түбір сөздердің емлесі, қосымшалардың жалғануы, бас әріппен жазу, бірге, бөлек, дефис арқылы жазу, жалқы есімдердің емлесі т.б.

Ал жазуымыздың латын графикасына көшуіне байланысты жаңалықтар көп. Олар, ең алдымен, кирил графикасындағы дыбыстық жүйемізге жат Ё, Ц, Ю, Я, Ъ, Ы сынды әріптерден бас тарту. Талқылау кезінде қиындық тудырған кірме атаулардың жазылуы болды. Тартыс әлі күнге жалғасып келеді. Кәсіби лингвист мамандардың арасындағы пікірталас осы кірме атауларға қатысты екіге жарылып отыр. Лингвист мамандардың бір тобы ереже орыс орфографиясына негізделген, қазақша жазу, айтылу табиғаты сақталмаған десе, екінші топ мамандар аралас – фонематикалық принципті ұстанады, яғни «тіл тазалығы» үшін күресетін пуристер мен әліпбиді жаңғыртушы «модернистер» деп шартты бөліну бар.

Жаңа әліпби ережесіндегі жаңалықтарға тоқталар болсақ, негізінен олар төмендегідей.

Бұрыннан тілімізде игеріліп, қалыптасқан шеттілдік сөздер айтылуы бойынша жазылады *taʻar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poʻyz, siez*.

Ереженің 1-7 тараулары түгелімен қазақ орфографиясына арналған, 8-ші тарауы «Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесіне» арналған. Ереженің көптеген жаңалықтары осы тараумен байланысты. Пікірталас тудыратын тұсы да осы тарау. Мысалдар:

Ё әрпі ó әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: *manóvr (-diń, -i, -ge, -ler), brýselóz (-diń, -i, -ge, -der), aktór (-diń, -i, -ge, -ler), amóba (-nyń, -ny, -ǵa, -lar), dirjór (-diń, -i, -ge, -ler), rejisór (-diń, -i, -ge, -ler)*.

Ц әрпі және ts әрпі тіркесі s әрпі арқылы жазылады: *sirk, sement; desimetr; proportional, kvars, korporasia; senari, abses, plebisit*.

ТЧ дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: *skoch, skech, mach*.

Щ әрпі sh әрпімен таңбаланады: *ýchilishе, praporshik*.

Э әрпі e әрпімен жазылады: *element, elevator, poetika, koefisent*.

Ю әрпі ú әрпімен таңбаланады: *parashút, absalút, glúkoza, debút, prodúser, líks, valúta, búdjет, búro, sújet, búleten; fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivit*. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Я әрпі á арқылы таңбаланады: *zarád, knáz, narád, razrád, snarád*.

Е с к е р т у и (i) әрпінен кейін тұрған я-ның орнына а жазылады: *aksia, alergia, hutia, gimnazia*.

Жіңішкелік белгісі (Ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: *ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), dúbl (-diń, -i, -ge, -der), rúbl (-diń, -i, -ge, -der), paról (-diń, -i, -ge, -der), álpinus (-tiń, -i, -ke, -ter), álternativ (-tiń, -i, -ke, -ter), kobált (-tiń, -i, -qa, -tar), festival*

Ь белгісі ескерілмейді: *sýbekt, obekt, ineksia, feldeger, adektiv*

Сс, мм, лл, гг т.б қайталама дыбыстардың бірі түсіріліп жазылады: *komisar; resor; profesor; proesor; asonans, disonans, disident; gramatika, komýna, umýnogen, imigrant, programus, tamologia, simetria, amiak, anagram*

Ст, сть, здәріп тіркестерінің соңғылары түсіріліп жазылады: *jýrnalis komýnus povес*

Нг әрпі тіркесі Ң әрпімен жазылады: *parkıń, boýlıń, brıfıń*. Яғни өз тіліміздің айтылу, жазу табиғатына жақын келеді және түпнұсқа ағылшын тілінде де осылай айтылады екен.

Ереженің VI тарауының Жалқы есімдердің емлесі, Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі, Күрделі атаулардың емлесі деген бөлімдеріндегі 21 параграфы

ономастикалық атауларға арналған екен. Алайда жалпы ережеде ономастикалық атаулардың жазылу, транслитерациялау мәселелері түгел қамтылмаған және оның өзіндік кейбір ерекшеліктері де бар. Сондықтан жеке ономастика салаларына арналған жеке ережелер қажет.

2. Ономастикалық іс-шаралар

Жазуымызды латын графикасына көшірудің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі екі бағытта іске асырылады, олар – академиялық мазмұндағы ғылыми-теориялық ізденістер мен ғылыми-практикалық іс-шаралар. 2018 ж. 3 наурызында бекітілген «Қазақ жазуын латын әліпбиіне кезең кезеңмен көшірудің 2025 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасында» ономастикаға қатысты бірнеше шаралар аталған.

Бағдарламаның 24-тармағы: Оқу, физикалық географиялық карталар, атластар әзірлеу. Орындау мерзімі 2020 ж.

26-тармағы. Салалық топонимиялық және антропонимиялық сөздіктердің қолжазбасын әзірлеу. Мерзімі 2019 ж.

27-тармағы. Латын графикасы негізінде Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірліктері атауларының және физика-географиялық атауларының анықтамалығын әзірлеу. 2019 ж.

33-тармағы. Латын графикасы негізінде салалық топонимиялық, антропонимиялық сөздіктерді, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің және физикалық географиялық объектілерінің анықтамалықтарын шығару және тарату. Бұл жұмыс Тіл білімі институтының нысаналы қаржыландыру бағдарламасы бойынша әзірленеді және республикалық бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалады. 2021 жыл.

34-тармағы. Латын графикасы негізінде қазақ тілінде шеттілдік атауларды (экзонимдерді), сондай-ақ, шет мемлекеттерінің, әлем елдері астаналарының, мұхиттардың, теңіздердің және «Дүниежүзінің саяси картасының» басқа да объектілерінің атауларын транслитерациялау ережелерін әзірлеу. Бұл тапсырыстың нәтижесі ретінде нақты ұсынымдар, яғни ережелер жасалады. 2021 ж.

Өкімет жоспарының 30-тармағында «Қазақстан Республикасы азаматының паспорттары мен жеке куәліктерін және басқа да құжаттарды латын графикасы негізіндегі мемлекеттік тілде беруді қамтамасыз ету» шарасы 2021 жылдан бастап белгіленген.

Антропонимдер (кісі аттары). Осыған орай 2018 жылы орындалатын «Латын графикасы негізінде қазақ антропонимдерінің транслитерациялау ережесінің» мен «Кирилл және латын графикаларында қазақ есімдері мен фамилияларының параллель анықтамалығының» жобалары әзірленді.

Бұл нормативтік сипаттағы практикалық нұсқаулық негізінен кісі есімдерінің ережесіне аса мұқтаж республиканың барлық құжаттаушы мекемелер мен мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен пошта, тасымал қызметтері және көптеген мекемелерге, түрлі ведомство, банк ісі, нотариус, білім беру және т.б. көптеген сала мамандарының жоғары сұранысына ие, күнделікті қызметінде басшылыққа алынатын аса қажет еңбек болмақ.

«Латын графикасы негізінде қазақ антропонимдерінің транслитерациялау ережесінде» қазақ есімі, фамилияларынан өзге әлемдік танымал прецедент тұлғалардың есімдері мен мәдениет өкілдері, қоғам, өнер, саясат қайраткерлерінің есім-

фамилиялары және Қазақстанда тұратын славян, түркітілдес халықтардың, кәріс, неміс т.б. есім-фамилияларының латын графикасы негізінде транслитерациялау үлгісі мен қазақ тіліндегі қосымшалардың жалғануының қысқаша үлгісі беріледі.

Ұлтты қазақ емес азаматтардың есім моделдерін латын графикасында транслитерациялаудың Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігінің қатысуымен ведомствоаралық (ресми) деңгейде әлі шешімін тапқан жоқ. Себебі, орыс есімдерінен бөлек өзге ұлт өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты іс жүргізуде, ресми құжаттарда екі тілде, оның ішінде латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде жүргізілетін болады.

Төл жазуымыздың латын әліпбиіне көшірілуі тек әліпби ауыстыруында емес, тіліміздің төл табиғатын сақтап жазылуында, ұлттық болмысқа сай жазылып, айтылатын болады.

Географиялық атаулар. Қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуіне қатысты географиялық атауларды жазу шаралары негізгі екі бағытта қарастырылады: 1.Қазақстан Республикасындағы жер-су, елді мекен атаулары (эндонимдер деп те аталады); 2. Шет мемлекет атаулары, жер-су, елді мекен атаулары, яғни экзонимдер.

2019 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты өзінің мақсатты бағдарлама аясында Қазақстанның елді мекен, физика-географиялық атаулардың кирилл-латын графикасындағы параллель сөздігін әзірлеуді жоспарлап отыр. Ал 2020 жылы шеттілдік топонимдік атаулардың сөздігін әзірлеу көзделген.

Қазақстан Республикасындағы және шеттілдік топонимдерді қазақ латын әліпбиінде таңбалаудың маңыздылығы, ең алдымен, олар орта, жоғары оқу орындары оқулықтарына, әр алуан ресми, бейресми өз еліміздегі, халықаралық айналымдағы түрлі көздерге, әлемдік ақпараттық-коммуникативтік кеңістікке, БАҚ т.б кеңістігіне енетіндігімен байланысты. Сондықтан халықаралық ақпараттық жүйелерге тіркеу үшін ұлттық тілде дұрыс, адекватты түрде жазылуы тиіс.

1. Қазақстандағы қазақ тіліндегі елді мекен, жер-су атаулары «Жаңа орфографиялық емле ережелерінің» жеке әріптердің жазылу қағидатына сүйенеді. Мұнда қиындық жоқ.

Біріншіден, еліміздегі орыс тіліндегі аудан, ауылдық, селолық округ атауларын қалай жазамыз дегенде, әсіресе, Батыс және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы өзен, көл атаулары өте көп кездеседі, мындап, жүз мындап деуге болады. Орыстілді атаулардағы Ё, Ц, Ъ, Ы, Щ, Э, Ю, Я әріптерінің латын графикасы негізіндегі жазылу ережесін анықтап алу керек.

Екіншіден, Қазақстандағы мегаполис, облыс орталықтары, қала, елді мекендер ономастикалық кеңістігіндегі урбанонимдер жүйесін (мандайшалар, мекеме, компания, сауда-саттық кешен аттары және т.б. реттестіру қажет.

Үшіншіден, Қазақстандағы елді мекен, жер-су атауларының латынграфикалы әліпбидегі ұлттық стандарты қажет. Сондай ақ, географиялық атауларды халықаралық ресми тіркеу ұйымдарына халықаралық стандарттау үшін өз еліміздің атауларының ұлттық стандартқа сай жазылған тізімін ұсынуымыз керек. Ұлттық стандартты халықаралық айналымға ұсынған кезде, тұтынушы танысып, оқығысы келген жағдайда біздің әліпбидің транслитерациялық «кілті» қоса ұсынылуы тиіс. Яғни халықаралық латын графикасындағы әріптерге қабылдаушы тілдің қазақ әліпбиінің сәйкестендіретін өз «дешифровшигі» болады.

Транслитерацияның басты кемшілігі «барлығына бірдей жақсы болғанымен, ешкімге де жүз пайыз қолайлы емес». Өйткені донор тілдегі диакритика мен төл

дыбыстардың, өзге маркерлердің екінші жергілікті тіл жазуында еш мәні жоқ. Сондықтан романдаудың «транслитерациялық кілті» қажет. Ал романдау кілтін түсіндіру үшін транскрипциялық әдіске жүгінуге тура келеді, өйткені түсінік-теме өзге тіл иелменіне өз тілінде транскрипция арқылы берілуі тиіс. Яғни транслитерация мен транскрипция өзара тығыз байланысты тәсілдер.

Сондықтан ономастикалық атауды романдаудың үш тәсілі: транслитерация, транскрипция және аударма тілші маманнан жан-жақты біліктілікті қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері // Егемен Қазақстан, 18 қаңтар 2019 жыл

МРНТИ 16.31.21

А.Ә.Жаңабекова¹, Қ.Қойбағаров²

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі, филология
ғылымдарының докторы, Алматы қаласы, Қазақстан

²Қолданбалы лингвистика бөлімінің программисі,
Алматы қаласы, Қазақстан

КИРИЛЛ ҚАРПІНДЕГІ МӘТІНДЕРДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШРУДЕГІ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ПРОГРАММАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘЗІРЛЕМЕСІ

Аннотация: Жазу реформасын жүзеге асыруда әртүрлі әлеуметтік көзқарас туғызып жүрген күрделі мәселелердің бірі – кирилл қарпінде жазылған жазба әдебиеттерімізді жоғалтып аламыз ба деген қауіп. Қазіргі компьютерлік техниканың дамыған заманында бұл мәселенің шешімін табу көп қиындыққа түспейтіні белгілі. Электронды нұсқада әдебиеттерді, жазба мұраларымызды сақтап қалуға мүмкіндік әбден бар. Мұны автоматты аударым жасау ісі деп атайды. Мұндай амал-әрекетті жүзеге асырушы бағдарламаны «конвертер» деп атайды. Мәтіндерді автоматты аударма жасау үшін, сөздердің емлесі программа үшін аса қажет. Мақала кирилл қарпінен латын графикасына аударым жасатын компьютерлік бағдарлама жұмысына арналған.

Қолданбалы лингвистика бөлімі әліпби бекіту процесі кезеңінде әр жылдары әліпби нұсқаларына сәйкес конвертерларды жасап отырды. 2017 жылы апострофпен жасалған компьютерлік бағдарламаны, 2018-де соңғы ақутқа негізделген жаңа әліпбимен қайта жасады. Бұл орайда конвертер жасаушы бағдарламашыға тілшілер тарыпынан лингвистикалық нұсқаулық (программаға арналған емле) дайындалады. Мақалада осы лингвистикалық нұсқаулық пен конвертор жұмысына сипаттама беріледі.

Тірек сөздер: қаріп ауыстыру, емле, конвертор, автоматты аударым, программаға арналған нұсқаулық

А.А. Жанабекова¹, К. Койбағаров²

¹главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова,
доктор филологических наук, профессор,
Алматы, Казахстан

²Института языкознания имени А. Байтұрсынова, программист отдела
Прикладная лингвистика, Алматы, Казахстан

ПРАВИЛА ПЕРЕВОДА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ ТЕКСТОВ НА КИРИЛЛИЦЕ И РАЗРАБОТКА ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ

Аннотация. Одна из сложнейших проблем, вызывающих различные социальные взгляды в осуществлении реформы письменности, – угроза того, можем ли мы потерять наши Писания, написанные в черте Кирилла. Как известно, в эпоху развития современной компьютерной техники решение этой проблемы не может быть затруднено. В электронном варианте есть возможность сохранить литературу, записное наследие. Это называется автоматическим переводом. Программа, реализующая такое действие, называется “конвертером”. Для автоматического перевода текстов, написание слов очень важно для программы. Статья посвящена работе с компьютерными программами, переводящими из шрифта Кирилла на латинскую графику.

Отдел прикладной лингвистики в процессе утверждения алфавита разработали нескольких версии компьютерной программы автоматического перевода текстов кириллицы на латинскую графику. В 2017 году разработали программу с апострофами, а в 2018 году с акутами. С целью разработки конвертора лингвисты подготовили инструкцию для программы. В статье описывается структура инструкций и работа конвертора.

Ключевые слова: переход графики, правила, конвертор, автоматический перевод, инструкция для программы

А.А. Zhanabekova¹, K. Koibagarov²

¹Chief Researcher of the A. Baitursynov Institute of Linguistics,
Doctor of Philology, Almaty, Kazakhstan

²A. Baitursynov Institute of Linguistics,
programmer of the department of applied linguistics,
Almaty, Kazakhstan

RULES FOR THE TRANSLATION OF CYRILLIC TEXTS INTO LATIN GRAPHICS AND SOFTWARE DEVELOPMENT

Annotation. One of the most difficult problems causing different social attitudes in

the implementation of the reform of writing is the threat that we could lose our Scriptures, written within the Cyril line. As you know, in the era of development of modern computer technology, solving this problem cannot be difficult. In the electronic version there is an opportunity to preserve literature, written heritage. This is called automatic translation. The program that implements such an action is called a “converter”. For automatic translation of texts, the spelling of words is very important for the program. The article is devoted to working with computer programs that translate from Cyril’s font to Latin graphics.

The department of applied linguistics in the process of approval of the alphabet developed several versions of a computer program for automatically translating Cyrillic texts into Latin graphics. In 2017, we developed a program with apostrophes, and in 2018 with acute. In order to develop a converter, linguists have prepared instructions for the program. The article describes the structure of instructions and the operation of the converter.

Keywords: transition graphics, rules, converter, automatic translation, instructions for the program

Мәтіндерді автоматты аударма жасау үшін, сөздердің емлесі программа үшін аса қажет. Түптеп келгенде, әліпби ауыстыруда ең алдымен, осындай сөздердің емлесін нақтылап алуымыз қажет. Бұл әсіресе, кирил қаріпті көптеген әдебиеттерді (мәтіндерді) автоматты жолмен латынға аудару үшін басты шешіп алатын мәселе. Әрі келешек жазу емлесін ұлттық дыбыстау жүйесіне бейімдеу өзекті мәселе.

Кирилл қарпіндегі мәтіндерді латын қарпіне аудару оп-оңай жүзеге асырылмайды. Өйткені әліпби ауыстыру бір әріптің орнына бір әріпті қоя салу емес, бұл лингвистикалық қана емес, саяси-әлеуметтік те реформа. Әсіресе, әліпби ауыстыру кезінде әр ұлттың бітім-болмысына, табиғатына сәйкес фонды беру қиынның қиыны болып табылады. Қазіргі 70 жылдан астам тарихы бар Қазақстандағы кирилл жазуын өзгерту, қоғамдық санаға сіңген таңбалық стереотиптерді өзгерту оңай емес. Кейбір таңбалар бұрыннан ағылшын пернетақтасында пайдаланып жүрген үйреншікті болып, көзшалымға жатық, қабылдауға жеңіл болса, кейбір таңбалар кездейсоқтық туғызып, қабылдауға, жаттауға қиындық тудырады. Сонымен қатар әліпбидегі қазақ тілінде бұрын-соңды кирилл қарпінде болмаған қос әріппен таңбалау тұстары да жазудың эстетикалық айшығына, орфограммалық тұрпатына, яғни көзшалымға сәтсіздік тудырады. Әліпбиден бөлек, жазуда тағы бір атқарылатын үлкен жұмыс – емле ережелерін жасау. Жаңа емле бұрынғы емлені латын қарпіне ауыстыра салу емес, ол бұрынғы емледегі кейбір кемшіліктер мен олқылықтардың орнын толтыру үшін және де кирилл қарпінің экспансиясы ықпалымен ұлттық кодтан айрылып бара жатқан орфограммаларды қайта қалпына келтіру үшін немесе ұлттық сөйлеу жүйесін нормалау үшін де қайта жаңғыртылып жасалуы қажет.

Жазу реформасын жүзеге асыруда әртүрлі әлеуметтік көзқарас туғызып жүрген күрделі мәселелердің бірі – кирилл қарпінде жазылған жазба әдебиеттерімізді жоғалтып аламыз ба деген қауіп. Қазіргі компьютерлік техниканың дамыған заманында бұл мәселенің шешімін табу көп қиындыққа түспейтіні белгілі. Әрине, кітап түрінде қайта шығару сияқты шығындары болуы мүмкін, ал электронды нұсқада әдебиеттерді, жазба мұраларымызды сақтап қалуға мүмкіндік әбден бар. Мұны

автоматты аударым жасау ісі деп атайды. Мұндай амал-әрекетті жүзеге асырушы бағдарламаны «конвертер» деп атайды. Кейде орысша «перекодировчик» те қолданады.

Кирилл қарпіндегі мәтіндерді латын қарпіне автоматты аударым жасайтын конвертерлер әріптің орнына әріпті ауыстыра салмайды. Егер олай етсек, қаншама көлемді әдебиеттеріміз емле ережелері ескерілмеген қате орфограммаланады. Қазіргі интернет сайттарында жүрген конвертер бағдарламаларының көпшілігі осылай емле ережелері ескерілмей жасалған деуге болады. Автоматты аударым жасауға арналған бағдарлама жасау ол тек программистің жұмысы емес, ол емле ережелерін жіті қадағалап отырған лингвистердің де жұмысы екендігін айту қажет. Лингвистердің қадағалуынсыз автоматты аударым жасайтын компьютерлік бағдарлама мәтіндерді дұрыс көшірім жасай алмайды. Осы мәселені сәтті шешу үшін Қолданбалы лингвистика бөлімі әліпби бекіту процесі кезеңінде әр жылдары әліпби нұсқаларына сәйкес конвертерларды жасап отыруды міндет етіп қойып отыр. 2017 жылы апострофпен жасалған компьютерлік бағдарламаны жасаған болатын. 2018-де соңғы ақутқа негізделген жаңа әліпбимен қайта жасады. Бұл орайда конвертер жасаушы бағдарламашыға тілшілер тарыпынан мынадай лингвистикалық нұсқаулық (программаға арналған емле) дайындалады.

Бірінші қадам. Компьютерлік бағдарлама үшін ең алдымен кирилл және соған сәйкес латынша таңбалары көрсетілген *кесте 1* беріледі.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ń ń	[ɲ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	Ĝ ĝ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ʏ]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	Ĭ ĭ	[ɨ], [ï]	27	V v	[v]
12	J j	[ʒ]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Жоғарыдағы суретте қазақ тіліндегі 32 әріп берілген, *h* және *x* әріптері бір таңбамен таңбаланады – *Hh*. Сол сияқты әліпбидекирилдегі *И* және *Й* әріптері

латында бір ғана *I* әрпімен таңбаланған. Кестеде кирилдегі жалпы саны – 34 әріп түр. Кирилдегі *Ёё, Цц, Щщ, ь, ъ, Ээ, Юю, Яя* әріптері таңбаланбаған. Жоғарыдағы 34 әріпке осы 8 әріпті қоссақ, кирилдегі 42 әріп болады.

Ш және ч әріптері диграфтармен берілген – *Ш- Sh; Ч- Ч*.

Мәтінде автоматты түрде кирилден латынға ауыстыру үшін кирилдегі барлық 42 әріптің қалай таңбаланатыны туралы нұсқаулық (емле) берілу керек. Сол үшін әліпбиде таңбаланбаған әріптерді латында қалай таңбаланатыны туралы да программаға арналған емле жасалады. Программаға арналған емле дайындау орфографиялық емле ережелеріне сүйенеді [1]. Біздің конвертор қазіргі орфографиялық топтың жасаған емле ережелерінің соңғы үлгісін басшылыққа алады.

Екінші қадам. Жоғарыда берілген латынға негізделген ұлттық әліпбиден басқа бұл әліпбиге енбеген 8 әріптің қалай таңбаланаты туралы нұсқаулық *кесте 2* дайындалады.

2-кесте. Ұлттық әліпбиге енбеген 8 әріптің орфограммалануы

1	Ёё		Ee
2	Цц		S
		<i>пицца, ницца</i> деген екі сөзде ғана	ts
3	Щщ	кірме сөздерде	sh
		ал қазақтың байырғы сөздерінде. <i>ащы, тұщы</i>	shsh
4	ь		-
5	ъ		-
6	Ээ		Ee
7	Юю		Iy
8	Яя		Ia

Кестеден көрініп тұрғандай, әліпбиде жоқ *ь, ъ* әріптері латын қаріпті қазақ мәтіндерінде таңбаланбайтын болады. Программа жіңішкелік және айыру (жуан) белгілерін жоғарыдағы нұсқаулық кестеге сәйкес автоматты түрде алып тастап отырады.

Э және *Ё* әрпі бар сөздер түгелімен *E* таңбасына ауыстырылады.

Ю әрпі – *y* болып, сол сияқты *Я* әрпі – *ia* болып екі әріппен таңбаланатындығы орфографиялық емле ережелерінде бекітіліп отыр. Осы ретте программа да осы нұсқаулық кестеге сәйкес мәтінде кездескен *Я, Ю* әріптерін екі таңбамен аударым жасайтын болады.

Қазақ тілінде *Ц* әрпі тек қана кірме сөздерде, терминдерде ғана кездеседі. Бұл әріп ұлттық әліпбиге енгізілмеген. Алайда бұл әріп терминдерде кездесетіндіктен, орфографиялық емле жасаушылар оны қалайда таңбалау мақсатында ұлттық әліпбидегі *S* әрпімен беруді жөн санап отыр. Қазақ тілінде термин ретінде қолданысқа еніп кеткен *пицца, ницца* сөздерінде *Ц* әрпі екі рет кездесетіндіктен, мұндай жағдайда *ts* диграфымен беру көрсетіледі. Ал қалған жағдайлардың барлығында *Ц* әрпі бір ғана *S*-мен таңбаланады. Осы орфографиялық емлеген сәйкес, жоғарыдағы кестедегі нұсқаулықта көрсетілгенде, конвертер бағдарламасы *пицца* және *ницца* сөздерінен басқа мәтінде кездесетін *Ц* әрпі бар сөздерде оны *S*-ға көшіреді. Программаға *пицца* және *ницца* сөздері қалыс жағдай (исключение) ретінде көрсетіледі.

Емле ережелерін жасау кезеңінде мамандар *Ц* әрпін сөз басында бір *S*-мен, сөз ортасында диграф (*ts*) етіп (қос әріппен) таңбалауды да жоспарлаған болатын. Бірақ бұл кейін өзгертілгендіктен, біздің программаға да соған сәйкес өзгеріс енгізілді.

Щ әрпі қазақ тілінің байырғы сөздерінде тек *ащы*, *тұщы* сөздерінде ғана қолданылады. Ал негізінен орыс тілінен енген кірме сөздерде кездеседі. Емле жасаушы тілші-мамандар *ашы*, *тұшы* сөздерінде *Щ*-ны екі қосарлама диграфпен (*shsh*) беруді, ал кірме сөздерде бір ғана диграфпен (*sh*) беруді шешіп отыр.

Бұл жоғарыда айтылғандардың барлығы негізінен әліпбидегі әріптерді таңбалауға қажетті нұсқаулықтар болып табылады. Яғни кестеге салынған таңбалар арқылы программа кирилл қаріптерін латын графикасына ауыстырып шығады.

Үшінші қадам. Мәтінде автоматты аударым жасауда жоғарыда айтылғандан басқа да программаға арналған емле ережелерін жасау қажет. Солардың бірі – таратып жазу шешіліп отырған *Я* және *Ю* әріптеріне қатысты.

Қазақ тілінде *я*, *ю* (*йа*, *йу* (*йұ*)) төл әріптері болмаса да, кезінде кирилл қарпінің енуімен бірге, бір әріппен таңбаланған болатын. Қазір латын графикасына көшіруде бұл әріптер екіге ажыратылып таңбаланатын болғандықтан, осы екі әріп кездесетін кейбір сөздерді автоматты түрде латынға ауыстыруда мынадай жағдайларды ескеру керек болады. Мәселен, бұл екі әріптің құрамында да *и* әрпі бар және қазақ тілінде осы *я*, *ю* әріптерінің алдынан *и* әрпі жазылатын сөздер бар. Егер *я*, *ю* әріптерін *иа* – *иа*, *иу* – *иұ* деп таратып жазатын болса, мұндай сөздерде екі *и* (*i*) әрпі қатар келіп қалады. Мұндай жағдайда орфографист-мамандар емледе бір *и*-ді ғана қалдыруды ұсынып отыр. Осыған сәйкес программаға мынадай ереже беріледі:

«Егер кирилл қарпіндегі мәтіндерде я әрпі бар сөздердің алдында и әрпі кездесе, латын қарпіне ауыстырғанда бір ғана и (i) таңбаланады».

Мысалы: *қиял*. Егер біз осы сөзді автоматты түрде латынға аударым жасайтын болсақ, *qial* болып орфограммаланған болар еді. Мұндай сөздерде *и* (*i*) әрпін екі рет жазудың қажеті болмайды. Бұл сөздің дұрыс латынша таңбалану нұсқасы *qial* болады. Осы сияқты *ия* әріптерімен келген сөздердің барлығын конвертор *ia* етіп таңбалайтын болады.

Осы сияқты *ю* әрпіне қатысты мынадай ереже-нұсқаулық беріледі:

«Егер кирилл қарпіндегі мәтіндерде ю әрпі бар сөздердің алдында и әрпі кездесе, латын қарпіне ауыстырғанда бір ғана и (i) таңбаланады».

Мысалы: *қию*. Егер біз осы сөзді автоматты түрде латынға аударым жасайтын болсақ, *qiu* болып орфограммаланған болар еді. Мұндай сөздерде *и* (*i*) әрпін екі рет жазудың қажеті болмайды. Бұл сөздің дұрыс латынша таңбалану нұсқасы *qiu* болады. Осы сияқты *ию* әріптерімен келген сөздердің барлығын конвертор *iū* етіп таңбалайтын болады.

Программа әзірлемесі Visual Studio 2017 ортасында, программалаудың C# тілінде жасалды. Бұл программа латынға көшірудің 2-ші мәрте жасалған нұсқасы болып табылады. Кирилл қаріптерінен латын қарпіне автоматты аударым жасауда DIC сөздігі жасалды. Мұнда кирилл қарпіндегі әрбір әріптің латын баламасы екінші кестеде сәйкестендіріліп беріледі. *Кесте 3.*


3-кесте. Қазақ және латын қаріптерінің сәйкестендірілген сөздігі

dic.Add("а", "a");	
dic.Add("б", "b");	dic.Add("э", "e");
dic.Add("в", "v");	dic.Add("ю", "iy");
dic.Add("г", "g");	dic.Add("я", "ia");
dic.Add("д", "d");	dic.Add("ы", "y");
dic.Add("е", "e");	dic.Add("й", "i");
dic.Add("ё", "e");	dic.Add("ү", "y");

dic.Add("ж", "zh");	dic.Add("ь", "y");
dic.Add("з", "z");	dic.Add("ъ", "y");
dic.Add("и", "i");	dic.Add("«ә», «ä»);
dic.Add("к", "k");	dic.Add("і", "i");
dic.Add("л", "l");	dic.Add("«ң», «ñ»);
dic.Add("н", "n");	dic.Add("«ғ», «ğ»);
dic.Add("м", "m");	dic.Add("«ү», «ü»);
dic.Add("о", "o");	dic.Add("ұ", "u");
dic.Add("п", "p");	dic.Add("к", "q");
dic.Add("р", "r");	dic.Add("ө", "ö");
dic.Add("с", "s");	dic.Add("«һ», «h»);
dic.Add("т", "t");	dic.Add("«х», «h»);
dic.Add("ф", "f");	dic.Add("ц", "c");
dic.Add("ч", "ch");	dic.Add("ш", "sh");

Программа алгоритмі төмендегіше жұмыс жасайды. Енгізілген мәтін алдымен сөйлемдерге бөлінеді, содан кейін сөйлемдер сөздерге, ең соңынан сөздер әріптерге бөлінеді. Осыдан кейін әрбір әріп латындағы сәйкес қаріппен ауыстырылады. Программа алгоритмі келешекте ауыстыру ережелері бойынша жетілдіріледі.


Программаны енгізер кезде екі терезесі бар мәтін енгізу экраны ашылады. Сурет-1.



Сурет 1 – Кирилл қаріпінен автоматты аударым жасайтын компьютерлік бағдарлама терезесі

Жоғарғы терезеге латынға көшірілуге тиісті кирилл қаріпті қазақ мәтіні енгізіледі. Содан соң «СТАРТ» түймешесі басылады. Осы кезде астыңғы терезеден латын қаріпті қазақ мәтіні шығады. 2-сурет.

Бұл бағдарлама v1.0 программасының бірінші нұсқасы болып табылады. Келешекте қазақ тіліндегі емле ережелеріне сәйкес жетілдіріледі, сонымен қатар осы бағдарлама бойынша көлемді файлдарды салу мен көшірудің бағдарламалары жасалады.



Сурет 2 – Латынға көшіру программасы

Сонымен тілтанушы мен бағдарламашының бірлескен жұмысының нәтижесінде соңғы ақут әліпбиімен соңғы (қазіргі) жасалып жатқан емле-ережелері негізге алынған кирилл қарпіндегі қазақ мәтіндерді автоматты түрде латын графикасына ауыстыратын ІТ-қосымша жасалды. Бағдарлама институттың латын бойынша жоспарларын жүзеге асыруға өз септігін тигізуде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1]. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. – Астана, 2018.

МРНТИ 16.21.27

Ә.Қоспағарова¹, Л.Аманқұлова²

^{1,2}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистрі, аға оқытушылары, Алматы, Қазақстан

БҰҚАРАЛЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ТОЙЛАНУЫ МЕН САХНАЛАНУЫ

Аннотация: Бұл мақалада бұқаралық мерекелердің сахналау түрлері мен ұйымдастыру бағыттары қарастырылып, болашақ ұйымдастырушы педагогтың

көпшілікпен жұмыс істеуі, мерекелерді сахнаға бейімдеу жолдарын қарастарады. Сондай-ақ мерекенің әр халықтардағы тойлану үлгілерін саралап, эмоционалды әсер ету түрлерін анықтайды. Бұқаралық мереке ерекшелігі мен тойлану сипаты қарастырылып, халықтық мерекелердің мәні мен мағынасы сараланады.

Бүгінгі таңда бұқара халықтың көңілін тауып, жарқын әсер сыйлауда ұйымдастырушылардың сценарий жаза алуы мен оны халыққа жеткізу, сахналау заңдылықтары жаңаша түрленуде. Болашақ ұйымдастырушы маман замана талабын ескере отырып, өз ісінің кәсіби шебері болуда қарапайым сценарий жазу кезеңдері мен режиссура элементтерін, бұқара халықтың тілек, қалауын ұғына отырып білуі тиіс.

Үлкен драматургиялық шығармаға қалам сілтемес бұрын ұйымдастырушы-сценарист шағын драматургия жанрларына атап айтсақ, мысал, аңыз, ертегілердің, сахнаға ықшамдалып жазылатын көрініс құрылымын білуі шарт екенін де мақала барысында айта өтеміз.

Қазіргі таңда мерекелердің тойлану сипаты, көпшілік халықтың ойы мен қызығушылығынан шығу мақаланың басты мақсаты. Бұқаралық мереке-лердің тойлануы мен жүзеге асуы талданып қарастырылады.

Тірек сөздер: режиссура, мереке, театр, драматургия, драма, жанр

А. Коспагарова¹, Л. Аманкулова²

^{1,2}Магистры Казахского государственного женского педагогического университета, старшие преподаватели, Алматы, Казахстан

ПРАЗДНОВАНИЕ И ИНСЦЕНИРОВКА МАССОВЫХ ПРАЗДНИКОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются формы и направления организации массовых праздников, рассматриваются пути работы будущего педагога-организатора с общественностью, адаптации праздников на сцену. А также анализирует образцы празднования праздника у разных народов, определяет формы эмоционального воздействия. В ходе мероприятия были рассмотрены особенности массового праздника и характер его празднования, проанализированы значение и значение народных праздников.

На сегодняшний день по-новому преобразуется законность инсценирования, доведения сценариев до населения, создания сценариев, создания позитивных впечатлений для широкой публики. Будущий организатор должен знать этапы написания простого сценария и элементы режиссуры, с учетом современных требований и желаний широких слоев населения.

До ссылки на произведение большого драматургического произведения мы можем сказать, что организатор - сценарист должен знать жанры малой драматургии; пример, легенда должен знать структуру сказок, декламируемого на сцену.

В этой статье рассматривается уровень эмоционального влияния на публику праздничных, массовых мероприятий. Так же, показаны пути подготовки режиссеров народных праздников.

Ключевые слова: режиссура, праздник, театр, драматургия, драма, жанр

A. Kospagarova¹, L. Amankulova²

^{1,2}Masters of the Kazakh State Women's Pedagogical University,
senior teachers, Almaty, Kazakhstan

CELEBRATION AND INCLUDING MASS HOLIDAYS

Annotation. This article examines the forms and directions of organizing mass holidays, examines the ways of the future teacher-organizer work with the public, adapting holidays to the stage. It also analyzes samples of the celebration of the holiday among different nations, determines the forms of emotional impact. During the event, the features of a mass holiday and the nature of its celebration were considered, the significance and significance of folk holidays were analyzed.

Today, the legality of staging, bringing scenarios to the public, creating scenarios, creating positive impressions for the general public is being transformed in a new way. The future organizer must know the stages of writing a simple script and the elements of directing, taking into account the modern requirements and desires of the general population.

Before referring to the work of a large dramatic work, we can say that the organizer - the screenwriter must know the genres of small drama; For example, the legend must know the structure of the fairy tales recited on the stage.

Input a word in this article, the level of emotional impact on public holidays, events. Also, the ways of preparing the directors of national holidays.

Key words: direction, accommodation, theater, dramaturgy, drama, genre

Бұқаралық мереке сценарий жазуда мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастырушылар мен бос уақытты тиімді өткізу іс-шараларын жасаушы мамандардың ең басты мақсаты – қалайда бұқара халық көңілін табу, оларға қызмет істеу. Сондықтан да, бұқаралық мереке сценарийі ауқымды ұғымды қамтиды. Онда драматургтің, режиссердің, суретшінің, сазгердің, ұйымдастырушының жұмыстары бірге қамтылады. Сценарий жазбас бұрын деректі және көркем материал жинаумен қатар оның көрерменге әсері мен берер тағлымының дұрыс болуын көздеген жөн. Бұқаралық мереке сценарийінде театрландырылған көпшілік әрекеттің басты сценарийлік жұмыс түрі тақырып пен идеяны анықтаудан басталады.

Мереке әрқашан кең, белсенді және шығармашыл адамдардың қатысуымен айқындалады. Ол өте кең ауқымда таралып, жергілікті сахналық алаңда ғана өтпейді, оның ауқымы шексіз. Ал қойылым мерекеге қарағанда әрқашан сахналық алаңда орындалып, айқын шекараларға ие, халықтық топтың орындаушылар мен көрермендерге жіктелуін қарастырады.

Бұқаралық мереке дегеніміз – бірден бірнеше көркем әрекеттердің ошағының туындауы, мұндағы әр қатысушы назар аудару нысанын өз бетімен анықтауы қажет, ал қойылымда бұл нысан әлдеқашан анықталған [1, 35] болады.

Бұқаралық қойылым мерекенің театрланған бөлімі болып, оның құрылымындағы маңызды орынға ие болуы мүмкін.

Бұқаралық мерекелердің күрделі сипаты режиссердің жоғары кәсіби дайындығын талап етіп, оған мерекелік драматургияда өз көрінісін табатын көркем-шығармашылық мәселелерді жүктейді.

Мереке драматургиясы... Бұл, ең алдымен, мереке идеясын анық түсіну, бұл мерекенің не туралы болатынын, ол қандай негізгі тақырыпты және не үшін көтеретінін түсіну, оның негізгі міндеті не: халықты жаңа жеңіске шақыру ма, бір не басқа оқиғаның ұлылығын дәріптеу ме, адамдарды маңызды мәселені шешуге жұмылдыру ма осының барлығын түсіну. Әр мерекеде режиссердің өз алдына қоятын «басты міндет» бар. Оның анықтайтыны: мереке не үшін өтеді, не үшін пайда болды, неге ұмтылады.

Бұқаралық мереке драматургиясы біртұтас жағдайлар тізбегіне де тәуелді. Олардың бірі – әрекет орны. Мереке аумағы бойынша қалалық немесе ұлттық болуы мүмкін. Ол қалада, ауылдық жерде, стадионда, клубта, саябақта, алаңда немесе көшеде өтуі мүмкін.

Сіз қолыңызда бар құралдарды білуіңіз шарт, яғни мереке идеясын анықтаушы көркемдік құралдар жайлы мәлім болуыңыз керек.

Сонымен, мереке тақырыбы, оның орны, ауқымы, көркемдік құралдар – барлығы да мереке драматургиясы мен оның режиссерлік орындалуына негіз болып табылады. Мұнда драматургия да, режиссура да орындаушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін, әрекет орнын ескеру керек, бірақ оның барлығын бұрынырақ ойлап табылған режиссерлік жоспарларға тәуелді етпеу керек.

Мереке – біздің өміріміздің маңызды бөлігі, заңдылығы бар әлеуметтік құбылыс. Әлемде тойланатын Жаңа жыл, Жеңіс күні, 8-наурыз Халықаралық Әйелдер күні, Ұлттық Наурыз мерекеміз, Тәуелсіздік күні, т.б. мерекелер қазіргі адамдардың салт-санасынан берік орын тепкен мерекелер. Мерекелік кештерде қалаларымыздың басты көшелері мен алаңдарына мыңдаған адам жиналып, қуаныш толқынына ұласқысы келеді, үлкен әрі ұлы елдің бір бөлшегі екенін әркім сезінгісі келеді.

Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, мерекені тойлау рәсімі біздің елде күннен күнге гүлденіп, дамуда.

Халықтық театр өрісіндегі негізгі міндеттер мәдени-ағарту ошақтарының еншісінде. Олар, сөзсіз, өте қызықты әрі қажет нәрселерді ойлап, ойларын жүзеге асырады. Сол арқылы өмірге жаңа рәсім мен дәстүр түрлерін енгізіп, оларды театрға айналдырып, сахнаға бейімдейді.

Әр елдің, әр халықтың өмірінде толғандыратын, өткенді еске түсіретін, ол ойларды болашақпен байланыстыратын мерзімдер бар. 9-мамыр күні бүкіл ел болып, кезіндегі КСРО халықтары болып өткен соғыс кезеңдерін, құрбан болғандарды, соғыстың тигізген зардабын, жеңіске жету ләззатын, бәрін-бәрін еске алады.

Мұндай оқиғалардың мәні әр адамның осы оқиғаның бір бөлшегі ретінде өзін сезіну, оған деген өз құрметін, өз қатынасын көрсету, баршаға ортақ салтанатта бірігуге шақыра алуында. Адамдар мерекелерге, салтанатты жиындарға өздерінің мерекелік шаттықтарының мәнін ашу үшін келеді. Олар өздерінің сезімдері мен толғаныстарына ұқсас сезімі бар адамдарды кездестіріп, шаттықтарын одан әрі өсіре түседі.

Бірақ тек қана эмоционалдық тебіреністің болуы жеткіліксіз, өте қымбат әрі қуанышты нәрсемен жанасу тілегі де жеткіліксіз; өз сезімін білдіруге болатын өзге жол бар, ол – мерекені көркем рәсімдеу, ұйымдастыру, оның бейнелік әсемдігін ашу. [2, 98]. Мереке күні адамдарды алаңдар мен көшелерге шығаратын көңіл-күй,

сезім осылайша анықтала алады.

Міне, осындайда бүкіл адамдардың әрекетін жұмылдырып, олардың эстетикалық, рухани қажеттіліктерін өтеп, үлкен халықтық мерекелерді өткізіп, оларды кереметтей безендіру әрі рәсімдеу үшін режиссер, суретші мамандар қажет.

Адам әрқашан түрлі өнер, шығармашылық арқылы өз сезімдерін білдіруге, әлемде болып жатқан оқиғаларға жауап қайтаруға ұмтылатын. Асылы, бұл адам санасына түсініксіз табиғат құбылыстарына арналған әнұран күйінде болды. Бізге жеткен тастағы суреттер арқылы, ауыз халық әдебиеті мен аңыздарда отты қоршап билеу, құрбандыққа шалу, т.б. рәсімдер мен дәстүр элементтері сол кездері пайда болған.

Осылайша, өнер тарихынан барлық дәуірде, барлық елде адамдар үшін көпшілік қатысқан көріністер, қойылымдар мен мерекелердің маңызды болғаны мәлім.

Бұқаралық мерекенің эмоционалдық көңіл-күйді халықаралық деңгейде білдіру құралы болып қалыптасқан кезінде халықтық мереке режиссерлерін даярлау туралы мәселе туындады.

Ұлттық сана мен жоғары азаматтық идеалдардың қызметкерлерін тәрбиелеуде халықтық өнер түрлерінің маңызы өте зор. Міне, сондықтан да халықтық мереке режиссерінің қоғам алдындағы жауапкершілігі мол. Режиссура – белгілі бір көркем идеялық ойға құрылған біртұтас ойын-сауық туындысын жасау өнері. Режиссер өзінің ой-қиялымен пьесаны немесе сценарийді, опера не балетті таңдап түсіндіре отырып, бүкіл ойын-сауыққа қатысушылардың шығармашылық еңбегін эстетикалық тұрғыдан біріктіреді. Сөйтіп ол спектакльдің идеялық мазмұны, оның жанры мен сыртқы пішінін ашумен бірге сахна кеңістігінің игеру жолдарын, ырғағы мен мизансценасын белгілейді. Бұған қоса қажетті жағдайда арена мен эстраданы пайдалану мүмкіншілігін, кейіпкердің мінез-кейіпін айқындайды, ал киноматография мен телевизияда кадрды, монтажды, т.б. құрастыру жұмысын жүргізеді.

Режиссер әртістер шығармашылығын декорация, костюм, музыка, дыбыс пен жарық беру құрамаларын пайдалану, кинода оператор жұмысын, т.б. осы сияқты ойын-сауықтың барлық компоненттерін өзара қабыстыра отырып ұйымдастырады. Бұл қойылымдар өте маңызды, әрі көрерменге берер әсері мол, ондағы кеткен бір қателік – тәрбиелік жұмыстың орындалмауымен тең. Дұрыс әрі нақты таңдалмаған материал, көркем бейненің айқын болмауы, орындаушыларға деген талаптың әлсіздігі, мерекелік шараны дамыту логикасының болмауы – міне осының әрқайсысы халықтық қойылым немесе театрлық концертке келген мыңдаған көрерменге әсер ету тиімділігін кеміте түседі. Мұндай қауіп кәсіптілік пен қатып қалған заңның өнерді алмастыруы кезінде де туындайды.

Бұрындары стадионда халықтық мерекені театрлық кіріспе түрінде өткізу өте сәтті ой болған. Кіріспе кезінде сахнаға әдебиет, театр және кино кейіпкерлері шығады; барлығы да сол кейіпкерлердің өмір сүрген заманындағыдай етіп бейнеленіп, дәлсондай бояулар мен түстерге қанық болған. Бірақ кейіннен театрлық кіріспелер жапай қайталана бастады да, кәдімгі қарапайым көрініс болып қалды, яғни стандартқа айналып, көрермендердің қызығушылығын бұрынғыдай туғыза алмады. Ал қойылымның драматургиялық өрісінде сәтті орналасқан, анық табылған бейне мыңдаған көрермендерді толқытып, оларды күлдіреді немесе жылатады.

Бұқаралық мерекені ұйымдастыру өнері – үлкен күшті талап ететін жұмыс, оған өте жауапты әрі мұқият көңіл бөліп қарау керек. Театр өнерінің басқа түрлерінің арасынан тек халықтық өнер түрлерінде сәттіліктер мен сәтсіздіктер өте жиі ұшырасып, кезектеседі.

Кез-келген режиссер театрдағы алғашқы көрсетілімнен кейін қойылымды қайта өңдеу, толықтыру жұмыстарына әлі талай рет оралғанымен, халықтық әрекеттің тек бір рет қана орындалатынын біледі, сондықтан бұл қойылым көпшіліктің санасында терең әрі эмоционалдық тұрғыдан қанық әсер қалдыруы тиіс.

Егер театр қойылымында немесе көркем фильмде режиссер кейіпкерлердің бейнесін жасап, олардың бойына жеке қасиеттердарытып, мінездерін ойлап тауып, түрлі сезімтал психологиялық болжамдар жасап, олардың әрекеттеріне себеп тудырып, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын дамытып, оқиғалар желісін құрағын болса, ал халықтық әрекетте (яғни халықтық театр) ол сондайлық терең әрі маңызды мәселені жекелеген эпизодтар, түрлі жанрлық нөмірлерді бір оймен, бір мақсатпен біріктіру арқылы ашады. Драматургияның ерекше тегімен байланысты халықтық өнер түрлерін сахнаға бейімдеудің негізгі қиындығы осында.

Бұқаралық мерекенің барлық ерекшеліктерімен қоса, басқа да өнер түріндегідей ондағы ең негізгі фактор – режиссердің азаматтық ұстанымы, таңдалған тақырыпқа қатысты өзінің жеке көзқарасы, мерекеде тек шындық пен өзінің оған деген қатынасын көрсетіп қана қоймай, онда өзінің дүниетанымын ашып, өзінің идеялық ұстанымы мен тебіренісін көрсету болып табылады.

Халықтық әрекетті ұйымдастыру кезінде пайдаланатын көркемдеуші құралдар мен көптеген мәселелерді шешу жолдары жайлы біз тек осы тұрғыда айта аламыз. Осы құралдардың ішінен бізге шынайы көркемдікті қалыптастыру үшін ең қызықты, ең қанық әрі ең маңыздыларын таңдап алу қажет.

Бүгінгі таңда бұқаралық қойылымдар, ашық аспан астындағы қойылымдар, театрлық концерттер мен қойылымдар біздің тұрмысымыздың ажырамас бөлігі, саяси, мәдени және көркем әрекеттердің бөлігі болып табылады.

«Драматургияны» көбісі пьеса, қойылым деп түсінеді [3,58]. Халықтық мереке шегінде бұл, әрине, өзге драматургия. Мұнда нақты даярланған қарым-қатынастар тізбегі, оқиғалардың терең психологиялық дамуы жоқ. Бұқаралық мереке драматургиясы кинофильм сценариіне жақынырақ келеді, бірақ сонымен бірдей деп айта алмаймыз. Мысалы, кино сценариінде көп көңіл сөзге бөлінеді. Ал бұқаралық мерекенің ерекшелігі сөзді үнемдеп жұмсауды қажет етуінде. Мұнда көрермендерге сөзден де басқа әсер еткіш құралдар қажет болады. Мысалы, би, ән, жанды бейнелік композиция секілді құрауыштархалықтық қойылымда кейіпкерлердің мінез-құлқының психологиялық негіздемесін алмастырады. Бұл жанрға тән эмоционалдылық көрермендердің назарын бір нәрседен екінші нәрсеге лезде, ешқандай нақтылау мен психологиялық себепсіз-ақ аударуды қарастырады.

Басқаша айтқанда, халықтық әрекет драматургиясы материалдың сыртқы үйлесімі арқылы оның идеясы, ырғағы мен деміне сәйкес ішкі бейнесін таба алатындай құрылуы тиіс.

Әрине, мерекені дайындауға халықтық мереке заңдарын білетін және көрермендердің алатын әсерін алдын ала болжай алатын драматург немесе сценарийші мамандар қатысса жақсы болар еді. Сценарийді драматург пен режиссердің бірігіп жазғанындай етіп үлгілі дәрежеге жеткізуге талпыну керек [4, 124]. Алайда, арнайы

даярланатын халықтық мерекелердің драматургтері мен сценарийшілері жоқ. Сондықтан да әзірге, режиссерге драматургтің қызметін қоса атқаруға тура келеді. Қандай жағдай болмасын, қазіргі кезде халықтық мереке жоспарын режиссерлер суретшілермен бірлесіп жасауда.

Сценарий жазу – халықтық мерекеге дайындалудың маңызды әрі міндетті кезеңі. Тәжірибе жүзінде көп жағдайда, анық құрылған, «тірі» сценарийдің маңызы көп жағдайда ескерілмейді. Ал бұл дұрыс емес. Халықтық мереке тақырыбына, ауқымына, өткізу шегіне қарамастан, сценарий мазмұны, ең алдымен, қағаз бетінде көрініс табуы тиіс.

Ол тақырыпты жүзеге асыру жолдарын, халықтық мереке идеяларын, «басты міндеттерді» анықтайды.

Мерекелік сценарий жаза отырып, әр мерекелік театр әрекетін жекелендіру мәселесін де шешу керек.

Тәжірибеге сүйенсек, идеялық-тақырыптық жағынан бірыңғай болып табылатын мерекелер режиссердің деректік негізді нақтылау жолына байланысты алуан түрге ие бола алатынын байқаймыз.

Әр мерекенің өзіне ғана тән жеке қасиеті болуы тиіс, өзінің шешімі мен жаңа ырғақ болуы тиіс. Ал бұл режиссердің құзыреттілігінде.

Алайда, барлық мерекелерге ортақ заңдардың да бар екендігін ұмытпау керек. Оларды ескеру арқылы режиссер өзінің анағұрлым маңызды міндетін атқарады. Мысалы, байланыстар заңы – мерекені жүзеге асырудың елеулі күштерінің бірі.

Мерекеге қатысушыларды екі топқа бөлуге болады: тікелей, яғни белсенді қатысушылар – орындаушылар, және белсенді емес, жанама қатысушылар – көрермендер. Бірақ олар тек мерекелік әрекет басталғанға дейін ғана белсенді емес болады. Тақырыбы таныс әрі қымбат, түрі түсінікті әрі қызықты мереке ағымында көрермендер бірге толқып, алатын әсерге белсенді түрде жауап қайтарады. Бұл қол шапалақтау, түрлі эмоционалдық сезімдер арқылы көрініс таба алады. Демек, қандай да бір уақытта екі жақ бірлеседі де, олардың арасында берік байланыс – әрекет пен оны қабылдау байланысы орнайды.

Бұған анағұрлым толыққанды қол жеткізу үшін мерекені көрермендер тобына жақындату қажет – бұл компанияның сәттілігін анықтайтын тағы да бір маңызды міндет болып табылады.

Егер театрлық концертте көрермен назарын сахна алаңына аудару қажет болса, халықтық мерекеде керісінше, көптеген шашыраған орталықтарды іздеу керек, мерекеге келген адамдарды түрлі бағытқасілтеуді ұйымдастыру жолдарын табу қажет. Бұл, ең алдымен, әсер етуші күштің көрерменге барынша жақындауы үшін қажет, сонымен қатар, мұнда сақтық шаралары да ойластырылған, өйткені мақсатсыз жиналған әрі басқарусыз қалған адамдар тобы қауіпті болып табылады.

Бұқаралық мерекенің «көп орталықтануы» [5, 267] (назардың бірден бірнеше нәрсеге түсі) нақты ырғақ, биге арналған алаңдар, аттракциондар, театрлық костюмдердегі адамдардың қозғалысына бос кеңістік, безендірілген көліктерді өткізуді және т.б. көптеген карнавалдық шеру бөлімдерінен тұратын карнавалдар кезінде ерекше маңызға ие. Мұның барлығын бұқаралық мереке сценаринде алдын ала қарастырып, мерекенің бөлімдерін өзара біріктіруші байланыстардың барлығын анықтау қажет, сонда ғана мерекелік әрекетті ұйымдастырып, құрап, бір орталыққа бағындыруға болады.

Бұқаралық мереке ерекшелігі оның сценарийі мен режиссурасында әрекеттердің даму қисынын, бейнелік құрылымның қисынын, композиция қисынын алдын ала анықтайды. Басы, дамуы, шарықтау шегі, соңы – мұның барлығы халықтық әрекет сценарийінің міндетті бөлімдері, олардың шегінде әр эпизодтың эмоционалдық шегінің дәрежесі, олардың ырғақтық алуандығы мен өзара әрекеттесудің қатаң тәртібі анықталады.

Сценарийдің ең басты міндеті – көрермендер назарын шоғырландырып, олардың мерекеге деген қызығушылығын ояту [6,76 бет] (олардың саны мыңдаған, яғни кез келген спектакль не концерттегі көрермендер санынан бірнеше есе артық).

Режиссер сценарийдің көмегімен осы көрермендер тобын біріктіріп, оларды әрекеттің негізгі тақырыбына бой ұсынуына көмектесуі керек. Тақырыпты ашу кіріспеден басталады. Бұған мысал ретінде мерекенің өту аймағын көркем безендіру, оның бөлімдерін байланыстыратын және ырғағын анықтайтын музыкалық безендіру, халықтық мереке қатысушыларының ойларын режиссер көздеген нысанға тигізетін сөздер (көп жағдайда поэтикалық сөздер) болып табылады. Мерекеге қатысушыларды осылайша даярлап алып, режиссер мен сценарий жазушы оларды желі бойынша негізгі ойға апаратын жолға салуы тиіс. Сол негізгі ойды ашуда орындаушылық және актерлік шеберлік пен қабілет, олардың көрермендерге жақындай түсуін анықтайтын амал-тәсілдер, авторлық және режиссерлік қиял дамуына тәуелді басқа да көптеген амалдар көмектеседі.

Бұқаралық мерекеге деген көрермен қызығушылығын арттыру жолдарының бірі оны әрекетке қосу болып табылады. Бұл орындаушылар мен көрермендердің барынша жақындауы нәтижесінде болады. Мұндайда бұрыннан сахнаға айналатын қозғалмалы платформалар мен жүк машиналары таптырмас құрал. Тіпті микроавтобустың төбелері концерт алаңы болған кез де бар.

Сонымен, мереке драматургиясын ойлау барысында бұқаралық қойылымға келген адамдардың тек көрермен емес, сонымен қатар әрекетке қатысушы болғысы келетінін есте ұстау керек. Сондықтан, бұқаралық қойылымның желісін дамыта отырып, мереке тақырыбын қорытындылап, бүкіл көрермендерге керемет әсер қалдыратын шарықтау шегін анықтау қажет. Қойылым, мереке кезінде орындаушылар мен көрермендердің арасындағы шекті жоятын, көрермендерді халықтық әрекет қатысушыларына айналдыратын жаңа, белсенді күштің туындауына тырысып бағу керек.

Мереке соңының, түйінінің міндеті – мерекенің не үшін ұйымдастырылғанын, қойылымшылардың неге талпынғанын: өз елі мен жеріне деген мақтаныш, қайта кездесуге құштарлық, өткен күннен рахат алу сияқты сезімдерін көрермен санасында бекіту.

Осындай қойылымның қисынды даму драматургиясы, оның бейнелік ретінің алғысөзден дамуға және шарықтау шегі арқылы соңына құрылуы халықтық мерекенің сценарийлік құрылымының негізі болып табылуы тиіс.

Мұның барлығын жүзеге асыру режиссураның өзіндегі бірқатар қиындықтармен байланысты.

Олардың бірі, бұқаралық мерекені жалпы түрде дайындаудың өткізуге болмайтындығы. Екінші мәселе – берілген бұқаралық мереке тек бір рет ғана өтеді. Ал егер ол қайталанатын болса, онда үйлесімі бойынша бұл мүлдем басқа мереке болады – жаңа сценарий, жаңа режиссура мен ұйымдастыру, басқа көрермендер, басқа көңіл-күй болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Төлеуов Е.С., Жұмабай Л.Ж. Сценарийлік шеберлік негіздері: Оқу құралы.- Шымкент, 2004.
- [2] Чечетин А.И. Основы драматургии театрализованных представлениях: Учебник для студентов институтов культуры. – М.: Просвещение, 1981. – 192 с.
- [3] Камалова Н.К. Той-мерекелік, салт-дәстүрлік әрекеттер: Оқу құралы. – Шымкент, 2002. – 63 б.
- [4] Генкин Д.М. Массовые праздники.–М.: Просвещение, 1975. – 140 с.
- [5] Л. И. Тимофеев, Әдебиет теориясының негіздері. М., 1966, – 382 б.
- [6] «Вопросы литературы» журналы. 1961. № 9. – 130. б.
- [7] Нұрғалиев Р. Өнер алды – қызыл тіл. –Алматы: Мектеп, 1974. –172 б.

МРНТИ 16.21.27

Д.М.Пашан

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы, Қазақстан

ЛАТЫН ӘЛІПБИЕНЕ КӨШУДІҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ

Аннотация. Мақалада латын әліпбиіне көшудің артықшылығы туралы сөз болады. Латын әліпбиі әлемдік кеңістік тілі, одан ұтарымыз көп. Осы ерекшеліктер мақалада талданады.

Тірек сөздер: латын әліпбиі, кирилл графикасы, мемлекеттік тіл

Д.М.Пашан

Институт языкознания им. А. Байтұрсынова,
главный научный сотрудник, доктор филологических наук.
Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ СТОРОНЫ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ

Аннотация. В статье речь идет об эффективности перехода на латинский алфавит. Латинский алфавит – это язык мирового пространства, который даст нам много преимуществ. В статье анализируются эти особенности.

Ключевые слова: латинский алфавит, графика кирилла, государственный язык

D.M.Pashan

Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baytursynov,
Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

EFFECTIVE ASPECTS OF THE TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET

Annotation. The article deals with the advantages of switching to the Latin alphabet. The Latin alphabet is the language of the world space, from it much to us in favor. These features are analyzed in the article.

Ключевые слова:

Латын алфавитіне көшу — заман талабы. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу тіліміздің әрі қарай жаңғыруына жақсы ықпал етері сөз сіз. Себебі латын әліпбиіне көшу арқылы біз ұлттық санамызды орыс тіліне деген тәуелділіктен босатамыз, қайта жаңғыртамыз. Сондықтан мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшуін қолдау қажет.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» – деген болатын. Бұл жолда латын әліпбиіне көшу – тиімді әрекет. Ол біздің ұлттық кодымызды сақтап, ұлт ретінде дамуымызға жол ашады. Бұл мәселені көтеру – Президентіміздің көрегендігін көрсетеді.

Ал, енді латын әліпбиі туралы бірер сөз. Қазіргі таңда қолданыста жүрген жазу үлгілері аз емес. Солардың ішінде латын әліпбиін дүниежүзі елдерінің көбісі қолданатыны деректерден белгілі. Википедия сайтында: «Латын әліпбиі, әлемде кеңінен қолданылады. Б.з.б. 7 ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 ғасырында қалыптасты. Жазу оңнан солға немесе солдан оңға қарай жазылып, бағыты әрдайым алмасып отырған. Б.з.б. 4 ғасырдан бастап жазу тек солдан оңға қарай жазылды, алғаш 20 әріп болды. Әліпбиге б.з.б. 230-жылдары G, Y және Z әріптері енген, соңғы екеуі грек тілінен кірген сөздер үшін алынған, ал J, U, W әріптерінің қолданылуы қайта өркендеу дәуіріне жатады. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Әлемдегі елдердің 80-нен астамы латыннегізді әліпби пайдаланады» – деген деректер бар.

Енді «Не үшін латын әрпіне көшуіміз керек?» деген сауалға жауап іздер болсақ, латын жазуы қазаққа бұрыннан таныс. Қытай иероглифтері, араб жазуы сияқты қиындық туындатпайды. Қолданысқа оңай, жазуға қолайлы, игеруге ыңғайлы. Сонымен қатар, жаратылыстану ғылымдарында да оның қолданыста ыңғайлылығы тәжірибе жүзінде көрініс тауып отыр. Бұл әліпби ақпараттық-технологиялар саласында ары қарай дамытуға септігін тигізери сөзсіз.

Латын әліпбиін қолданудың тағы бір ұтымды тұсы – шетелде жүрген қандастарымыз латын әліпбиі жазу арқылы қазақ жеріндегі барлық жаңалықтан хабардар болып, түсініп отырады. Себебі, шетелде тұратын қазақтардың басым бөлігі латын әліпбиі негізіндегі әліпбилерді пайдаланды. Латын әліпбиі озық техника мен компьютер тілін меңгеруге жол ашады дегеннен бөлек, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтеді. Бұл бастама, шынымен, еліміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолына ашылар есік болар деп ойлаймын.

Латын әліпбиі – түркі халықтарына ортақ әліпби. Түркия, Әзірбайжан,

Түркіменстан, Өзбекстан латынға көшіп кеткені белгілі. Осы жолды жалғай отырып, түркі халқына ортақ әліпбиді пайдаланамыз. Ол біздің түбі бір түркі тілінің тазалығын, байланысын сақтауға септігі тиеді.

Сонымен қатар, әлемдік ғылым мен технологияны, экономиканы игеру үшін ағылшын тілін үйреніп келеміз. Латын әліппесі сол тілді игеруге негіз, тиімді алғышарт болары сөзсіз. Халықаралық терминологияны алыңыз немесе медицина мен басқа ғылымдар тілі көбінесе латынша жазылады.

Латынның бізге берерін қорыта айтар болсақ:

- Қазақстан әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін болады
- Қазіргі әліпбидегі 42 әріп 32-ге қысқарады, меңгеру оңай болады
- Түркі әлемімен Қазақстанның байланысы күшейеді
- Қазақ ирредентасымен диаспоралармен байланысы артады
- Кірме әріптерден арылып, кірме сөздер қазақ тілінің әуезіне икемделіп жазылады.
- Қазіргі қазақ тілінің қосамжар орфографиясы мен орфоэпиясының проблемасын шешіп, ұлттық сипаттағы жазу жүйесін қалыптастырамыз.

Енді, латын әліпбиіне ауысқан кездегі алғашқы кезде болатын теңсіздіктердің бірі ақпараттар теңсіздігі. Екі графикадағы деректердің көлемі тұрғысынан әртүрлі болуына байланысты. Кирилл әліпбиінде материал көп. Латын негізді ақпараттың аздығы. Латын мен жазу бір уақытта бола қалмайды. Бірінші кезекте ең маңызды кітаптар латынмен беріледі.

Төменде кирилл графикасында берілген мәтінді ұсынып отырмын. «Әдебиет кз» сайтынан алынған: «М.Әуезовтің әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, шығармалық және қайраткерлік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. «Абай жолы» роман-эпопеясына шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Н.Тихонов, Б.Матип т.б. жоғары баға береді».

Енді осы мәтінді латын графикасымен беріп көрелік. «М.Áýezovtiń álemge ágili roman-epopeiasy. «Abai joly» – qazaqtıń kórkem prozasyn joǵary deńgeige kóterip, álem ádebietine biik estetikalıyq talǵam, kórkemdik qýat ákelgen úzdik túyundy. Áýezov óziniń roman-epopeiasynda qazaq halqunyń, onyń ulttyq dástúrin barlyq qurynan jan-jaqty ashyp kórsetken. Qazaqtıń dana uly Abai obrazyn, shyǵarmalyq jáne qairatkerlik tulǵasyn sóz ónerinde ózgeshe daralyqpen somdaǵan. «Abai joly» roman-epopeiasyna sheteldik qalamgerler Lúi Aragon, N.Tihonov, B.Matip t.b. joǵary baǵa beredi».

Бір қараған адамға қиын көрінері анық. Өзін сауатты санаған әрбір адам, қателік жіберіп қоямын ба деп аз да болса қобалжиды. Бірақ, осының бәрі де уақытша ғана болатын қиындықтар. Адамның психологиялық тұрғыдан қабылдауы мен көзшалымға үйреншікті болған соң, бәрі де тез қабылданып кетеді.

Ал, енді екінші мәтін жеңіл формада берілді. М.Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңінен үзінді.

«Мен – таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Тау деген Ана туған дара тұлғам

...Тауға барып
Көкке ұшып кетсем бе екен
Ұстап алып қыранның қанатынан»
Латын графикасымен берілген кездегі мәтін былай болады.
«Men — taýlyqryn!
Taýdan men jaratylgam.
Taý degen Ana týğan dara tulgam
...Taýға бару
Kókke ushup ketsem be eken
Ustap alyp qyrannyñ qanatynan»

Осы жерде байқалатын құбылыс, жеңіл формадағы поэтикалық мәтін, ғылыми мәтіннен әлдеқайда жеңіл, жылдам оқылады. Осы тұрғыдан алғанда, латынға көшуді 1 сыныптан бастау да тегін емес. Себебі, алдымен әріп, буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем түрінде болып келетін үйрету формасы жақсы қабылданады. Қазақ тілінің әріптері тез үйретіліп, көзге қабылдау жеңіл, жазуға ыңғайлы болады.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу қажеттілік. Тіліміздің рухани жаңғыруына негіз болары сөзсіз. Үлкен жетістікке жету жолында кездесетін аз ғана қиындықты оңай жеңеміз деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ақпараттық-медиа кеңістігіндегі материалдар) 1-кітап. – Алматы, 2017. – 537 б.

[2] Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді стратегиялық жоспарлау (Тұжырымдама, бағдарлама, ақпараттар, анықтамалар, ұсыныстар, баяндамалар, есептер, слайдтар). – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. –104 б.

МРНТИ 16.21.51

К.Жумабеков

Нийде Өмер Халисдемир университетінің докторанты. Түркия

TÜRKİYE TÜRKÇESİ İLE KAZAK TÜRKÇESİ SÖZDAĞARCIĞINDAKİ YALANCI EŞDEĞERLİKLER

Аннотация.Түбі бір түркі халықтары арасында ұқсастықтар мен қоса, айырмашылық та айтарлықтай байқалады. Ғылыми мақалада түрік және қазақ тілдерінің сөздік қорындағы өзара байланыста қиындық тудыратын жалған баламалы сөздердің шығу тарихы мен себептері қарастырылған. Сонымен қоса, өсімдік атауларына қатысты жалған баламалар толық зерттеліп, жан-жақтыталданған.

Ғылыми мақалада түрік тілі мен қазақ тілі арасындағы жазылуы бірдей немесе ұқсас, бірақ семантикалық жағынан басқа мағыналық сипатқа ие сөздердің (жалған баламалар) шығу себебі мен ерекшеліктері көрсетіліп, жан- жақты көрсетілген. Бұл

енбекте, әсіресе, өсімдік атауларында жалған баламалық көрсеткен сөздер қолға алынған.

Тірек сөздер: түрікше, қазақ, жалған баламалар, өсімдік атаулары, диалект

К.Жумабеков

ЛОЖНЫЕ ЭКВИВАЛЕНТЫ В ТУРЕЦКОМ И КАЗАХСКОМ СЛОВАРНОМ ЗАПАСЕ

Аннотация. Наряду с сходствами между тюркскими народами наблюдается и разница. В научной статье рассматриваются история и причины возникновения ложных альтернативных слов, затрудняющих взаимосвязь словарного запаса тюркского и казахского языков. Кроме того, полностью изучены и всесторонне проанализированы ложные альтернативы относительно названий растений.

В научной статье были рассмотрены причины происхождения и особенностей слов, одинаковых по своему написанию, но имеющих разные понятия по семантическим признакам (ложные эквиваленты), встречающиеся в турецких и казахских словарях. В большей степени, в данной работе были взяты за основу такие слова, которые выявили ложные эквиваленты в названиях растений.

Ключевые слова: Турецкий, казахский, ложные эквиваленты, названия растений, диалект

K.Zhumabekov

FALSE EQUIVALENTS IN THE TURKISH AND KAZAKH VOCABULARY

Annotation. Along with the similarities between the Turkic peoples, there is also a difference. The scientific article examines the history and reasons for the emergence of false alternative words that complicate the relationship of the vocabulary of the Turkic and Kazakh languages. In addition, false alternatives regarding plant names have been fully studied and comprehensively analyzed.

In the scientific article were examined the causes of the origin and characteristics of the words, which are identical in their writing, but the concept of having a family of semantic features (false equivalents) occurring in the Turkish and Kazakh dictionaries. According to a greater extent in this work were taken as a basis for such words, which revealed false equivalents in the names of plants.

Keywords: Turkish, Kazakh, false equivalents, plant names, dialect

Giriş ve Kuramsal Çerçeve

Türkçe, dünya üzerinde çok geniş bir coğrafi alan içine serpilmiş, gerek coğrafya gerekse yerel kültürlerin etkisiyle farklı etkileşimlere girmiş köklü bir dildir. Doğu Avrupa'dan Çin'e kadar uzanan geniş bir sahada varlığını sürdürmekte olan Türkçe'nin, doğal ve yapay yollarla farklı lehçeleri ortaya çıkmıştır. Yine de lehçelerin türediği varsayılan bir kaynak Türkçe'nin olması beklenir. Bugünkü Türkçe lehçelerin varsayılan dil için Ana Türkçe, Ön Türkçe, Kaynak Türkçe gibi adlar verilmektedir. Ana Türkçe'den

doğan bu lehçelerini, kaynak dilden getirdiği ve hâlâ kendi bünyesinde barındığı birçok özelliğinin olması kaçınılmazdır. Ana Türkçe'den doğduğu varsayılan bu lehçelerin birçok benzerlikleri ve ortak yanları araştırmalar tarafından ele alınmıştır. Bunun yanında aynı kaynak dilden çıkan bu lehçeler arasındaki uzamsal, siyasi ya da başka nedenlere bağlanabilecek kopukluklardan dolayı, zaman içinde aralarında farklar da oluşmuştur. Bu farklılıkları değişik boyutlarda görmeli olasıdır. Farklılık gösteren konulardan biri de “yalancı eşdeğerlilik” konusudur. Yalancı eşdeğerlilik, iki ayrı lehçelerin metin aktarımında ya da hedef dili öğrenmesinde karşılanacak büyük sorunlardan biri olarak görülmektedir.

Bu çalışmada aynı Ana Türkçeden doğmuş Türkiye Türkçesi ile Kazak Türkçesi arasında bazı bitki adları konusunda görülen yalancı eşdeğerlik sorununa değinilmiştir.

Araştırmada önce eşdeğerlik sorunu ele alınmış ve bu durumun dilbilimsel nedenleri üzerinde durulmuştur. Daha sonra bitki (bazı meyve, sebze adları, bitki organları) iki dilde anlamsal sorun yaratabilecek sözcükler tek tek ele alınıp karşılaştırılmıştır. Bu karşılaştırmalardan sonra Türkiye Türkçesi öğrenen bir Kazak Türkünün ya da Kazak Türkçesi öğrenen bir Türkiye Türkünün düşebileceği yanlışlıklar konusunda önerilerde bulunulmuştur.

Yalancı Eşdeğerlik ve Dildeki Benzerlikler Durumu

Yalancı eşdeğerlik kavramı, iki farklı dilde ya da aynı büyük dilin iki farklı lehçesinde yazılış ve/ya da söylenişlerinin aynı ama anlamları farklı sözcükleri belirtir. Resulov, “Akraba Diller ve Yalancı Eşdeğerler Sorunu” adlı makalesinde çeviri biliminde yalancı eşdeğer terimini “Kaynak dildeki bir kelimeyle amaç dildeki bir kelimenin köken, yazılış ve söylenişlerinin aynı, anlamlarının ayrı olması durumu ifade edilmektedir” şeklinde belirtmiştir [1, 916]. Bu açıklamadan da anlaşılacağı gibi, yalancı eşdeğerlik bir anlam sorunudur. Benzer iki sözcüğün anlam açısından farklı olmasını belirtiyor. Türkçe’de bu durum için farklı terimler kullanılmaktadır. Aralarında hiçbir fark olmasa da, yalancı eşdeğerlik yerine sahte karşılıklar, sahte benzerlikler ya da sözde denkleştire terimlerinin de kullananlar olmuştur. Eş değer (ing. *equivalent*), yapı ve köken bakımından birbirine denk olan, eşit olan demektir.

David Crystal “sahte benzerlikler (faux amis)” olarak adlandırdığı bu durum için “iki dilde yazılışları birbirine benzeyen ancak genelde aynı anlamı taşımayan sözcükler vardır. Bunlara sahte benzerlikler (faux amis) denmektedir” şeklinde açıklamıştır [2, 349]. Fransızca ile İngilizce arasındaki örneklerden bir kısmını sahte benzerlik olarak örnek vermiştir. Benzer durumlar Ana Türkçeden doğmuş ve uzun süre birbirinden kopuk olarak varlığını sürdürmüş Türk dilleri (ya da lehçeleri) arasında da olabilecektir.

Son zamanlarda Türkiye Türkçesi ve Türk lehçeleri arasındaki yalancı eşdeğerlik gösteren sözcükler üzerinde yapılan araştırmalar artmaktadır. Örneğin, Fatma Özkan’ın “Bugünkü Türk Lehçelerindeki İletişimi Zorlaştıran Kelimeler” başlıklı yazısında Kazak, Azerbaycan, Hakas, Tatar, Başkurt vb. lehçelerden örnekler vererek 28 kelime üzerinde durmuştur [3, 883-889]. Bu diller arasındaki yalancı eşdeğerlik sorunu 28 kelime ile sınırlı değildir. Yani çalışmalar daha da genişletilerek sürmesi gerekmektedir.

Mustafa Uğurlu ise, “Türk Lehçeleri Arasında Kelime Eşdeğerliği” başlıklı çalışmasında, Türk lehçeleri arasında “tam eş değer kelimeler”in var olduğundan bahsetmiş ve bunu şöyle açıklamıştır: “Bunlar, ses ve yapı bakımından aynı veya lehçeler arasındaki düzenli ses denklikleriyle aynı kaynaktan geldiği bilinen, ancak kavram alanları bakımından hiç örtüşmeyen kelimelerdir. Ayrıca, aynı kaynaktan gelmeyen sestek (“homonym”) kelimeler de buraya dahil edilebilir. Bu tür kelimelerde bir “eş değerlik”ten söz edilemez” [4, 916].

Dilek Ergönerç Akbaba “Nogay Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Arasındaki Yalancı Eş Değerler” adlı bildirisinde yalancı eşdeğerlik oluşturan sözcükler üzerinde durmuş ve birçok metinden örnekler göstermiştir [5, 151-176].

Ancak yapılan çalışmalar yeterli değildir. Türk lehçeleri çok sayıdadır ve her lehçedeki bu durum ayrıntılı olarak ele alınıp incelenmek durumundadır. Daha fazla çalışma yapılmalı ve Türk lehçeleri arasındaki öğretim/öğrenimlerde olabilecek tuzakları en aza indirmek gerekir. Diğer yandan dil canlı bir varlık olduğuna göre belirli aralıklarla bu tür çalışmaları yenilemek gerekir. Dilde en çabuk “değişen” şey, anlamdır. Bu nedenler denkteşlik sorunundaki durum sürekli değişebilir.

Yalancı eşdeğerlik sorununun kaynağı konusunda farklı görüşler öne sürülebilir. Daha önce de belirtildiği gibi Türk lehçelerini konuşan toplulukların aralarındaki etkileşimin az olması en büyük neden olarak gösterilebilir. Resulov, yalancı eşdeğerlerin ortaya çıkışında çeşitli sebeplerin etkili olduğunu şöyle açıklamıştır:

1. Türk dilinin uzun tarihsel gelişim dönemleri içinde kollara, gruplara, alt birimlere ayrılması.

2. Her iki dile yabancı dillerden giren aynı kelimelerin bu dillerde değişik kavramlara karşılık olması ve yazı dilinde bu şekilde kabul edilmesi.

3. Ana dilden gelen bazı kelimelerin bu dillerden birinde yazı dilinde alınmaması ve konuşma dilinde kalarak zamanla ilk anlamından ve öteki dildeki anlamından farklı bir anlam ve üslupta kullanılması [1, 917-918].

Her ne kadar Türk lehçelerini konuşan dilsel toplulukların aralarındaki iletişim azalmış olsa da, aynı dönemde bu toplulukların başka dilleri konuşan gruplarla yakın işbirliği içinde olması sonucu, diller arası sözcüksel ödünçleme yolu olmuştur. Her dilde sözcük alışverişi vardır. Fakat V. Doğan Günay Sözcükbilime Giriş kitabında ödünçleme her iki dilde de karşılıklı olursa bir dengeden söz edilebileceğini, ancak dışarıdan çok sayıda sözcük alınması dilde bazı zararlı durumlar oluşturacağını belirtmiştir [6, 43-51]. Bir başka açıdan bakıldığında aynı kaynak dilden doğmuş ve aralarında değişimler olmuş Türk dilleri arasında sözcük alışverişinin olması daha iyi bir durumdur. Böylece ilgili lehçeler yeniden birbirine yaklaşabileceklerdir. Ancak bu ismarlama bir durum değildir.

Ana Türkçeden doğduğu düşünülen Türk lehçeleri de kendi içinde ayrılırlar. Ana Türkçe öncelikle temel kollara, gruplara ayrılır: Kıpçak grubu, Oğuz grubu gibi. Kıpçak grubu ve Oğuz grubu bu alanda en fazla konuşanın olduğu dil gruplarıdır. Kıpçak grubu 20 milyon kişi tarafından, Oğuz grubu ise 100 milyon kişi tarafından konuşulmaktadır. Bu çalışma Türkçe'nin en önemli iki dili Türkiye Türkçesi ve Kazak Türkçesi arasında sözcükler bağlamında yapılacaktır.

Türkiye Türkçesi ile Kazak Türkçesi Arasındaki Bazı Sözcük Adlarının Karşılaştırılması

Kazak Türkçesi, Kıpçak grubuna ait, çağdaş Türk lehçelerinden biridir. Türkiye Türkçesi ise Oğuz grubunun batı kolunu oluşturan bir dildir. Böylece iki ayrı gruptan gelen lehçelerin arasında farklılıklar oranı daha da yüksektir. Uğurlu bunu şu şekilde belirtmiştir:

“Lehçelerin kavramsal benzerlikleri aynı grup içindeyse farklı, ayrı grup içindeyse farklı olmaktadır. Meselâ ikisi de Oğuzcaya dayanan Türkiye ve Azerbaycan Türkçelerinin örtüşme oranları yüksek olmasına rağmen, Türkiye Türkçesi ile temeli Kıpçakçaya dayanan Kazak Türkçesi söz konusu olduğunda bu kavramsal benzerlik oranı düşmektedir” [7, 60].

Bu çalışmada Kazakçada ve Türkçede aynı biçimde ya da yakın biçimde yazılan ama anlamsal açıdan değişiklik gösteren sözcükleri belirleyerek, iki dildeki değişimleri ortaya koymaya çalışacağız. Aynı kök dilden doğmuş iki dil arasında zaman içinde oluşmuş farklılıkların bir kısmını bu şekilde göstermeye çalışılacaktır. Amacımız, „yalancı eşdeğer kelimelerin“ anlamlarını, Kazak Türkçesinde kullanıldığı yerleri göstererek lehçeler arasında aktarmalarda zorluk çekmemelerine, Türk boylarının birbirlerini daha iyi anlamalarına katkıda bulunmaktadır ve Kazakistan’da Türkçe veya Türkiye’de Kazakça öğrenen öğrencilerin daha da iyi öğrenmesini sağlamaktadır.

Türkiye Türkçesi ve Kazak Türkçesi arasında yalancı eşdeğerlik gösteren sözcükler çok sayıda karşımıza çıkmaktadır. Fakat çalışmamızda Kenan Koç, Ayabek Bayniyazov ve Vehbi Başkapan’ın Kazak Türkçesi Türkiye Türkçesi Sözlüğü ve Türk Dil Kurumu’nun Türkçe Sözlük’ünü esas alarak Kazak Türkçesi ve Türkiye Türkçesi arasında 14 tane bitki ile ilgili yalancı eşdeğerlik gösteren sözcükler tespit edilmiştir. Listede sözcüklerin önce Türkiye Türkçesindeki şekli, anlamı ve örneği, sonra Kazak Türkçesindeki şekli ve anlamı gösterilmiştir. Bu sözcüklerde lehçeler arasında ses değişiklikleri olabilmektedir.

1.Tablo. Türkiye Türkçesi ve Kazak Türkçesinden örnekler

TÜRKİYE TÜRKÇESİNDEN ÖRNEKLER	KAZAK TÜRKÇESİNDEN ÖRNEKLER
DAL (дал): 1.Ağacın gövdesinden ayrılan kollardan her biri. (TDK/TS, 463) Örnek: “Cılız <i>dallar</i> , yeşili felsiz, turnak kadar yapraklar!” – T.Buğra/ “ <i>Alsiz butaqtar, jasılı solğın, turnaqtay japıraqtar!</i> ”	ДАЛ (dal): Şaşkın.(KZ-TR S., 118)
DARI (дәрі): Buğdaygillerden, kuraklığa dayanıklı bir bitki, akdarı. (TDK/TS, 475) Örnek: “ <i>Darı unundan baklava, incir ağacından oklava olmaz (kötü gereçle iyi iş görünemez)!”/ “Tarı ununan baklava, injir ağaşınan oktau bolmas”</i>	ДӘРІ (darı): 1. İlaç. 2. Barut.(KZ-TR S., 122)
DOMALAN (домалан): Askılı mantarlardan, toprak içinde yumru biçiminde yetişen, yenilebilen bir bitki, yer mantarı, karakeme. (TDK/TS, 558)	ДОМАЛАН (domalan): Yuvarlan! (KZ-TR S., 128)
ERİK (ерік): 1.Gülgillerden, beyaz çiçekli bir ağaç. 2. Bu ağacın kabuğu ince, çeşitli renklerde, mayhoş veya tatlı, etimsulu, tek ve sert çekirdekli yemişi. (TDK/TS, 644)	ЕРІК (erik): 1.Erk, irade, iktidar, istem. 2.Hak, hukuk. (KZ-TR S., 144)
KABAK (қабак): Kabakgillerden, süringen gövdeli, sarı çiçekli, birçok türü olan bir bitki. (TDK/TS, 1018)	ҚАБАҚ (kabak): 1. Göz kapağı. 2. Uçurumun en üst bölgesi, yar başı. (KZ-TR S., 267)
MALTA (малта): Malta eriği. (TDK/TS, 1336) Örnek: “ <i>Biraz ötede malta renkli, yeşil panjurlu, yüksek taş bir binanın önünde bir otomobil geçiyordu!</i> ” H.R.Gülpınar/ “ <i>Biraz burun japon muşmulası tüste, jasıl perdeli, ülken tas gımaratının aldında bir avtomasına ketip bara jatkan edi.</i> ”	МАЛТА (malta): Çökelekten sıkılarak yapılmış yuvarlak kurt. (KZ-TR S., 366)
MURT (мұрт): Mersin ağacının yazın olgunlaşan, bezelye büyüklüğünde, morumsu siyah, çeşitli hastalıkların tedavisinde kullanılan meyvesi. (TDK/TS, 1422) Örnek: <i>murt</i> yememek-yükseklerden üçmak, burnu büyük olmak/ <i>mirt</i> jemeu: “ <i>Engin dallardan murt yemezdi. Onun alacağı kız ya da çok zengin ya da tanınmış bir aileye mensup olmalıydı.</i> ” – O.Kemal.	МҰРТ (murt): Bıyık. (KZ-TR S., 388)

MUZ (мұз): 1. Muzlugillerden, sıcak bölgelerde yetişen, bir çenekli, çok yıllık bir bitki. 2. Bu bitkinin kendine özgü hoş kokulu, tatlı, besleyici, kalın kabuklu, uzun meyvesi. (TDK/TS, 1427)	МҮЗ (muz): Buz. (KZ-TR S., 384)
NAR (нар): Nargillerden, yaprakları karşılıklı, çiçekleri büyük, koyu kırmızı renkte, küçük bir ağaç. 2. Bu ağacın kırmızımtrak sarı sert bir kabukla örtülü, içinde çok sayıda kırmızımtrak, sulu taneler bulunduran yuvarlak yemişi. (TDK/TS, 1456)	НАР (nar): 1. Tek hörgüçlü deve. 2. Güçlü, kuvvetli. (KZ-TR S., 395)
OT (от): Toprak üstündeki bölümleri odunlaşmayı yumuşak kalan, ilkbaharda bitip bir iki mevsim sonra kuruyan küçük bitkilere verilen ortak ad. (TDK/TS, 1517)	ОТ (ot): Od, ateş. (KZ-TR S., 419)
SAP (сап): Bitkinin da yapra çiçek vb. bölümlerini taşıyan, ağaçlarda odunlaşarak gövde durumunu alan bölüm. (TDK/TS 1699)	САП (sap): Saf, katıksız. (KZ-TR S., 467)
TAL (тал): Kök, sap ve yaprak şeklinde farklılaşmamış bir bitkinin yaşama ve büyüme organı. (TDK/TS, 1894)	ТАЛ (tal): Yaş dalları olan, ince yapraklı ağaç. (KZ-TR S., 514)
TERME (терме): Bir tür yaban turpu. (TDK/TS, 1960)	ТЕРМЕ (terme): Kazak sözlü edebiyetında dombıra eşliğinde terennüm edilen bir nazım türü. (KZ-TR S., 535)
ÜZÜM (üzim): Asmanın taze veya kuru olarak yenilen ve salkım durumunda bulunan meyvesi. (TDK/TS, 2070)	ҮЗІМ (üzim): Lokma, parça. (KZ-TR S., 594)
Örnek: üzüm üzüm baka baka kararır - her zaman bir arada bulunan, arkadaşlık edinen kimseler, birbirlerine huy aşılar / jüzim jüzimge karay karay karayadı	

Görüldüğü gibi iki dil arasında aynı biçimde sesletilen ancak farklı anlamlara gelebilen bitki adları vardır. Her ne kadar aynı kökten doğmuş diller de olsa bu tür anlam kargaşası dil öğrenen birisi için sorun oluşturabilecektir. Bu tür sözcükler iki dil arasındaki tuzak sözcüklerdir. Kişi aynı sözcüğü duyunca kendi dilindeki anlamda olacağını düşünerek kullanabilir. Dikkatsizce kullanılan bir durumda ilgili sözcüğü kullanan kişi belki de komik duruma düşebilecektir.

Buradaki sözcükler tüm bitki adlarını içerdiğini söylemiyoruz. Belki bir başlangıç olarak düşünülebilir. Ama yalnızca bitki adlarında bile gerçekten öğrenenler açısından sorun oluşturabilecek durumlar vardır.

Sonuç

Bir dönemler tek bir yazı diline sahip olan Türkçe, zaman içerisinde coğrafi, siyasî, tarihi şartlar sebebiyle çeşitli lehçelere ayrılmıştır. Böylece lehçeler arası aktarmalarda, iletişimlerde temel sorunlar, farklılıklar ortaya çıkmıştır. Özellikle kelimelerde meydana gelen değişimler Türk toplulukları arasında iletişim kopukluğuna sebep olmuş ve Türk boyları birbirini anlayamaz hâle gelmiş. Fakat doğru iletişimin kurulması hayati öneme sahiptir. Bunun en etkili yolu lehçeler arasındaki benzerlikleri ve farklılıkları bilmekten ve böylece ortak bir iletişim dili kurmaktan geçmektedir. Yalancı eşdeğerlik de bunun bir parçası sayılır.

Araştırmalara göre, lehçeler arasındaki yalancı eşdeğerlikler çok sayıda bulunmaktadır. Çoğu sözcükler anlamlarının tarihsel süreç içerisinde farklı nedenlerden dolayı başkalaştığı görülmektedir. Kültürel, coğrafi ve siyasî nedenler, bir dilin farklı lehçelerinde asıl anlamdan uzaklaşmasına, yeni anlam oluşturmaya sebep olabilmektedir.

Bu çalışmada sadece bitkilerle ilgili yalancı eşdeğerlik gösteren sözcükler tespit edilmiştir ve çalışma kapsamı iki sözlük ile (TDK Türkçe Sözcük ve Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü) sınırlı tutulmuştur.

Aynı dilden doğduğu varsayılan yazı dillerindeki bu tür sözcüklerin ortaya çıkarılması Türk yazı dilini gelişimi, edebî kabiliyetinin öne çıkması ve Türk sözcükçülüğünün gelişiminde yararlı olacaktır. Yalancı eşdeğerliklerle ilgili bilimsel çalışmalar Türkçenin söz varlığının kaynakları üzerine fikir yürütmemize imkân sağlayacaktır. Bunun için yalancı eşdeğerliklerle ilgili çalışmalara ağırlık verilmelidir.

Türk dünyasının birliği ve dirliği sağlaması için ilk önce Türk topluluklarının her türlü alanda iletişimi artırması gerekmektedir. İletişimde en önemli noktalardan biri ise, insanların birbirini doğru anlayabilmesidir. Yanlış anlamaya sebep olan yalancı eşdeğerlikler eserlerin aktarılması ve Türkiye Türkçesinin veya Türk lehçelerinin öğretimi/öğrenimi konusunda büyük sıkıntı yaratmaktadır. Yalancı eşdeğerlikler üzerinde yapılacak çalışmalar dilimizin, tarihimizin ve kültürümüzün aydınlatılmasına hizmet edecektir. Bu çalışmada elde edilen sonuçların ileride bu konuda yapılacak çalışmalara katkı sağlayacağı düşünülmektedir.

Kisaltmalar

TDK/TS: Türk Dil Kurumu/Türkçe Sözlük

KZ-TR S: Kazak Türkçesi-Türkiye Türkçesi Sözlüğü

KAYNAKLAR

[1] RESULOV, Asker (1995) “Akraba Diller ve Yalancı Eşdeğerler Sorunu”, Türk Dili içinde, Sayı: 524, s.916-924.

[2] CRYSTAL, David (2010) Cambridge Dil Ansiklopedisi, 2. Baskı, Çevirenler: Kurul, Bursa: Uludağ Üniversitesi Yayınları.

[3] ÖZKAN, Fatma (1999), “Bugünkü Türk Lehçelerindeki İletişimi Zorlaştıran Kelimeler”, 3.Uluslararası Türk Dili Kurultayı, Ankara, s.883-889.

[4] UĞURLU, Mustafa (2004), “Türk Lehçeleri Arasında Kelime Eş Değerliği”, Bilig 29, Ankara.

[5] AKBABA, Dilek Ergönenç (2007), “Nogay Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Arasındaki Yalancı Eş Değerler”, Bilig içinde, Yaz 2007, sayı: 42: 151-176.

[6] GÜNAY, V. Doğan (2007), Sözcükbilime Giriş, İstanbul: Multilingual Yayınları.

[7] UĞURLU, Mustafa (2000), “Türk Lehçeleri Arasında Aktarma Meseleleri ve ‘Abay Yolu’ Romanı”, Bilig 15, Ankara.

[8] BAYNİYAZOV Ayabek, BAYNİYAZOVA Canar (2007), Qazakşa - Türikşe Sözdik, Almatı.

[9] KENAN, Koç, BAYNİYAZOV Ayabek, BAŞKAPAN Vehbi (2003), Kazak Türkçesi Türkiye Türkçesi Sözlüğü, Ankara, Akçağ Yayınları.

[10] Türkçe Sözlük (2011), Türk Dil Kurumu Yayınları.

МРНТИ 16.21.37

Ж.Т.Жұмбаева¹, А.Аманбаева²

^{1,2}А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
аға ғылыми қызметкерлері, филология ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы, Қазақстан

СЕГМЕНТТІ ФОНЕТИКА: ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация: Қазіргі таңда ауызша сөзді жан-жақты қарастыру тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе синтагматикалық жүйеде дауысты дыбыстардың өзгерісін яғни езулік дауыстылардың еріндікке айналуы, сондай-ақ қатаң дауыссыздардың ұяндануы сияқты процестерді тілдік деректер арқылы қарастыру аса қажет болып отыр. Фонеманың варианты мен вариациясын қарастырған зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, дауыстылардың әлді және әлсіз позициясы қарастырылды.

Мақалада дауысты дыбыстардың қызметі және олардың әлді, әлсіз позициясы тілдік деректер арқылы сипатталды, сондай-ақ мәтін арқылы талдау жасалды.

Тірек сөздер: фонология, фонетика, фонема, дауысты дыбыс.

Ж.Т.Жумабаева¹, А.Аманбаева²

^{1,2}старший научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова,
канд.филол.н., Алматы, Казахстан

СЕГМЕНТНАЯ ФОНЕТИКА: ФУНКЦИЯ ГЛАСНЫХ ЗВУКОВ

Аннотация. В настоящее время всестороннее изучение устной речи является одной из актуальных проблем в языкознании. Особенно необходимо рассматривать изменения гласных в синтагматической системе с помощью речевых данных, такие процессы, как превращение нелабиализованных гласных в лабиализованных, а также озвончение глухих согласных. Опираясь на труды исследователей, рассматривающих вариант и вариацию фонемы, была рассмотрена слабая и не слабая позиция гласных.

В статье рассматриваются функция гласных звуков в синтагматике. Анализируются текст, в которых присутствуют гласные звуки казахского языка. Определяются фонетика-фонологические характеристики гласных звуков.

Ключевые слова: фонология, фонетика, фонема, гласные звуки.

Zh.T.Zhumabayeva¹, A. Amanbaeva²

^{1,2} Senior Researcher, A. Baytursynov Institute of Linguistics, Candidate of
Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

METHODS OF TRANSMISSION OF BORROWED WORDS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. Currently, the comprehensive study of oral speech is one of the topical problems in linguistics. It is especially necessary to consider changes in vowels in the syntagmatic system with the help of speech data, such processes as the transformation of

non-labialized vowels into labialized ones, as well as the voicing of voiceless consonants. Based on the works of researchers considering the variant and variation of the phoneme, the weak and not weak position of the vowels was considered.

The article discusses the function of vowel sounds in syntagmatics. The text in which there are vowels of the Kazakh language is analyzed. The phonetics are the phonological characteristics of vowel sounds.

Keywords: phonology, phonetics, phoneme, vowels.

Жалпы тілдің ауызша және жазба түрі болатыны белгілі. Тілдің ауызша және жазба нормасын өзара ажыратып, олардың қызметін анықтап берген Р.Сыздық, Н.Уәлидің зерттеулерінде: «Әдеби тілдің ауызша нормасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін таяныш етеді. Алайда халық тілінің дыбыс жүйесіндегі әр алуан варианттардың едәуір бөлігі тіл жұмсау тәжірибесінде халық тілінің сөз үлгілерінен таңдалып, сұрыпталды. Нормалардың қалыптасуында байырғы кездегі ақын, жыраулар, билер тәрізді ауызша сөз майталмандарының шаршытоп алдындағы сөзі, кейінгі кезеңдерде сахна, радио, телевизия хабарларының рөлі айрықша болды. Солар арқылы қалыптасқан үлгілер әдеби тілдің ауызша нормасы деп танылды [1] деп келеді. Шындығында сахнада, теледидарда жүрген өнер адамдарының сөзді дыбыстау мәнері үлгі болуы керек. Осымен байланысты Р.Сыздық өзінің еңбегінде, әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар [2] – дейді. Айталық, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың қызметі өте күшті болып келеді. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың ырқында, жетегінде болатыны белгілі. Оны Ж.Аралбаев өзінің еңбегінде жақсы көрсетеді. Ғалымның анықтауынша, «жаз, жез, жон, жөн» сөздерінің басындағы «ж» дыбыстарының сөз мағынасын айқындау жағы бар ма? Жоқ. Сөз басындағы «ж» дыбыстарының акустика-артикуляциялық өзгешелігі болғанымен, лингвистикалық-мағыналық өзгешелігі жоқ. Ал одан кейінгі «а», «е», «о», «ө» дыбыстарының сөз мағынасын айқындайтын қасиеті бар ма дегенде, сөзсіз бар дей аламыз. Бұлар акустика-артикуляциялық жағынан біркелкі болмаған өзге дыбыстар еді. Демек, «ж» дыбыстарында болған ерекшеліктердің фонематикалық кезеңі жоқ та, ал «а», «е», «о», «ө» дыбыстарының фонологиялық кезеңі бар. Бұл дыбыстар арқылы сөз мағынасы өзгеріп тұр. Олай болса, қазақ тіліндегі «а», «е», «о», «ө» дыбыстары сөздің мағынасын айқындайтын дыбыс типтері болып есептеледі [3]. Осымен байланысты З.М.Базарбаеваның пікірінше, сөз ағымындағы айтылатын және қабылданатын дыбыс мағына ажыратушы қызметімен қатар фонологиялық мәні жоқ қасиеттерімен ерекшеленеді. Әр дыбысты фонема деңгейінде қарастыруға болмайды. Себебі, әрбір дыбыс бір функционалды ерекшеліктерімен сипатталып, сол фонеманың көрінісі болып табылады. Фонемалар сөз ағымындағы дыбыстарда көрінетіні белгілі, бірақ сол дыбыстардың өзі фонема бола алмайды, себебі фонема тек мағына ажыратушы қасиеттерімен ерекшеленеді [4]. Фонеманың сөздің мағынасын ажырататын қызметін оның тұлғасынан және мазмұнынан көруге

болады. Осымен байланысты З.Базарбаеваның анықтауынша, сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз. Нақты айтқанда, тілдің ең шағын функционалды бірлігі, сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажырататын және оның құрамында болатын дыбыс типі [4]. Фонема сөздің мағынасын ажыратумен қатар әртүрлі реңкте және әртүрлі позицияда көрініс табады. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі дауысты тоғыз фонема сөйлеу барысында әртүрлі реңкте көрініс табуы мүмкін. Сөз мағынасын ажыратушы бірлі болып табылатын фонеманың дыбыс қоры болады. Оның дыбыс қоры синтагматикада көрініс табатыны белгілі. Себебі жазылған мәтінді сол қалпында оқи алмаймыз, оны ауызша кодқа салып, айтылым бойынша дыбыстаймыз. Айталық,

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтенсөзбенбылғансөзарасы,
Ол – ақынныңбілімсізбишарасы.

(Абай)

Ұлең // сөздүпатшасы // сөссарасы //
Қыйыннанқыйыстырар /^{ер}данасы //
Тілгежеңіл // жүрөкке // жылытйіп //
Теп-тегіс / жұмүргелсін / айналасы ///
Бөтөнсөзбөн / былғансөзарасы //
Ұлақынның / білімсізбыйшарасы.

Берілген мәтінді сол күйінде оқи алмаймыз, оны қазақ тілінің айтылым нормасына салып оқимыз. Сонда барып тыңдарман үшін өлеңнің мазмұны түсінікті болады. Ол үшін орфоэпияның төмендегідей ережелерін есте сақтаған дұрыс.

– Түбірдегі **о** дыбысы кейінгі буындағы **ы** дыбысын дауысты **ұ** дыбысына айналдырады: *орын – орұн*, Қазіргі уақытта дауысты қысаң дыбыстардың еріндікке жақын айтылуы екінші буыннан аспай бара жатыр деген пікірлер бар. Оны мәтін ішінде көретін болсақ.

– Ал керісінше түбірдегі дауысты жіңішке **ү** дыбысы кейінгі буында келетін **і** дыбысын дауысты **ү** дыбысына айналдырады: *үтір – үтүр, оңтүстік – оңтүстүк, оңшыл – оңшұл, оңды – оңдұ, оныншы – онұншұ, онкүндік – оңгүндүк, омырту – омұртұ, ондық – ондұқ*.

– Түбірдегі **ұ**, **ү** дыбысы кейінгі буындағы **ы**, **і** дыбысын еріндік **ұ**, **ү** дыбысына айналдырады. Мысалы, *ұмыт – ұмұт, шұқыр – шұқұр*, және т.б.

– Сөз ішінде, сөз тіркестерінің аралығында қатаң **к**, **қ** дыбысы дауысты **і**, **ы**, **а**, **у**, үнді **й**, **н**, **л**, **р** ұяң з дыбыстарынан кейін ұяңдап айтылады. Мысалы, *үлгі керек – үлгу герек, арты қар – артұ зар, ала көйлек – ала гөйлек, айту керек – айтұ герек, қарай көр – қарай гөр* және т.б.

– Қосымша **к**, **қ**, **ғ** дыбыстарынан басталса, сөздің соңғы **н** дыбысы **ң** дыбысына айналып айтылады. Мысалы: *сән қой – сәң қой, әнге – әңге, нанға – наңға*.

– Сөздің соңғы дыбысы **н** болып, кейінгі қосымша не сөз **б** дыбысынан басталса, **н** дыбысы **м** дыбысына айналады. Мысалы, *көнбе – көмбе, панбарқыт – памбарқыт, күнбағыс – күмбағыс, күнбалық – күмбалық, күнбатыс – күмбатыс, күнбе-күн – күмбө-гүн*.

– Сөз басында дауысты **е, о, ө** дыбыстары келетін болса, олардың алдынан селбеспе **и, у, ү** дыбыстары естіледі. Мысалы, *“елік, “егер, “еңбек, “отан, “орда, “орта, “өмір, “өнер, “өрнек.*

– Қатар келген екі дыбыстың біріншісі **к, қ, п, с, т, ш** дыбыстары, екіншісі **б, ғ, ғ, д, ж** дыбыстары болса, бірінші қатаң дыбыстардың әуенінен кейінгі дыбыстар айтылуда қатандап, **п, к, қ, т, ш** дыбыстарына айналады. *Көк бояу – көк пояу, қырық буын – қырық пуын, ширек жасыр – ширек қасыр, күш-жігер – күш-шігер, дос-дұшпан – дос-тұшпан.*

– Түбір мен қосымшаның аралығында **ш, с** қатар келген жағдайда да бірінші дыбыстың әсерінен кейінгі **с** дыбысы айтуда **ш-ға** айналады, бірақ жазуда түбір тұлғасы сақталады: *ашса – ашша, қашса – қашша.*

– Қатар жұмсалатын екі дыбыстың біріншісі **с**, екіншісі **ж** болып келсе, екеуінің бір-біріне тигізетін әсерінен **с – ш-ға, ж – ш-ға** айналады. Мысалы, *жолдас-жора – жолдаш-шора, қос жорға – қош шорға, тас жүрек – таш шүрек.*

М.Дүйсебаеваның пікірінше, тіліміздегі сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей болуы да, болмауы да мүмкін. Мысалы, *түрлі үйірмелер сенбі күндері жұмыс істейді немесе он бес тудың торқасының түгі бір, он бес тудың көтеретін жүгі бір* (С.Сейітов) деген сөздер айтылуы бойынша: *түрлү үйүрмелер сембі гүндөрі жұмұс істейді. Ом бес тұудың торқасының түгү бір, ом бес тұудың көтөретін жүгү бір.* Осы сияқты мысалдарды келтіре отырып, олардың жазылуы мен айтылуы бірдей еместігін айтады. Оның себебін сөйлемдегі сөздер айтуда бір-бірімен үйлесіп, жымдасып және үндесіп айтылуымен түсіндіреді.

Ал интонациялық жағынан келетін болсақ, зерттеушілердің пікірінше, әрбір стильдегі мәтіндердің өзіндік айтылу сарыны болады. Сол арқылы коммуниканттар бір-біріне қатынасын (ресми-бейресми), ақпараттың сипатын (эмоциялық, үгіттеуіш, бағалауыш, тұрмыстық және т.б.) ажырата алады.

Сонымен, тілдік бірліктері белгілі бір стильге негізделіп құрылған мәтіннің дыбысталғандағы интонациялық ұйымдасуында да өзіндік ерекшелік болады екен. Мысалы, сөйлеу стилінде сөз соңына дейін қарқынның тұрақты, ал дауыс қаттылығы мен әуеннің бірқалыпты сақталуы сирек кездеседі, сөйлеу барысында сөз ағымының бір бөліктері жылдам, бір бөліктері баяу, әуен мен дауыс қаттылығы құбылып айтылып, олардың бір қалпынан екінші қалыпқа бірден ауысып отыруы сөйлеушінің еркін қарым-қатынас жағдаятында дайындықсыз, стихиялы түрде сөйлеп жатқанын аңғартады. Ал публицистикалық стильде дайындалған мәтіндердің интонациясы жанрлық ерекшелігіне қарай белгілі бір заңдылықтармен ұйымдасатыннан аңғару қиын емес. Мәселен, радио,-теледидар арқылы берілетін «Ақпараттардың» мәтіні арнайы дайындықпен келген директордың айтылымында баяу қарқынмен, әуеннің бір регистрінде бірқалыпты дауыс сарынымен беріледі. Осы сияқты ортақ белгілеріне қарап тыңдаушы мәтіннің стильдік сипатын ажырата алады [5]. Осы жағынан алғанда стильдің түріне қарай мәтіннің оқылуы да түрленіп отырады. Айталық, публицистикалық стильде мәтін арнайы дайындықпен оқылатындықтан, баяу қарқынмен және бірқалыпты дауыс сарынымен беріледі екен. Олай болса, біз мақаламызда публицистикалық стильдегі мәтінді талдамақпыз. Мәтін «Неден бастау керек?» деп аталады. Мәтіндегі алғашқы екі сөйлемге келетін болсақ, *«Қазақ тілі» – қалың жұртшылық қолдауымен құрылған халықтық ұйым. Оның басты міндеті – мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің қоғамдық өміріміздің барлық саласына еркіндеп енуін қадағалап, қолғабыс ету. Қазақ халқы үшін «Қазақ тілі» қоғамының*

құрылуы тарихи мәні зор оқиға болып табылатыны сөзсіз. Әу баста жарияланған Жарғымыздың жобасы бойынша қоғам «Ана тілі» деген атпен құрылмақшы-тын. Ондағы мақсатымыз республикамызда тұратын басқа да ұлт өкілдерінің тілдерін қанатымыздың астына алып, бауырмалдық парызымызды өтеу еді». Берілген мәтінді ауызша кодқа салатын болсақ. «Қазақ тілі» – қалың жұртшылық қолдауымен құрулған қалықтық ұйым. ^уОның басты міндеті – мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің қоғамдық ^әөміріміздің барлық саласына ^ееркіндеп ^еенуін қадағалап, қолғапыс етуу. Қазақ қалқы үшін «Қазақ тілі» қоғамының құрулуы тарыйхый мәні зор ^уоқиға болып табылатыны сөзсіз». Әу баста жарыйаланған Жарғымыздың жобасы бойынша қоғам «Ана тілі» деген атпен құрулмақшы-тын.^уОндағы мақсатымыс республикамызда тұратын басқа да ұлт ^өөкүлдерінің тілдерін қанатымыздың астына алып, бауырмалдық пар^ызымызды ^өөтеу ^ееді».

Мәтіннен көріп отырғанымыздай, сөз басында дауысты **е, о, ө** дыбыстары келсе, оның алдында селбеспе дауысты ^{и, у, ү} дыбыстары естіледі. Осымен байланысты эксперимент жүргізген ғалым Ә.Жүнісбек өзінің зерттеу жұмысында былай келтіреді: Кейбір ғалымдар: «дауыстылар фонетикалық жағдайына қарай әртүрлі комонофтонг бинаторлық варианттарда келе береді, **е, о, ө** дауыстылары сөздің бас позициясында үнемі ашық дифтонг (йе, уо, уе) саласында айтылады: *есік* (^еесік), *етік* (^еетік), *елес* (^еелес), *орамал* (^өорамал), *олжа* (^өолжа), *өмір* (^өөмір), *өкпе* (^өөкпе) т. б. Сөздің өзге шенінде бұл дауыстардың ешқайсысы дифтонг түрінде кездесе алмайды. Анлауттағы ^{и, у, ү}**е, о, ө** ашық дифтонгтары мен сөздің өзге шенінде келетін **е, о, ө** монофтонг-жалаңдарының арасында фонематикалық ерекшелік жоқ. Сондықтан ^{и, у, ү}**е, о, ө** дифтонгтерін **е, о, ө** фонемаларының сөз басында айтылатын комбинаторлық не позициялық варианттары деп қараймыз», – десе, екінші бір ғалымдар: «бұл дауыстылар барлық буындарда да монофонемалық дифтонг қалпын сақтайды, Мысалы, *елес* (*йеліес*), *емен* (*йеміен*), *ереуіл* (*йеріеуіл*), *орхон* (*уорхуон*), *оппонент* (*уоппуонийент*) т.б.– дейді.

Сол сияқты мәтінде жоғарыда көрсетілгендей, езулік дауыстылардың еріндікке айналғанын және қатаң дауыссыздардың ұянданғанын көруге болады. Сонымен қатар қазақ тілінде и әрпі **йй**, **ый** дыбыстарының, у әрпі **үү**, **үу** дыбыстарының таңбасы ретінде қолданылатыны белгілі, ал ауызша тілде **и** дыбысы **йй**, **ый** және **у** дыбысы **үү**, **үу** болып айтылады. Осымен байланысты мәтінде *жарияланған – жарыйаланған, тарихи – тарыйхый қолғабыс – қолғапыс етуу* деген сөздерде **и** және **у** әріптері **йй** және **үү** болып айтылған.

Қорыта келгенде, ауызша тіл мен жазба тілдің өзара айырмашылығы мен ерекшелігі бар. Оны жазылған мәтіндердің сол қалпы оқылмай әртүрлі дыбыстық өзгерістермен оқылатынынан байқауға болады. Яғни жазба тіл ауызша тілдің кодына салынады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Уалиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил.ғыл.канд...Алматы,1993. – 162 б.
- [2] Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000. – 532 б.
- [3] АралбаевЖ. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы,1988. – 144 б.
- [4] БазарбаеваЗ. Қазақ фонологиясының негіздері. –Алматы, 2012. – 320 б.
- [5] Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы, 2004. – 200 б.

МРНТИ 16.21.33

Г.Б.Көбденова

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы, Қазақстан

Ә.БӨКЕЙХАННЫҢ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ОРНЫ

Аннотация: Термин тілде пайда болып, қалыптасуы үшін оның оқулықтарда, ғылыми әдебиеттерде жазбаша көрініс тауып және ауызша қолданыс аясында тұрақтануы қажет. Осы орайда оқулықтардың атқаратын орны ерекше. XX ғасырдың алғашқы жартысында астрономия бойынша ұлттық ғылым тілін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның еңбектерін зерттеу парыз.

Түйін: Әлихан Бөкейханның төте жазумен жазған оқулық аудармаларындағы астрономиялық терминдер құрамы ұлттық терминология тұрғысынан зерделенеді.

Тірек сөздер: ұлттық терминология, астрономиялық терминдер, ұлттық ойлау жүйесі, графика, төте жазу, ономастика.

Г.Б. Күбденова

научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсинова, канд. филол.н., Алматы, Казахстан

РОЛЬ АСТРОНОМИЧЕСКИХ РАБОТ А.БУКЕЙХАНА В РАЗВИТИИ КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Для того, чтобы термин появился и сформировался на языке, он должен отражаться в учебниках, научной литературе и стабилизироваться в рамках устного использования. В этой связи особое место занимает учебники. В первой половине XX века предстоит изучить труд лидера нации Алихана Букейхана, внесшего огромный вклад в формирование Национального научного языка по астрономии.

Собраны и анализированы старописьменная лексика в астрономических учебниках начало XX века; рассмотрены астрономические термины в учебниках Алихана Букейхана в аспекте национальной терминологий.

Ключевые слова: национальная терминология, астрономические термины, национальное восприятие, графика, ономастика.

G.B. Kobdenova

Researcher at the A. Baytursynov Institute of Linguistics, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF ASTRONOMER ROLES IN THE DEVELOPMENT OF THE KAZAKH LITERARY LANGUAGE

Annotation. In order for a term to appear and form in a language, it must be reflected in textbooks, scientific literature and stabilized within the framework of oral use. In this regard, textbooks occupy a special place. In the first half of the twentieth century, the work of the leader of the nation Alikhan Bukeikhan, who made a huge contribution to the formation of the National Scientific Language of Astronomy, is to be studied.

The oldest vocabulary of the astronomical books was analyzed and analyzed by the twentieth century; considered as astronomical terms in Alikhan Bokeyhan's manuals in the context of national terminology.

The oldest vocabulary of the astronomical books was analyzed and analyzed by the twentieth century; considered as astronomical terms in Alikhan Bokeyhan's manuals in the context of national terminology.

Keywords: national terminology, astronomical terms, national liberation, graphics, onomastics.

Сана жаңғыру – тілдік жаңғыру – рухани жаңғыру – ұлттық жаңғыру бір-бірімен сабақтастықта қаралатын ұғымдар. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту» деп ұлттық жаңғырудың мәніне терең бойлайды. «Жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп атап көрсеткеніндей, ұлттық тілдің рухани тамырына назар аударып отыруымыз керек.

Аударма – адамзат іс-әрекетінің ежелгі түрі. Аударма адамзаттың рухани қажеттігінен туындап, бастау кезеңдері ежелгі дәуірлерден басталады. Ол жеке халықтардың мәдениеті мен тұтас әлемдік мәдениеттің тарихынан айрықша орын алады. XX ғасырда аударма ісі қарқындап дамып жатқан тығыз халықаралық байланыстардың әсерімен жан-жақты ауқымда дами түсті. Сол себепті XX ғасыр «аударма ғасыры» деген атқа ие болды. қазақ мәдениеті де осы ғасырда аударма ісі өз мәнінде көрініс тауып, ұлттық мәдениетте өшпестей өз орнын алды. Талай буын ұрпақтары аударма ісінің нәтижелерімен сусындап өсті. Қазақ мәдениетіндегі XX ғасырдың 20-30 жылдардағы аударма ісі рухани-мәдени, оқу-ағарту сипатында болды.

Ғылыми-техникалық тақырыптағы материалдың дұрыс аударылуы үшін қажетті және негізгі шарттың бірі – мәтіндегі атаулардың, процестердің, детальдардың тұрақты терминдерін жасау және сол термин сөздерді үнемі өзгертпей қолдану. Көркем әдебиетте көркем образдың өрбіп өркендеуі, характерлердің қақтығысы, кейіпкерлердің тіршілік тынысы негізгі назар аударатын мәселе дейтін болсақ, ғылыми-техникалық әдебиетте ғылыми тұжырым, ғылыми термин сондай негізгі рөл атқарады. Екінші сөзбен айтқанда, терминдер ғылыми және техникалық әдебиеттің негізгі шешуші факторы, басты элементі болады.

Термин тілде пайда болып, қалыптасуы үшін оның оқулықтарда, ғылыми әдебиеттерде жазбаша көрініс тауып және ауызша қолданыс аясында тұрақтануы қажет. Осы орайда оқулықтардың атқаратын орны ерекше. XX ғасырдың алғашқы

жартысында астрономия бойынша ұлттық ғылым тілін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның аударма оқулықтарының тізімі төменде беріліп отыр.

№	Авторы	Кітаптың атауы	Жылы, баспасы	Еңбектің сипаты
	Қыр баласы	Астрономия әліп-биі (К.Фламарионнан аударған)	Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1924. –225 бет.	Аударма оқулық кітап
	Қыр баласы	«Қандыжауын» (К.Фламарионнан аударған)	Қызылорда, «Жаңа мектеп» журналы, № 7-8, 1926 жыл.	Мақала
	Қыр баласы	Дүниенің құрылысы (Д.Граведен аударған)	Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. –101 бет.	Аударма кітап
	Қыр баласы	Жердің қысқаша тарихы (Т.Тутковскийден аударған)	Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. –102 бет.	
	Қыр баласы	Мұғалімдерге хат: Пыланеттер	Ж.М., 1926. №14-15. –21-25-бб.	

XX ғ. басында жазылған астрономиялық оқулық санатына жататын ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның еңбектері түпнұсқа төте жазудан бүгінгі кирилл жазуына трансформацияланды.

Аты аталған еңбектер тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп, тілдік талдаулар жасалынды, яғни жаңғыртылған ескі жазба лексикасы іздестіріліп, мысалдар жинақталды, семантикасы ашылды, XX ғасыр басындағы қазақ тілінің ғылыми стилінің қалыптасу тарихы, ғылыми фразеологизмдердің мәні ашылды, ұлттық терминологияға қосқан үлесі айқындалды. Н.Назарбаевтың «Рухан жаңғыру» бағдарламасы аясында тіл арқылы сана жаңғыру, рухани жаңғырудың белгілері айқындалды, сана – атау, халықтық атау – ғылыми атау байланысы, терминдерінің лингвомәдени мәні ашылды, ұлттық терминологиялық жүйенің қалыптасуындағы Ә.Бөкейханның қызметі, терминдер табиғаты *тіл мен ұлт* сабақтастығында қарастыру қажет.

«Қыр баласы» деген лақап атпен Мәскеуде 1926 жылы «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасынан» төте жазумен жарияланған «Дүниенің құрылысы» оқулығы – орыстың академик жазушысы Д.Кіребенің еңбегін қазақшаға аударған оқулық. Бұл жөнінде оқулықта былай деп берілген: *«Мен кітебін қазақшалаб отырған академик Гырабе баласы ерте заманда адам баласы дүние құрылысына қалай қарағанынан сөз бастайды. Осы орыс жазушысының жазғанын оқыушыларға ұқтырмақ болып ана білімнің үш қонысын жаздым.*

*Енді гирабешілеб дүние құрылысына көшейік. Қыр баласы. 8 – XII – 25 – Мескеу»**.

Біз бұл еңбекті толығымен төте жазудан қазіргі кирилл графикасына көшірдік. Оқулық 101 беттен тұрады, 4500 данамен шыққан [1]. Әлихан Бөкейханның екінші аударма еңбегі 1924 жылы жарыққа шыққан «Астрономия әліп-биі» [2].

Аты аталған бұл еңбек дүниенің құрылысы, жер мен планетталардың орналасуы жайында, ғарыштық кеңістік туралы қазақ оқушысына ғылыми түрде алғаш берілген астрономиялық теориялық білімдердің жиынтығы.

* Біз еңбектен алынған үзінділерді мәтіндегі жазу нұсқасымен бергенді жөн көрдік.

Бұл еңбек сол кезеңдегі қазақ оқушысына алғаш ғылыми түрде берілген түсінік болғанымен, ондағы айтылатын аспан кеңістігі жөніндегі мәліметтер қазақ оқырмандарына таңсық дүние емес еді. Себебі қазақ халқы түнде шаңырақтың астынан жұлдыздарды бақылап, әр жұлдызға *Темірқазық, Жетіқарақшы, Шолпан, Үшарқар, Қосақ, Шетен, Құлынжал, Сұлусары, Үркер, Ақбозат, Көкбозат, Босаға, Арыстан, Құс жолы, Есекқырған т.б.* атаулар беріп, өз дүниетанымымен аспан кеңістігін бағдарлап, табиғатқа біртабан жақын, етене араласып өскен халық. Ортағасырдағы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінде немесе XIX ғ.аяғы мен XX ғ. басында өмір сүрген Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларында аспан кеңістігіне қатысты атаулар мен түсініктерді кездестіреміз.

Мәселен, Мәшһүр-Жүсіптің «Табиғат пен адам денесін салыстыру (екінші әңгіме)» атты әңгімесінде адамда болатын физиология-психологиялық жай-күйді табиғатта болатын табиғи құбылыстармен салыстыруы өте қызық. Әңгімеден үзінді келтірейік: *«Көкті құрсаған бұлт – адамның өз-өзінен қуырылып шытынбағы. Оның айт... – адамның жадырап отырмағы. Күркіреген күн – адамның дауысы, жалт еткен нажағай – күлкісі. Жаңбыр – жылаганы. Жалғанның жүзіне хошлық беріп тұрған жел – дем алыс. Көк жұлдызы, құстың жолы – қасы. Жаңа туған ай – құлағы, толған Ай – жүзі. Түн қараңғылығы – шашы. Атқан таң, жарқ еткен [күн] – маңдайы. Қайсыбірін айтайын, аспанда болғанның бәрінен де адамның денесінде болған асыл».*

Халықтың *«жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке»* деп магиялық тылсым күшпен тілдесуі, *жұлдызды санама, күн шықпай күл төкпе, айға қарап дәрет сындырма, айды қолыңмен көрсетпе* т.с.с. табиғатқа қатысты тыйымдар немесе *айға шапты, айын аспанға шығарды, айға талпынды, айды аспанға бір шығарды, айдың қараңғысы, айдан анық, айдай әлем, аузын айға біледі, ай тастай қараңғы, ай сүттей жарық, ай сәулесі жүдеу, айдай сұлу, ай десе аузы, күн десе көзі, ай қабақ, алтын кірпік, ай мүйізді, ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ, айдан ұл тудырып, күннен қыз тудырып, айдай таза, күндей нұрлы, ай балтаның сабындай, ай дала, ай тұяқ шалу, бірің ай-дүр, бірің күн-дүр, қосылыңыз жар-жар* т.б. деген тұрақты тіркестер мен өлең жолдары қазақтың ғарыш кеңістігімен байланыста болғандығын көрсетеді.

«Дүниенің құрылысы» оқулығы мынадай 14 бөлімнен тұрады: 1. Бет ашар. 2. Дүниенің құрылысы. 3. Пыланеттер. 4. Дүниенің тартатүн күші. 5. Жер – пыланет. 6. Жылдың қыс, жаз, жазғытұр, күз уақыттары. 7. Календар. 8. Күн. 9. Ай. 10. Көлеңкеленуі. 11. Кометелер. 12. Жұлдыз жауын. 13. Көшбейтүн жұлдыздар. 14. Дүниіде тоқталмай іс қылыб тұрған күштер.

Автор *білімнің үш мүшелі, үш қонысы* деп «наным, сын, білім» үшеуін таныған. *«Білімнің наным мүшелі, сын мүшелі, білім мүшелі».* Бұл автордың логикалық ой жүйесін көрсетеді.

Бұл аударма таза аудармадан тұрмайды, яғни еркін аудармаға ұқсайды. Бұнда «қыр баласының» өзіндік дүниетанымы мен қазақ халқының дүниетанымына тән түсініктерді баяндайтын жерлері ұшырасады. Сол кезеңдегі қазақ оқырмандарының аялық білімін ескере отырып, *қазақ дүниетанымына жақын ұғым, түсініктермен беруге* тырысқан. Сол үшін күнделікті өмірден, айнала қоршаған ортадан мысалдар алып ұғынықты етіп сипаттаған. Мысалы: *«Бұлыт жоқ ашық түнде жазық далаға шығыб аспанды қарастырсақ, тозған қараша үйдің жыртығындай күн жарық жұлдыздарды көреміз. Осылардың ішіндегі ең жарығы*

қашан қарасаңда бір орыннан көшбеген сықылды көрінеді. Ең жарық, ең сұлыу жұлдыздар қозғалсада матаулы түйедей матауын жазбайды. Осындай матаулы жұлдызды, жұлдызшылар **ұйалы жұлдыз** дейді. *Ұйалы жұлдыздар аспан кеңдігінде шашыб тастаған асықтай, шашылыб жатыр*». Осы мәтіндегі **қараша үйдің жыртығындай, матаулы түйедей матауын жазбай, шашыб тастаған асықтай** деген сөз тіркестері қазақтың қай баласына да түсінікті еді әрі көзге елестетуге де оңай болады.

Автор жер өз осінен өзі айналады деген түсінікті беру үшін *«жер өзінен өзі ұршықтай айналады»* немесе *«жер күннен дөңгелек жолымен, арқандағы аттай айналады»* деп қазаққа етене жақын таныс, күнде үй тіршілігінде көріп жүрген ұршық атауы мен арқандаулы атпен салыстырады. Бұл оқырмандардың құбылысты ұғынықты, оңай, әрі тез қабылдап алуына тиімді әдіс еді.

Бұрын-сонды апельсинді жеп көрмек түгілі, көрмеген қыр қазағының қара баласына «апельсинді» алғаш рет таныстырғанда да қазақ танымына тән сөздерді қолданған: *«үлкендігі сақа айғырдың тезегіндей, алманың ағайыны»*.

Сол секілді Еуропадағы христиан дін өкілдерінің Рим шіркеуіндегі католиктерді, папа, монарх секілді діни атақ, лауазымдарын өмірінде көзбен көрмеген мұсылман қазақ балалары үшін сол кезеңде *«католик молдалары, полек молдасы»* деп берген түсінікті болатын еді.

«Қыр баласы» астрономиялық атауларды бергенде сол зат қазақ тұрмысында болмағандықтан *сипаттамалы, түсіндірмелі әдістерді* пайдалана отырып және оның қазақша баламасын да беруге ұмтылыс жасайды. Біздіңше, бұл ұмтылысы сәтті шыққан. Мысалы: *«Пыланеттердің көбінің ерткен қошшысы бар. Пыланеттер күннен айналғанда қосшы жолдастары көлеңкедей еріб пыланеттерден айналады да жүреді. Біздің жердің қосшы жолдасы айдың қылғаны да осы»*. *«Жұлдызды бақылаб-бағыб зерттеуге осы күні өзгеше үй салады. Бұл үйдің орыс тілінде аты обсерваторыше. Латын тілінде обсербы – қараймын, бақылаймын, бағамын деген сөз. Олай болған соң, бұл үйдің қазақша аты қарауыл үй болады ғой»*.

«Астрономияшылардың асбабы, қырағы түтік – телескоп. Жұлдызшы бір түтікке қараб сұуретін салатұн аспанның аймағына телескопты бұрмалайды. Екінші түтікте сұурет салып алатұн асбаб бар».

«Күнмен ғана жарық болады, пыланеттер аспан кеңдігінде дөңгелек сызық жолмен күнді, қазықтан айналған арқандағы аттай айналады, сонымен пыланеттердің бұ жолын, орыс, латын тілінде дөңгелек – орбыйта дейді».

Жұлдыздардың кейбір атауы қазақ тілінде бұрыннан бар екендігі белгілі (Темірқазық, Жетіқарақшы, Шолпан, Кемпірқосақ т.б.). Сол себепті автор қазақы ұғымдағы Шолпан жұлдызын батыс біліміндегі Венера жұлдызымен сәтті салыстырады. Мысалы 23-бетте: *«Күннен санағанда екінші, меркүрдің сыртында күнді айналған пыланет, ром елі сұлыулықтың құдайының атын қойған, бенере. Бұ біздің Шолпан. Мұны мен күннің арасы 7-де тағыда он бөліктің 2-і (7,2) болады. Аспанда Шолпаннан сұлыу жұлдыз жоқ, күнге еріб жүріп батыста жарқыраб жанады. Күнді бастаб жүріп шығыста, күн батса келе жатыр деб тұрады. Шолпанның жарығы сондай күшті, жерде тас, ағаш, айыуан Шолпаннан да көлеңке тастайды»*. *«Жер жазуында (автор географияны айтып отыр – Г.К.) жердің сабының екі ұшын пөліс (полюс – Г.К.) дейді. Темір қазыққа қара қарсы*

пәлісті терістік, түстікке қара қарсы пәлісті түстік дейді» немесе «Күннің жарығы жаңбырдың бұлыттағы сұуынан өтіп аспандағы кемпір қосақты тігеді». «Ұршықты, зырылдауықты ійіріб тақтайға тастай берсе, ұршықта, зырылдауықта сабынан тық тұрб айналмайды, жамбастаб, теңге алатұн жігіттей, жантайа айналады. Жердің де айналатұн сабы (жерде шынында түк саб жоқ, жердің сабы дегенде ой жорыған сабты айтады) жантайыңғы болады. Жердің сабының екі ұшы (бұда ой жорыған ұш) 23інші сұуретте (№2) терістік, (S) түстік қарыбтермен таңбаланған. Жер күннен жыл он екі айда айналғанда сабының терістік (№2) ұшын жазбай, аспан кеңдігінде бір бетке қойып айналады. О бет – темір қазық».

Ал астрономия ғылым саласын автор былайша түсіндіреді: «Аспан кеңдігін жайлаған жарық – шырақтарды бақылап, бағып тексерген білім бетін – білімді астыроном білімі дейді. Бұл білімге бұл атты гірек елі таққан. Ол елдің тілінде жұлдыз – астер, номос – қалып, заң болады. Осы екі сөзден астыроном білімінің аты шыққан. Ал астыроном білімін өрге сүйіреген жұлдыз, өзге жарық сәулелі шырақтардың жүрісін зерттеген адам астырономшы аталады».

«Дүниенің құрылысы» еңбегі астрономиялық сипаттағы еңбек болғандықтан, бұнда сол ғылым саласына тән терминдер мен атаулар кездесетіні анық. Мысалы: жер, күн, жұлдыз, ай, шырақ, аспан кеңдігі, әуесіз аспан кеңдігі, аспандағы доб, небтін (нептун), ұран (уран), сатырын (сатурн), ійунітер (юпитер), орбыита (орбита), меркүр (меркурий), марыс (марс), мердіиен, жеті қарақшы, темір қазық, кемпір қосақ, шолпан, пыланет, қолтықтағы пыланеттер, жұлдызшы, ұйалы жұлдыз, егіз жұлдыз ұйасы, он екі ұйалы жұлдыз, құйрықты жұлдыздар, көшбейтүн жұлдыздар, жұлдыз жауыны, тобтанған жұлдыз, ақ жұлдыздар, сары жұлдыздар, қызыл жұлдыздар, дүнийелік тартыу, пызыкеші, майетнік, дөңгелек жолымен айналады, жер добы, жердің сабы, терістік, түстік, күн мен түн теңелетүн, тең уақыт, геугырапыйе, пәліс, күннің жарық сәулесі, бысокос жыл, қалыпты жыл, иыулыиен календары, гірігорійен календері, астырономыйа, жаңа календер, потоспере, кыймыйе, қыромо–спере, күннің ұрасы непіротұубереніс, күн тұтылыб, күннің тажы, гырадыс, әуе, сұу, бұлыт, тыман, айдың сұрғылт сәулесі, ай мен күннің тұтылыуы, тұтылыс, екілібтік, сарос, уақыт кесігі, күннің күміс дөңгелегі, күннің әппақ дөңгелегі, жомарт, ақ шелек күн, күннің жарық сәулесі, күннің бетіндегі секбіл, еліітіс, геркүлес, лыйра, комете, ұзын құйрықты үлкен кометелер, комете құйрығы, соқба комете, комете жермен сүзиседі, газ, елібіс, қатерлі пыланет, жылылық, үстіңгі әуе, ұшқыш, дүнийенің тозаңы, метеуір, метеуір темірі, болмыс, жаңа уақыттық жұлдыз, тыман-бұлыттар, жер аударған, жарығы төмендеу, жұлдыз жарығы айнымалы, егізденіб көріну, маталған жұлдыздар, іспектір сыны, күннің іспектірі, қырлы шыны, әмбілііттыуда, шамдал, сатырынның білезік – шеңбері, йінкібізетсіе, электір, магінит, электір-магінит күші, электырон, терістік сәулесі.

Он екі зодиак таңбаларының баламасы берілген: зодыйак ені – таңбасы, зодыйак жарығы, обен (арқар), телес (бұғы), былыз несыс (егіз), рак (шайан), леб (арыстан), дебе (қыз), бесі (таразы), ыскорпыйон (жарақұрт), ыстырлес (мерген), козерок (серкемүйіз), бодолей (сұққұй), рыба (балық). Бұлардың кейбіреулері бүгінгі атауларымен сәйкес келеді.

Сонымен қатар Ә.Бөкейхан жаңа атау, терминдердің қазақша атауын, баламасын беруді де ойластырған.

Геуметіріе (геометрия)	жер өлшеу білімі
Гергырапыйе (география)	жер жазыуы
Обсербатырие (обсерватория)	қарауыл үй
Микроскоп	қырағы түтік
Телескоп	телескоп
Компас	құбыланама
Бенере (Венера)	шолпан
Комете	құйрықты жұлдыз
Күн мен пыланеттер	күн қотаны
Күн, ай, жұлдыз жанартау	аспан кеңдігіндегі шырақтар от құсқыш тау

Осындағы география терминіне қатысты Ә.Бөкейханның өзіндік көзқарасы бар. Бұл жөнінде былай деген: *«Гео гырек тілінде – жер; **гірене** – жазыу. Екеуінен геугірапыйе деб сөз құралған. Біздің қазақ жазыушылары орысқа еріб жағырапыйа деб мұны алыб отыр. Біздің тілде жерде, жазыуда бар. Гыректің гергірапыйесін біз **жер жазыуы** деб алсақ оң болады»*. Біз қазіргі астрономия оқулықтарында вулканды «жанартау» деп атап жүрміз. Ал автор оны «от құсқыш тау» деп берген. Бұны салыстыру үшін келтіріп отырмыз.

Мәтіндегі ғылыми стилге тән етістікті баяндауыштардың да кездесуі бұл еңбекке ғылыми сипат береді: *жазыб оздық*(«жаздық» дегені), *сыйпаттайды, мәлімденді, анықталды*.

Термин жасауда қазақ тілінің өз ішкі мүмкіндігі мен сөздік қорын кеңінен пайдалануға ұмтылыс жасалған: *болмыс, болмыс құлы, болмыс жетегі, таза білім, жер добы, жердің сабы, аспандағы доб, аспан кеңдігі, от құсқыш тау, тұтылыс, ұшқыш, дүнийенің тозаңы, сатырынның білезік – шеңбері, күннің тажы, құйрықты жұлдыздар, көшбейтун жұлдыздар, жұлдыз жауыны, құйрықты жұлдыздар, жұлдыз жауыныт.с.с.*

Бұл еңбекте терминдер морфологиялық жолменен жасалғандығы байқалады:

-лық// -лік, -дық// -дік: дүнийелік тартыу, ұшқырлық, шамдалдық;

-ші// -шы: жұлдызшы, пызыкеші, кіймійеші, астырономшы;

-паз: білімпаз т.с.с.

Сол кезеңдегі қазақтың төл сөздерінің де, жаңа терминдерінің де орфограммасы үндестік заңында жазылды. Мысалы: *кітеб, жұуан, сұлыулық, сұурет, тартыу, жаныуар, тартыб, ұстаб, балыуан, кемій, көтеріу, дүнийелік тартыу, сұу, бұу, сұуық, шаңарағы, тұуызады, ырас, жаратыушы, батса (патша), жанұуарда, ұуаделестік, сійрек* т.б.

Н.Төреқұловтың «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» дегеніндей, XX ғ. басында кірме сөздерді қабылдауда үндестік заңын сақтап жазу басты қағидат болып алынғаны мәлім. Бұл еңбекте де сол ұстаным басшылыққа алынған: *мүлійен* (миллион), *келеметір, сыпыр* (цифр), *март, ыйұн* (июнь), *ійұн* (июнь), *сентебір, декебір, пебірел, октебір / өктәбір, менұт, секунт, нөл, геугырапыйе* (география), *телегыраб, телепон, от арба, тырамбай, пойыз* т.б.

у – в дыбысының сәйкесімі: *януар – январ, феурал – февраль*.

Қатаң дыбыстан кейін ұяң дыбыстың келуі жиі кездеседі: *тіршілікде, орысда, құсда* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде езулік дыбысты **-атын, -етін** есімшенің жұрнақтарымен аяқталатын сөздер, сол XX ғ. басында **-атұн, -етұн** еріндік дыбысты тұлғада келген: *болатұн, тартатұн, бөлінетұн, ерійтұн, салатұн, қонақтайтұн, теңелетұн, айналатұн* т.б.

Оқулықтың бір жерінде «аспан», енді екінші жерінде «асбан» деп беріліп, сөздердің жазылуындағы жарыспалылық вариантты көреміз.

Қазіргі «ғасыр» деп қолданып жүрген сөзіміз бұл еңбекте (1925-1926 жж.) «асыр» вариантында қолданылған.

Халық ел атауларының берілуі: *полек* (поляк), *католык* (католик), *інгіліз / ынғылыз / аңглез*(ағылшын), *француз, гирек, шыбет* (швед), *пын* (фин), *естон, пырансыз, ыитальиелык, Аңғылыиe, Ыскандынебйе, Апіріке, Түстік Америке, терістік Әміріке, Кіндік Түстік Франсия, Ең-Мұрт, Ақ теңіз қабағы, Еурупа.*

Жалқы есімдердің берілуі де үндестік заңына сай жазылған: *Копернык ұлы Ныиколай, Ром қаласы, Бетыр мен Пабыл* (Петр, Павел), *Жордан Быр Ыунон, Гамылтон тауы, Мысыр, Гершел, Леберыиe, Адамс, Боде, Ныйыутон, Пырансұз Пууко, Парыж, Пырансыиe, Йіүліі Сезер, Кырыгорый XIII, Айса, Менделейұлы, Үнді мұқыйты, Пілійіпін аралдары, Герменіиe, Иресей, Аурупа, Ыстамбұл, Рыга қаласы, Пын түбегі, Бөргі қаласы, Ыйтальяа, Пізе қаласы, Галылей, Қам қаласы.*

XX ғасыр басындағы қазақ тілінің ғылыми стилінің қалыптасуына назар аударатын болсақ ғылыми фразеологизмдердің, ғылыми тіркестердің мәні халықтың танымымен байланысты дамығанын көреміз.

Ғылыми фразеологизмдер: *білім тезіне салып тексерелік* – талдау; *білім аты шаппай тұрғанда* – ілім, ғылым дамымай тұрғанда; *білім иелері* – білімпаздар; *химия тезіне салып жіберсе* – химиялық талдау жасалынса; *дәлелді тежейік те әңгіменің іргесіне тоқтайық* – дәлелді тоқтата тұрып, негізгі бөлімге тоқталайық; *ерлік ұрығы* – сперма; *білім тексере келе* – зерттей келе, *өсімдік баққан ел* – егін шарушылығымен айналысатын ел, *білім тезіне салып сынаған білім иесі* – ғылыми зерттеу жасаған ғалым; *жұқпалы ауруға ұя болады* – жұқпалы аурудың ошағы болады т.б.

Терминнің анықтамасын анықтап береді: «Ыстық-суық, жел, тыныштық, ашық-жарық күн райын бағатын білім – **метеорология**».

Орысша нұсқасымен берген: метеоролог, микроп.

Қорыта келе айтарымыз, бұл алғашқы астрономиялық аударма оқулық санатына жатады. Біздің бұл мақаламызға арқау болған, қазақтың ұлттық ғылым тілін дамытуға үлес қосқан, астрономия, география, физика ғылым салаларының тарихында өзіндік орны бар, Алаш зиялыларының мұрасы «Дүниенің құрылысы» аударма оқулығын танып білу бүгінгі таңдағы астрономиялық терминдерге балама тауып, жаңа жолдарды іздестіруге, зерттеуге септігі тиер деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Қыр баласы. Дүниенің құрылысы (Д.Граведен аударған). Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. – 101 б.

[2] Қыр баласы. Астрономия әліп-биі (К.Фламарионнан аударған). Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1924. – 225 б.

МРНТИ 16.21.27

Н.Қ.Шүленбаев

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі.
Алматы қаласы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИНЕ ТАҒЫ БІР ҚАДАМ...

Аннотация. Өткен жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа Жолдауын жариялады. Бұл жолдау өзге жолдаудан өзгеше сарында қабылданды. Себебі мұнда қазақ ұлтының тағдырына, болашақта оның Мәңгілік ел болып қалуына қатысты тағдыршешті, тарихи үндеу тасталды. Ол – 2025 жылға дейін қазақ жазуын латыннегізді жаңа әліпбиге көшіру. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс туғызды. Латыннегізді жаңа ұлттық қазақ әліпбиі – рухани жаңғырудың бір әрі бірегей белгісінің бірі, қазақ ұлтының келбетін, болмысын танытатын ерекше бояулы нақыш, ұлттық әлпет, бренд.

Бұл асығыстықты қаламайтын үдеріс болуы тиіс. Келіп түскен мыңдаған әліпби жобаларын жақсылап електен өткізіп, талқылап, ішінен дыбыстарды дәл таңбалауға ыңғайлы, көзкөрімге әсерлі көрінетін үздік жобаны таңдау – қиынның қиыны және онда біреудің атақ-лауазымына, беделіне артықшылық беретін науқан емес. Мұнда латын әліпбиге ілгері жылдары көшкен түркінегізді елдер тәжірибесі де зерттелуде.

Тірек сөздер: әліпби, қазақ ұлттық әліпбиі, латын қаріпі, шетелдік тәжірибе, дыбыс, ақутты әліпби, таңба, дәйекше

Н.К.Шуленбаев

научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова,
магистр гуманитарных наук, Алматы, Казахстан

ЕЩЕ ОДИН ШАГ К НАЦИОНАЛЬНОМУ КАЗАХСКОМУ АЛФАВИТУ

Аннотация. В апреле прошлого года Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев озвучил послание народу «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Это сообщение было получено иначе, чем любое другое. Потому что здесь роковое историческое обращение к судьбе казахского народа, его будущему как вечного народа. Это перевод казахской письменности на новый латинский алфавит к 2025 году. Это событие вызвало большой резонанс в обществе. Новый национальный казахский алфавит на основе латиницы – один из уникальных знаков духовного возрождения, своеобразный цветной узор, национальный облик, бренд, отражающий образ и сущность казахского народа.

Это должен быть процессом не терпящая спешности. Должным образом отбирать из поступающих около тысячи проектов, рассматривать их, выбрать среди них

самого лучшего проекта, который подходит к правильному обозначению слов, визуальному восприятию - сложнее из сложных и здесь не уместно дать преимущество чьей то званию-должностью, авторитету. В этой работе исследуется и опыт тюркоязычных стран которые ранее перешли на латинский алфавит.

Ключевые слова: алфавит, национальный казахский алфавит, латынская графика, зарубежный опыт, звук, акутный алфавит, знак, диакритика

N.K. Shulenbaev

Researcher at the A. Baitursynov Institute of Linguistics,
Master of Arts, Almaty, Kazakhstan

ONE MORE STEP TO THE NATIONAL KAZAKH ALPHABET

Annotation.In April last year, the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev voiced a message to the people “Looking into the future: modernization of public consciousness”. This message was received differently than any other. Because here is a fatal historical appeal to the fate of the Kazakh people, its future as an eternal people. This is a translation of the Kazakh writing system into the new Latin alphabet by 2025. This event caused a great resonance in the society. The new national Kazakh alphabet based on the Latin alphabet is one of the unique signs of spiritual rebirth, a kind of colored pattern, national appearance, a brand that reflects the image and essence of the Kazakh people.

This must be a process that does not stand in a hurry. To properly select from incoming thousands of projects, consider them, choose among them the best project that approaches the correct naming of words, visual perception - it is more difficult from complex ones and it is not appropriate to give priority to someone's title, authority. In this work, the experience of the Turkic-speaking countries that previously switched to the Latin alphabet is also investigated.

Keywords: alphabet, national Kazakh alphabet, Latin graphics, foreign experience, sound, sharp alphabet, sign, diacritics

2018 жылдың 23 шілдесінде Алматыдағы Достық үйінде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен тағы да бір келелі жиын – «Латын әліпбиі – әлем қазақтарының рухани негізі» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өтті. Жиынға Ө.Айтбаев, А.Османова, Ғ.Есім, У.Қалижан, А. Сырым сынды қоғам, ғылым және білім қайраткерлерімен қатар, шетелдік қонақ – Гарвард университеті докторанты Алекс Уарбуртон, Түркі халықтары мәдени орталығының директоры Ахмет Дағдұран және институт ұжымы мен басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты. Отырысты институт директоры Қажыбек Ерден Задаұлы жүргізіп отырды.

Жиын жаңа, ерекше форматта өтті. Мұнда қызылкеңірдек болып айтысып-тартысу, еш дауласу, регламент сақтамау болған жоқ. Керісінше, жылы жүзбен, жарқын көңілмен әліпби жайлы тамаша пікіралысу, ақылдасу жиыны болды десек те болады. Жиналған зиялы қауым ой-пікірі болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыратындай, елдің сауаттылығын әлсіретіп алмайтындай, қолданысқа (жазуға, көзкөрімге) ыңғайлы, толық жетілдірілген, қазақ ұлтының келбетін танытатын ұлттық әліпби жасау үшін алда тұрған мәселе-әрекеттер жайлы болды.

Мүдде ортақ болғандықтан, жарыссөзге шығушы баяндамашылар регламент сақтап, мінбеден кезекпен сөз алып жатты. Алғаш сөйлеген академик Ө. Айтбаев әліпбиді өзгерту туралы қазақ қоғамында жүргізіліп жатқан игі істерге жалпы көңілі толатынын жеткізді. Алайда әліпби жобаларын талқылау кезінде «бір дыбысқа – бір таңба» принципі жүзеге аспағанына, Тіл білімі институты ғалымдарының сан жылдарғы жұмыстарының жемісі ретінде ұсынған нұсқасы еленбей, талқыға түспегеніне өкініш білдірді. Ғалым: «Болар іс болды, Ақылдасып пішкен тон келте болмас, енді бекітілген әліпбидің кемшіл тұстарын қоғам болып талқылап, жетілдіріп, орфографиялық емле ережелерін тап-тұйнақтай етіп даярлау керек, халықтың арман-қиялына қаяу түсірмейік» деген пікірмен сөзін қысқаша тұжырымдады.

Мінбеге шыққан «Тіл – Қазына» қорының бас директоры, философ-ғалым Ғ.Есім өз ұжымының Бурабайда демалып жатқан мектеп оқушыларымен жаңа әліпби нұсқаларының ыңғайлы, ыңғайсыз тұстары, оны насихаттау туралы іс-шаралар жүргізілгенін, енді орталық қызметкерлері орфографиялық емле ережелерін дайындаумен айналысып жатқанын, жаңа жылға дейін ереженің үлгі-нұсқасы даяр болатынын, ол барлық облыста апробациядан өтетінін хабардар етті. Ғалым мұндай тағдыршешті мәселеде көсемсудің, өзім білгендікке салынудың, біреудің атақ-лауазымын пайдаланудың қажеті жоқтығын құлаққағыс етті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әліпби жетілдіруде бүкіл қоғамды жұмылдыру керектігін баса айтты. Оның пікірінше, түркітөктес халықтармен әлі де байланыс нашар. Ол үшін туыс халықтар арасында ерекше бір уәкілетті ұйым құру керектігін (мейлі, ол Түркі парламенті бола ма), барыс-келіс, ақпарат алмасу мәселесін жолға қоюды ескертті.

Сондай-ақ философ ағамыз «Тілді тудыратын, сақтайтын, жасайтын – тұлғалар. Яғни Абай, Мұхтар тәрізді тұлғалардың шығармалары тілді байытады, сақтайды да қорғап қалады. Сонымен бірге тіліміздің небір теперіштерді артқа тастап, шұрайлы қалпын сақтап күні бүгінге жеткенінің бір себебі – ұлттың бай фольклоры. Ауыз әдебиеті тілді жойылып, бұзылып кетуден аман сақтап қалды, болашақ ұрпаққа дін аман жеткізді. Ал енді оны жоғалтып алмау сіз бен бізге сын болары сөзсіз. Қазақ әліпбиінен ұлттың келбеті байқалып тұру керек. Қазіргі уақытта компьютер көмегімен шрифтерді қазақы нақыштап келтіруге болады екен» деді.

Әр сөзін қадап-қадап, шегелей сөйлейтін, өзге ұлт өкілі болса да қазақ ұлты мен оның тілі үшін сандаған жылдар биік мінберлерден мәнді де ұтымды пікірлер қозғап жүрген, ҚХА мүшесі, тілші-ғалым Асылы Оспанова тілдің халықтың байлығы, өлшеусіз қазынасы екенін, «тіл үшін күрес – ел үшін күрес болатынын», сондықтан оны сақтау, байыту жолында, тәуелсіз ел ретінде, батыл шешімдер қабылдау, салмақты ойлар айту қажеттігін тілге тиек етті. «Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру керек деп айту тіптен дұрыс емес, дұрысында «латыннегізді қазақ (ұлттық) әліпбиіне көшу» деген дұрыс деп ескертті қайраткер ғалым. Бұл пікірге әбден қосылуға болады және әркім белгілі бір атауды дұрыс айтуға дағдыланғаны жөн. Өйткені «Кемені қалай атасаң, солай жүзеді» деген сөздің бары да рас. Асылы апайымыз елдің көкейінде жүрген толғақты мәселелерді де қысқа да нұсқа, тәптіштеп айтып берді.

Әдебиет институтының директоры У.Қалижан жаңа ұлттық әліпби әлем қазақтарын жақындастыратын таптырмас құрал екенін және халқымыздың әлемдік

өркениет көшіне ілесе алуына, жылдам ақпарат алу мүмкіндігі туатынына зор сенім білдіретінін әңгімесінің арқауы етті.

ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әлібек Асқаров шетелдік қазақ отбасыларының егде мүшелері қазақ тілін білетінін, ал жастары ана тілінде нашар сөйлейтінін немесе мүлдем білмейтінін, күні ертең ол азаматтар сол жергілікті тілде сөйлеп кететініне қауіптенетінін жеткізді. Мүмкін, жаңа әліпби оларға Қазақстаннан тың ақпарат алып, қазақ тілін үйренулеріне түрткі болатын шығар деген ой қозғады. Төңкерістен бұрын, одан кейін де Қазан қаласында шыққан қазақша кітаптар, олардың тиражы, құндылығы жайында сыр ашты. Оларды да, мүмкін, кейін жаңа ұлттық әліпбиге көшіру қажеттілігі туар деп топшылады.

Түркі халықтары мәдени орталығының жетекшісі Ахмет Дағдұран болашақтан үлкен үміт күте «Түркі халықтары үш түрлі әліпби қолданып отыр. Ал қазақ тілінің латыннегізді әліпбиге көшуі бізді, түркі жұртын жақындатады. Қазақ жері – түркі халықтарының атажұрты. Қазақ тілі – барлық түркі халықтары түсінетін тіл. Жаңа әліпбиге көшкенде барлығымыз Қорқытты, әл-Фарабиді, Мұстафа Шоқайды түпнұсқада оқи алатын боламыз. Сонда барлық қазақ ана тілінде сөйлей алады және түркітілдес халықтардың ықпалдасуы жүзеге асады» деді.

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Мелдеш «Төрт жұмыс тобы құрылды. Орфографиялық емле ережелерінің жобасы жасалды. IT мамандары пернетақта жобасын жетілдіріп жатыр. Келесі жылы 1-сынып оқушылары латыннегізді әліпбиде білім алатын болады. 2020 жылдары мемлекеттік рәміздер латын қарпіне көшеді, қазір Елтаңбаның латын нұсқасындағы үлгісі жасалды. Жұмыс кезең-кезеңмен жүретін болады, емле ережелері бекітіледі, кемшіліктер түзетіледі, әліпби жетілдіріледі» деген сенім білдірді.

Ерден Задаұлы жиналыс барысында, баяндамалар арасында өзі көрген, естіген қызықты да мазмұнды мәліметтерді, қазақ ұлты, оның тілі жайлы әр елдің, әсіресе түркітанушылардың айтқан құнды пікірлерін жеткізіп отырды, дәйексөздер келтірді. Сөзінің соңында «Қазақтардың бір бөлігі шет елде тұрады. Оларға тілдік мәселеде көмек қажет. Қазақтар жиі қоныстанған аймақтарда тіл орталықтарын ашу керек. Жаңа әліпбиге көшу барысында бұл мәселелерді де қолға алуға тиіспіз. Жыл аяғына дейін негізгі ережелердің нұсқасы даяр болады. Келер жылы орфографиялық, орфоэпиялық, анықтағыштар мен сөздіктердің толық нұсқасы шығады. Терминология, ономастика, Тіл мәдениеті оқулықтары жарық көреді» деп сөзін қорытты.

Сөйтіп, отырысқа жиналғандар мол мағлұмат алып, болашаққа бағыт-бағдарды, жоспарды межелеп, ұтымды, ыңғайлы әліпби даярланатынына сенім білдіріп тарқасты. Жаңа әліпбиге тағы бір басты қадам жасалды. Енді әліпби жайлы өз ойымды қысқаша білдіре кетсем деген ойым бар.

Өткен жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа Жолдауын жариялады. Бұл жолдау өзге жолдаудан өзгеше сарында қабылданды. Себебі мұнда қазақ ұлтының тағдырына, болашақта оның Мәңгілік ел болып қалуына қатысты тағдыршешті, тарихи үндеу тасталды. Ол – 2025 жылға дейін қазақ жазуын латыннегізді жаңа әліпбиге көшіру. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс туғызды.

Бұл шешімді жалпы қазақ қоғамы қолдап, дереу үн қата бастады. Алайда бұл «ұр да жық», «шаш ал десе, бас алатын» науқаншылықты, асығыстықты қаламайтын үдеріс болуы тиіс. Келіп түскен мыңдаған әліпби жобаларын жақсылап електен өткізіп, талқылап, ішінен дыбыстарды дәл таңбалауға ыңғайлы, көзкөрімге әсерлі көрінетін үздік жобаны таңдау – қиынның қиыны және онда біреудің атақ-лауазымына, беделіне артықшылық беретін науқан емес. Мұнда латын әліпбиіге ілгері жылдары көшкен түркінегізді елдер тәжірибесі де зерттелуде.

Өткеннен еш сабақ алмаған халқымыз бұл үдерісте де асығыстыққа, науқаншылыққа бой ұрды. Жетілдірілген, соңғы шешімі жарияланған әліпби нұсқасы қабылданбай жатып, алғашқы екі нұсқа бойынша жазу етек алды. Түсінікті айтсақ, көшедегі баннерлер, маңдайшадағы жарнамалар, мекеме, кәсіпорын, тіпті көше атаулары әлі жетілдірілмеген әліпбиде жазыла бастады. «Осы әліпбиде еңбектер жазып, оқулықтар, оқу құралдарын, сөздіктер шығаруды бастайық» деушілер де табылды. Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында бұл үлкен шығынды қажет етері рас. Онда әліпби әр ауысқан сайын атауларды өзгерту қажет болады.

Менің ойымша, алдымен әліпбидің ақырғы нұсқасын қолдану туралы соңғы жарлық шығуы қажет. Одан кейін оны халыққа таныстыру жұмыстарының ауқымды көлемде жүргізілуі, сапалы жетілдірілуі іске асады, асықпай, жан-жақты ойластырылған, жіті зерттелген емле ережелері жарық көреді. Соның негізінде жаңа латын графикасында жазылған еңбектер өмірге жол тартуы ықтимал. Бірте-бірте оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер жариялана бастайды, сөйтіп, жаңа жазуға көшу кезеңімен жүре береді. Бұл үрдісте ономастикалық атауларды, терминдерді латынша транскрипциялау мен транслитерациялау, олардың орфограммасын жасау жұмыстары да мұқият жүргізілгені абзал.

Алғаш халық назарына ұсынылып бекітілген екі әліпбидің бірін «диграф (қос-әріпті) әліпби, екіншісін «апострофты (әріптен кейінгі үтір, дәйекше) әліпби» деп атап алдық. Бұл екі жобаның да өрескел кемшіліктері көзге ұрып тұрды. Бұларда «бір дыбысқа – бір әріп» қағидасы сақталмады, дыбыстар дәл таңбаланбады, жазуда ыңғайсыздық туды және тіпті бір қараған адамға әріптер көзкөрімге оғаштау көрінгені де белгілі. Одан кейін 2018 жылғы 19 ақпанда тағы да жаңа әліпби нұсқасы бекітілді. Енді мұны «акутты (ноқатты) әліпби» деп атай бастадық.

Жаңа әліпбиде кейбір дыбыстар акут диакритикасымен белгіленген. Әлем елдері тәжірибесінде диакритика әдетте дыбыстардың жуан-жіңішкелігін, екпін түсуін, ызың және жұмсақ (палаталь) дабыстарды белгілеуде, сөз жігін ажыратуда қолданылатыны белгілі. Біз де дыбыстарды бірыңғай акут белгісімен таңбалағанша, әртүрлі дәйекшелермен жазғанымыз жөн болар еді. Ал енді апостроф дәйекше емес, диакритика – дәйекше, яғни жалпы атау. Диакритика дегеніміз – әріп үстіне, астына қойылатын әр түрлі белгілер, ноқаттар. Диакритиканың бірнеше түрі, атаулары бар. Олар: әріпасты *седиль* және *бревис* диакритикасы /ſſ/, әріптүсті *карон* диакритикасы /G̃g̃/, дауыстылардың жіңішке жұптарын таңбалайтын әріптүсті *умлаут* диакритикасы /ä/, дауыстының ұзақтығын, созылыңғы жұптарын білдіретін *макрон* (Ā), ызың дауыссыздарға (*ч, ж, ш*) қойылатын *гачек* (Č) диакритикасы, дыбыстың жұмсақтығында (палатализация) білдіретін *седиль* (Ń) диакритикасы және дауыстының жуан сыңарын белгілеуде *циркумфлекс* (Ū) диакритикалық таңбасы, т.б. Мұның бәрі, сайып келгенде, А. Байтұрсынұлының бір ғана «дәйекше» сөзімен астасып жатыр.

Бұл белгілер жайында белгілі фонетист-ғалым Ө. Жүнісбеков былай дейді «Біздің жерден жеті қоян тапқандай болып «апостроф» деп әріптің бір шекесін шертіп сәндеп, «диакритика» деп әріп төбесіне сызықша қойып шендеп, *O* әріпінің белінен тартып *ø* жасап мәндеп, *ae*-ні қосақтап *ә* деп егіздеп жүргеніміздің бәрі – Ахаңнан қалған үлгі. Ендеше, қазіргі жоба авторлары алып отырған жуан-жіңішкелік белгілер (әртүрлі нұсқасына карамай) – сол А. Байтұрсынұлы салған сара жол. Арабы таңбалар негізінде туындаған дәйекше дауыстылардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып, кирилшеге көшті. Енді, міне, кирилшеден «апостроф, қос нүкте, сызықша, қосақ әріп болып», мың құбылып, латынша жобаларда жүр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны, яғни емле қызметі – сол бір дәйекше». Әлімхан ағамыз өзінің сан жылдарғы еңбегі нәтижесінде, ықшамдалған 28 әріптен тұратын латыннегізді қазақ әліпбиін ұсынған еді. Өкінішке орай, бұл жоба ескерусіз қалды.

Әріптердің қосымша белгілері жайлы тағы бір фонетист-ғалым З.М. Базарбаева: «Қазақ тілінде үнемдеп жазуды алғаш рет ұсынған қазақ тіл білімінің қабырғасын қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы еді. Сингармонизм заңы бойынша, қазақ сөздеря бірыңғай жуан, я бірыңғай жіңішке айтылатыны белгілі. Сөздерді бірыңғай айту үшін ғалым олардың алдына «дәйекше» деген таңбаны (белгіні) қолданған. Қазақ әліпбиін үнемдеу жайында қазақ филологиясының алғашқы профессоры Құдайберген Жұбанов та жазған. 1935 жылы ғалым қазақ әліпбиін орфографиясын өзгерту жайында жоба ұсынған болатын, жазуды үнемдеу мақсатында дауыстылар мен дауыссыздарды азайтып, бірнеше фонеманы бір әріппен таңбалауды көздеген. Әр тілдің әліпбиі дыбыстарды шартты түрде таңбалайды. Оның жетіспеушіліктері мен кемшіліктері орфографиялық қағидалармен өтеледі. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасағанда фонологиялық және орфографиялық заңдылықтарды да ескеру қажет» дегенді айтады.

Жаңа әліпбидегі әріптердің таңбалануы мынадай: Aa (a), Á á (ә), B b (б), V v (в), G g (г), Ğ ğ (ғ), D d (д), E e (е), J j (ж) Z z (з), I ı (и, й), K k (к), Q q (қ), L l (л), M m (м), N n (н), N̄ n̄ (ñ), O o (o), Ó ó (ө), Pp (п), R r (р), S s (с), T t (т), Ý ý (у), U u (ұ), Ú ú (ү), F f (ф), H h (h, x), Ch / ch (ч), Sh / sh (ш), Y y (ы), I i (і).

Әліпбиде *й(u)* дыбысы *I ı*, *ы* дыбысы *Y y* таңбасымен беріліпті. Бұларды, керісінше, яғни *й(u)*-ді *Y y* таңбасымен, *ы*-ны нүктесіз *I ı* таңбасымен беру дұрыс болатын шығар. Тіпті екі и-ді (й, и) бір таңбамен белгілеуге болмайды, оның бірі – дауысты, ал екіншісі – дауыссыз. Ал *у* дыбысы ақутты *Ý ý* таңбасымен берілген. Бұл еш қисынға келмейді. Олай болса, *у*-ды әлем тәжірибесіне сүйене отырып, *Ww* таңбасымен берген жақсы болар еді. Сонда айта-айта жағымыз талған, жұртшылыққа түсіндіре алмаған *ми*, *ки*, *су*, *ту* сөздерін айтылымы бойынша *ми* (*мый*), *ки* (*кий*), *суw* (*сұу*), *туw* (*тұу*) деп қатесіз жаза, айта алар едік. Сондай-ақ *ие*, *қиыр* тәрізді сөздерді *іуе* (*і-уе*), *қиуир* (*қи-уир*) түрінде дұрыс буынға бөліп тасымалдауға болады. Бұлай таңбалау туыстас түркі тілдерінде бар. Айтпағым: *и*, *й* дыбысын *I ı*, *ы* дыбысын *Y y*, *у*-ды *Ý ý* ретінде таңбалау еш қисынға келмейді, жазуда ыңғайсыздық тудырады және бір қарағанда көзкөрімге де оғаш көрінеді.

Сондай-ақ *h* мен *x* дыбыстарында бір ғана *h* таңбасымен беріліпті. Бұл өте дұрыс деп білемін. Біріншіден, егер қалдырғымыз келсе, фарингал (тамақ) *h*-ны сақтап қаламыз, екіншіден кірме дыбыс *x*-дан арыламыз. Енді *x*-дан басталатын сөздер *h* арқылы жазылатын болады. Мысалы: *habar* (хабар), *hat* (хат), *halık* (халық) және т.б. Алайда бұл сөздер айтқанда қазақтың *қ* әріпі арқылы айтылатыны (*қабар*, *қат*,

қалық) тағы бар. Онда мұндай сөздерді әліпбидегі *q* әріпін арқылы жазған дұрыс. Ол *qabar, qat, qalıq* түрінде көрініс табады.

Әліпбиде *ш* дыбысына *sh*, *ч* дыбысына *ch* таңбалары беріліпті. Менің ойымша, бұл екі дыбысқа бір таңба (*sh* немесе *ch*) берген жөн болар еді. *shar, shek* сөздерінің бірін *шар*, екіншісін *чек* деп оқи алатынымыз кәміл. Ал әліпбиде мұнымен қоса *х*, *h* дыбыстарын белгілейтін *h*, *с* дыбысын белгілейтін *s* таңбасы барынескерсек, бұл дыбыстар сөзде қатар келгенде оларды тану, түсіну қиындығы туады. Мысалы: *ashana* (*асхана ма, жоқ ашана ма*), *Ashat* (*Асхат па, жоқ Ашат па*) және т.б. Сондықтан *ш*, *ч*, *с* және *х*, *h* дыбыстарының таңбаларын да реттеу қажет.

Акут әліпбиде кірме *я*, *ю*, *ё*, *щ*, *ц* дифтонгтер (қосар дыбыс) енгізілмеген. Бұл дұрыс та. Кейбіреулер «енді кірме сөздерді қалай таңбалаймыз» дегенді айтып қалады. Бұларды жазғанда жеке-жеке әріптермен таңбалауға болады. Меніңше, *я* әрпі *ya, ю* әріпі *yw*, *ё* әріпі *yo* болып таңбаланады. Мысалы: *quya* (қия), *ayw* (аю), *shyotka* (щётка). Ал *щ* әріпі *sh* таңбасымен белгіленеді. Сонда үш әріп (*ш, ч, ц*) бір ғана *sh* не *ch* болып жазылады.

Тіпті болмаса, *ш* (*щ, ч*) дыбысын бір ғана *Ş ş* таңбасымен білгілеуге болатын шығар. Бұлай белгілеу жалпы әлем тәжірибесінде және фонетист-ғалым Ә. Жүнісбек ұсынған әліпби жобасында да бар. Бұл тұрғыда белгілесек, дыбыстарды шатастыру орын алмас еді. Бір жағынан, *ш* дыбысы дыбысталуға *с* дыбысымен жуықтау келеді. Сонда *с* дыбысы *S s* таңбасымен беріледі де *ш* (*щ, ч*) дыбысы бір ғана *Ş ş* таңбасымен беріледі. Екеуінің дыбысталуы да, таңбалануы да жақын болады, айырмашылығы *ш*-ға дәйекше қойылады. Соңғы кезде осындай ұсыныстар жиі айтыла бастады. Ал енді «әліпбиіміз акутты әліпби ғой» дегенге келсек, онда *ш* (*щ, ч*)-ны жазуда әріптің жоғарғы жағына акут дәйекшесін қойып (*Š š* (*ш, щ, ч*) жазайық.

Ал *ц* кірме әріпін *s* (*с*) арқылы таңбалай береміз. Онда бұрынғы *цемент, цирк* тәрізді біршама сөздер тіліміздің фонетикалық ерекшелігіне бейімделіп, *sement* (семент), *tsyrik* (сыйрык) болып жазылады. Несі бар, қазір оғаштау көрінгенмен жүре-жүре үйренеміз, сөздерді тілімізге ыңғайлап алуды меңгереміз. Ал егер бұл қосарлы дыбысты жеке белгілейік десек, оған *ts* (*тс*) қосарлы таңба береміз. Ол жағдайда *цемент, цирк* сөздеріміз, тиісінше *tsement* (тсемент), *tsyrik* (тсыйрык) болып жазылады. Әрине бұлай жазу қате саналады, өйткені қазақ тілінде екі дауыссыз қатар жазылмайды. Сол алғашқы нұсқа қисынға келеді.

Егер кірме әріптерді жаңа ұлттық әліпбиден алып тастаймыз десек, онда бұл әрекет барлық кірме дыбыстарға қатысты болуы тиіс еді. Алайда акут әліпбиде *в, ф, х, ч*, тәрізді кірме дыбыстар берілген. Соңғы кездері осы әріптерді де әліпбиден аластатуды жақтаушылар көбейіп келеді. Онда бұрынғы *вагон, фабрика чемпион, хабар* тәрізді сөздер, тиісінше *багон, пабрика, шемпион, қабар* түрінде дыбысталатын әрі жазылатын болады.

Енді өзім түзету ұсынған әліпби бойынша бір-екі сөйлем жазып көрейін. *Men Almatı qalasında turamin. Almatı – elimizdiń mádeny astanası. Ol – ásem qala.* Көріп отырғанымыздай, таңбалар жазуда еш ыңғайсыздық, көзкөрімге олқылық туғызып тұрған жоқ. Бейне бір бұрыннан солай жазып жүргеніміз сияқты, барлық әріп өз орнында тұрғандай сезінесіз.

Біреулер «мына әріп таңбасы қарақалпақта бар, ана әріп өзбекте бар, ал мынау эзирбайжан мен түрікте бар, олай болмайды, біздің әліпби басқалардан ерекше, теңдессіз болу керек» деп байбалам салады. Дұрыс та шығар. Алайда жаңа әліпби

жасауда әлем елдерінің, түркітөктес елдердің озық үлгілерін пайдаланғанның еш оғаттығы жоқ дегенді айтқым келеді.

Қорыта айтқанда, әлі де кейбір әріптердің таңбаларын өзгертіп, оларды жетілдіріп, тек содан кейін ғана тап-тұйнақтай емле ережелерін жазып шығуға болатынын байқап жүрміз. Бұл істе асығыстыққа, науқаншылдыққа жол берудің еш қажеті жоқ. Әріптердің артық-кемшілігі оларды қолданғанда (жазғанда, оқығанда) белгілі болатын тәрізді. Алда әлі қыруар жұмыстар жүргізілуі тиіс. Оның ішінде компьютер пернатақтасына төл дыбыстарымызды беретін таңбаларды орналастыру мәселесі де бар.

Қысқасы, жаңа ақутты әліпби төрт аяғынан тең басқан, теңдессіз, мінсіз жоба деп бағалауға әлі ерте тәрізді. Ақыры ақутты әліпби қабылдаған екенбіз, кейін өкінбестей оны жетілдіріп, талқылап, ұсыныстар жасап отыру қажет. Бұл әліпбиді ширата түсу үшін келелі пікір, салиқалы ой, сындарлы ұсыныстар айту, қалың жұртшылықтың, зиялы қауымның, әсіресе тілші ғалымдардың азаматтық, ғалымдық парызы деп білемін. Өйткені әліпби астарында елдің көкейкесті арман-мақсаты, кемел келешігі тарих таразысына түсіп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Тілтаным. №4 (52), қазан, қараша, желтоқсан. – Алматы, 2013.

МРНТИ 16.21.41

А.Д.Омарова

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты. Алматы, Қазақстан

ҚОС СӨЗДЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Қазіргі кезде қос сөздердің жасалу жолдары көп ретте ғалымдар қалыптастырған ережелер аясына сыймайтын, олар сақтала бермейтін әрі компоненттері арасында үйлесімді сипат бола бермейтін сөздер, соған қарамастан осындай ерекшеліктерімен қос сөздер тілде қолданыста жүр, сөздік қорға кірігіп кетіп жатыр. Осы сияқты ерекшелігі бар қос сөздер, әсіресе, терминдік жүйеде көп кездеседі. Жалпы алғанда қазіргі кезде тілде пайдаланылып жатқан қос сөздердің ерекшеліктері көп. Сондықтан тілдегі неологизмді құбылыс ретінде, оның бір түрі ретінде, қос сөздерді жеке қарастыру қажет.

Тірек сөздер: қос сөздер, лексема, морфология, күрделі сөздер

А.Д. Омарова

Магистрант 2 курса совместных образовательных программ научно-исследовательских институтов на базе Казахского национального университета им. Аль-Фараби и комплекса «Ғылым ордасы», Алматы, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ В ПАРНЫХ СЛОВАХ

Аннотация. Любой язык в мире развивается по определенным законам. Хотя лингвистическая структура является единственной в своем роде и обычно соответствует общим языковым законам, отклонений от этих законов меньше, в зависимости от специфики каждого языка. Следовательно, невозможно объяснить различные явления в родственных языках одним общим законом правилом, в статье рассматриваются особенности парных слов и сочетания новых, переведенных с русского языка варианты парных слов на казахском языке.

Ключевые слова: парные слова, лексема, морфология, сложные слова, сложная форма

A.D. Omarova

2nd year master's student of joint educational programs of research institutes on the basis of the Kazakh National University named after Al-Farabi and the "Gylym Ordasy" complex, Almaty, Kazakhstan

SOME PROBLEMS IN PAIRED WORDS

Annotation. Any language in the world develops according to certain laws. Although the linguistic structure is one of a kind and usually corresponds to the general language laws, there are fewer deviations from these laws, depending on the specifics of each language. Consequently, it is impossible to explain different phenomena in related languages by one general law and rule, the article discusses the features of paired words and combinations of new fluent Russian words in the Kazakh language

Keywords: pair words, lexeme, morphology, difficult words, complex form.

Шығу тегі, жасалу жолы жағынан сөз тіркесіне барып тірелетін күрделі сөздердің құрылымдық түрлеріне, сөзжасамдағы рөліне көптен бері ғалымдар ерекше назар аударып келеді. Сондай күрделі сөздердің ерекше бір түрі – қос сөздер. Дегенмен, қос сөздердің жасалуында басқа күрделі сөздерге ұқсас жақтарымен қатар, көптеген айырмашылықтары да бар болғандықтан, оны зерттеушілер әр қырынан, яғни біреулері семантикалық, енді біреулері лексика-грамматикалық тұрғыдан қарастырып келеді. Бірігу, тіркесу нәтижелерінде пайда болған күрделі сөздерді айтпағанда, құрылымдық және жасалу тәсілдері бірдей, бір семантикалық топқа кіретін қос сөздердің өздері де кейде, бір-бірінен өзгешеленіп жатады.

Қос сөздер әртүрлі екі лексеманың қосарлануынан және бір сөздің екі рет қайталануынан жасалуына байланысты қосарлама қос сөздер және қайталама қос сөздер болып үлкен екі топқа бөлінеді. Әртүрлі екі лексеманың қосарлануынан жасалған қосарлама қос сөздер өздерін құрап тұрған компоненттеріне тән қасиеттерді бойына жиып, негізінен жинақтау, топтау, саралау мағыналарын береді. Дегенмен, олардың арасында лексикаланып, жаңа мағынаға ие болғандары да бар, ал сөздерді қайталап қолданудан жаңа мағына тумайды, тек грамматикаланады деген көзқарас қазақ тіл білімінде қалыптасып қалған. Алайда қос сөздер жайлы түркі тілдерінде, сондай-ақ қазақ тіл білімінде жазылған зерттеулерге сүйене

отырып, жан-жақты зерттеу барысында қайталама қос сөздердің де лексикалық мағынаға ие болып, қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде елеулі қызмет атқаратыны анықталды.

Күрделі сөздерге байланысты бұрынғы ғылыми еңбектерде, оқулықтарда көрсетілмеген проблемалары мен өткен ғасыр басындағы күрделі сөздердің зерттелуін жүйеленіп жазылған еңбектің бірі – «Қазақ тілінің морфологиясы» [1]. Осы еңбекте күрделі сөздердің проблемасына алғаш рет қиын мәселе ретінде көңіл бөліп және оқыту барысында білім алушыларға түсінікті ету жолдарын, арнайы көңіл бөлу қажеттігін қарастырған Ж.Шәкенов, одан бұрынғы А.Жұбанов, Қ.Жұбанов, А.Ысқақовт.б. бірнеше авторлардың көзқарастары жүйеленген.

Күрделі сөздерге арнайы кешенді проблема ретінде көңіл бөліп, әрбір түріне жеке-жеке тоқталған ғалым Ж.Шәкенов аталмыш сөздерді зерттеудегі Қ.Жұбанов еңбегін ерекше атайды: «Ал қазақ тіл мамандарынан бұл проблеманы алғаш сөз еткен профессор Қ.Жұбанов. Ол кісі 1930 жылдардың өзінде-ақ күрделі сөздер қанша сөзбен біріксе, кіріксе де тұтас бір ғана мағына білдіреді, бір ғана заттың атауы болады, сөйлемде сол жұбын жазбай, бір ғана мүше болады, кейбіреулерінің құрамындағы сыңарларының дыбыстық өзгеріске түсуінен сыртқы түр-түрпаты басқаша болып қалыптасады, бір ғана екпінді иеленеді деп дұрыс тұжырымдайды», – деп бағалайды [2,3]. Бұл күрделі сөз түрлерінің бәріне де ортақ және одан кейінде тілші ғалымдардың бәрінің тілге тиек еткен сипаты. Соның ішінде қос сөздер жасалу жолы сан алуан, құрылысымен құрылымында әртүрлі қырлары бар күрделі сөз түріне жатады.

Қазіргі кезде қос сөздердің жасалу жолдары көп ретте ғалымдар қалыптастырған ережелер аясына сыймайтын, олар сақтала бермейтін әрі компоненттері арасында үйлесімді сипат бола бермейтін сөздер, соған қарамастан осындай ерекшеліктерімен қос сөздер тілде қолданыста жүр, сөздік қорға кірігіп кетіп жатыр. Осы сияқты ерекшелігі бар қоссөздер, әсіресе, терминдік жүйедек өп кездеседі. Жалпы алғанда қазіргі кезде тілде пайда болып жатқан қос сөздердің ерекшеліктері көп. Сондықтан тілдегі неологизмдік құбылыс ретінде, оның бір түрі ретінде, қос сөздерді жеке қарастыру қызықты.

Ең бастысы, мұндай құбылыстарға әдеби тіл нормасын тұрақтандыруда, білім беруде, дәрістермен семинарлар жүргізуде, ережеге сай келмейтін, нормаға сыймайтын құбылыстарды түсіндіру қиындықтар тудырғанда ерекше көңіл бөлінеді.

Сондай-ақ ғылыми еңбекті жазу бар да, оның білім беру саласында қолданыс табуы бар. Дәл сол сияқты жазу бар да, оқыту бар. Қандай бір тілдік құбылыстарды оқыту құбылыстың өн-бойында анық көрінбей жатқан және қиындық тудыратын жайттардың ашыла түсуіне көмектеседі. Ж.Шәкенов күрделі сөздерді оқыту барысында туындаған проблемалардың болғанын «Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар» (Алматы, 1991) атты еңбегінде былайша атап өтеді: «Сөз болып отырған тұлғалардың қыр-сырының жете ашылмауы олардың табиғатын айқындаудағы, түсіндірудегі қиындықтар, күрделі сөзді күрделі емес сөзден ажырата білмеу, күрделі сөз ретінде қайсысын біріктіріп, қайсысын бөлек жазу жайының анықталмауы күні бүгінге дейін оқушыларды қатерге ұрындырып жүргені белгілі. Оған мысал ретінде емле сөздігінің ең соңғы басылымындағы *жалақы*, *қаламақы*, *еңбекақы*; *жалаңаш*, *жалаңбас*, *жалаңаяқ*; *шашбау*, *қамытбау*; *аяққим*, *басқим*, *ішкім* дегендердің бастапқы сөздерінің біріктіріліп, ал қалғандарының бөлек

жазылуын көрсету де жеткілікті» [2,4].

Қос сөздердің жазылуы, жасалу жолы алдыңғы қатарға шығарылып, жазуға қатты көңіл бөлініп отырған бүгінгі таңда ол мәселенің барынша толық шешімі қос сөздердің табиғатын терең түсінумен байланысты екенін айтпаса болмайды. Соның біріншісі «тегінде біріккен сөз болмаса, қос сөздердің таза лексикалық тұлға болу-болмауы жайында әртүрлі пікірлер барына» [2,5] тіреледі.

Қос сөздерді **қайталама** (бір сөздің *қосымшасыз* және *қосымшалы* түрінің екі рет қайталануы, немесе сол сөздің не бір дыбысының немесе бір буынның өзгеріп айтылуы арқылы жасалған (*қора-қора, ат-мат, бес-бестен*) және **қосарлама қос сөздер** (екі түрлі сөзден құралады, мысалы, *ертелі-кеш, әке-шеше, ойнап-күліп, алты-жеті*) деп атауды алғаш қалыптастырған ғалым А.Бісқақов олардың морфологиялық сипатын ашып көрсеткен [3].

Сөз байлығының толығы арнасы – тілдің сөзжасам жүйесі.

Туған тілдің толығымен кемелденуі жаңа сөзді дүниеге келтірумен тығыз байланысты. Жаңа сөзжасау тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншіліктерімен өзектес. Бұл әдіс тіл байытудың құнарлы да өнімді түрлерінің бірі. Сөз қосым әр тілдің өзіндік табиғи ішкі заңдылықтарымен өзектес жүретіні сөзсіз, ол тілдің өзіне тән қасиет.

Бүгінгі таңда тілдік қордағы сөздер жаңару, жандану күйін кешуде. Тілдің қордағы байырғы сөздеріміз сапалық өзгеріске түсуде. Бұл жөнінде академик Ә.Қайдар қазақ тіліндегі туынды сөздердің түп төркіні әріде жатқанын және байырғы түбірлер екенін айта келе: «Жаңа сөздер тіліміздегі байырғы түбірлерден сөз жасау модельдері негізінде пайда болған туынды дүниелер» [4] дейді. Сөздік қордағы сөздердің жаңалануы, сапалық күй кешуі, тілдің ішкі даму заңдылықтары мен қатар жүреді. Оған әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени жайттар әсер етеді.

Қазіргі кездегі қос сөздердің жасалуы қандай құбылысқа тәуелді? Олар мыналар:

1. Калкалау арқылы термин жасалған кезде кірме терминнің шыққан тілінде дара, күрделі сөз болуына қарамастан терминдік сипаты мен мәтін жеткізу үшін көбіне күрделі сөз түріндегі баламасын қалыптастыру жиі кездеседі. Сондай кездерде қос сөздермен балама жасау жиі кездеседі.

3. Қос сөздердің сынарларының арақатынасы туралы көзқарастар жасалу барысында өзгеріске ұшырағаны байқалады.

4. Терминнің, жаңа сөздің мән-мағынасын, семантикасын жеткізу мақсатымен формасына көңіл бөлінбейтіні байқалады.

Осы мәселелер ескеріле отырып, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінен» теріліп алынған және жаңа сөздер жасалу жолдарына қарай жіктелді. Соған орай орфографиялық сөздіктен және газет-журналдардан жинақталған бірнеше мысалдарға тоқталып өтуге болады:

1. Екі сыңары да аударылмай, сыңарларының негізіне қазақ тілінің қосымшасы жалғанып жасалып жүрген қос сөздер:

Палеогеография – өткен геологиялық дәуірлердегі *физикалық – географиялық* жағдайлар туралы ғылым [5,12]; Өздерінің 8-сыныпқа дейін жинақтаған картографиялық білімдерің мен дағдыларыңды еске түсіріндер және оларды *интеллект – карта* түрінде ұсыныңдар [5,13]; Сонымен қатар модельдер құрама да болуы мүмкін *математикалық – картографиялық, математикалық – графикалық* және

басқалар [5,21]; ШҚО-ның Қатонқарағай Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының және *ботаникалық-минералдық* қорықшасының аумағында орналасқан [5,31]; Қазіргі ғылыми прогрестің жетістігі ең жоғарғы технологиялық *құрал-жабдықтарды* игеру мүмкіндігі мен *коммуникациялық-энергетикалық* желілердің жүйесін меңгерудің бәрі тұтастай алғанда адам табиғатын, адам физиологиясын, адам *анатомиялық-биологиялық* атқаратын функциясын жалпы макрокосмоспен бірлікте терең зерттеу, зерделеудің нақты нәтижесі [6,7].

2. *Бір сыңары ғана қазақ тіліне аударылған қос сөздер:*

Қоғамдық (*әлеуметтік-экономикалық*) география халықтың және оның шаруашылығын зерттеумен айналысады [5,8]; 7-сыныпта сендеркартографиялық, *тәжірибелік – эксперименттік, зертханалық-сараптау* әдістерін қолдандыңдар [5,17]; *Салыстырмалы – географиялық* әдіс [5,20]; Бұл – құжат, зерттеудің әдісі мен жүргізілуі, оның нәтижелері, сонымен қатар *ғылыми – зерттеу* немесе *тәжірибелік-эксперименттік* іс – әрекет үдерісінде алынған нәтижелертуралы жан-жақты сипаттаманы қамтиды [5,37]; Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Атырау облысы Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы -сәндік өнер музейінде қазақ фотожурналистикасының негізін салушының бірі, Қазақстанның жарты ғасырлық фотошежіресін жасаған Рысқали Дүйсенғалиевтің, фотоөнердің майталман шебері Нұрғожа Жұбановтың қазақ спорт фотожурналистикасының негізін қалаушы Дендербай Егізовтің өнер жолы мен шығармашылығына арналған «Ғасырдың көзі» атты фотоқөрмесі және *кітап- альбомның* таныстырылымы өтті [6,3].

3. *Екі сыңары да қазақ тіліне аударылған қос сөздер:*

Ландшафттану әр түрлі дәрежедегі *табиғи –аумақтық* кешендерді зерттейді [5,13]; Осылайша *қатпарлы – тас жақпарлы* таулар пайда болады [5,76]; Олар қашанда нақты түрде көрсетіледі, *түпнұсқа–нысанның* сыртқы қасиеттерін немесе ішкі құрылысын, не әрекеттерін жаңғыртады [5,22]; Терең суасыт науарлары – бұлар құрлықтардың және аралдық доғалардың белсенді *таулы – қатпарлардың* етектерінде орналасқан [5,86]; Мұхиттың платформалар *мұхиттық-орталық* жоталар мұхиттық тип құрылымына жатады [5,86].

Әлемдік аударматануда аударудың амал-тәсілдері мен аударма процесі туралы пікірлер өте көп. Алайда, олар роман-герман тілдерінен орыс тіліне (немесе керісінше) аударудың тәжірибесіне сүйенген. Орыс тілінен түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне тәржімалаудың практикасының қорытылуында аударманың амал-тәсілдерін тарату үшін жалпы теориялық көқарастар негізге алынады. Әлемдік аударматанудағы аударудың жолдарына орай айтылған түйіндердің бірқатары орыс тілінен қазақ тіліне тәржімалаудың теориясы мен практикасына сәйкес болмай жатады. Себебі, түпнұсқа тіл мен аударма тіл әр түрлі тілдер типологиясынан. Сондықтан, кез келген жанрлық түрде, бастапқы мәтінді аударуда, тіпті мәтін заң күші бірдей болғандықтан сөзбе-сөз, құрылымдық калькамен аударылатын ресми құжат болғанның өзінде де балама аударудың қажеттігі туады. Бұл ең алдымен тілдердің әр түрлі типологиялық сипатына байланысты. Мағыналары, символдары бойынша және осы символдары сөйлемде ұйымдастырудың қағидалары бойынша бір-біріне дәлме-дәл келетін тілдер жоқ, сондықтан, нақты, сөзбе-сөз, дәл аударма болуы мүмкін емес.

Қазақ тіліндегі қос сөздердің барлығы дерлік орыс тілінде қос сөз түрінде кездесе бермейді. Орыс тілінде қос сөз күйінде болмаса да, қазақ тіліне қос сөз түрінде

аударылатын сөздер аз емес. Мысалы, пешком – жаяу-жалпылап, уважение – сый-құрмет.

Қорыта айтқанда, қос сөздер - деривативтік үдерістер нәтижесі: қос сөз түріндегі жаңа қолданыстар жиі туындап жатады; жасалу жолдарының өзі жеке зерттеуге лайық; ал жазылу емлесіндегі бүгінгі таңдағы негізгі ұстаным сызықша қойып жазу болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілінің морфологиясы. ҚРБЖҒМ грифімен. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 280 б.

[2] Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 120 б.

[3] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974. - 112б.

[4] Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата: изд. АН КазССР, 1958. – С. 168.

[5] «География». Оқу құралы. 8-сынып, 1-бөлім. Алматы кітап, 2018 б. «Ана тілі» газеті, №1 (1415), 5-10 қаңтар, 2018.

МРНТИ 16.21.63

З.Б.Садырбаева

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы қаласы, Қазақстан

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ МЕН КІСІ ЕСІМДЕРІН ЛАТЫН ӘЛПБИИНДЕ ЖАЗУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация. Мақалада Республикамыздың жер-су атаулары орфографиялық ережелерге, яғни картадағы нысандар орфографиялық стандартқа сай болуы туралы сөз болады. Сондай-ақ жер-суаттары, кісіаттары, шет тілдік географиялық атаулардың латын графикасы негізінде ережеге сай жазылуы керек екендігі, ономастикалық сөздіктерді әзірлеу маңыздылығы көрсетілді.

Тірек сөздер: латынграфикасы, жер-су атаулары, кісі есімдері, сөздік, анықтамалық, орфографиялық ереже.

З.Б. Садырбаева

Researcher at the A. Baitursynov Institute of Linguistics, Programmer, Almaty, Kazakhstan

ЗНАЧИМОСТЬ НАПИСАНИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ И ЛИЧНЫХ ИМЕН НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ

Аннотация. В статье рассматривается роль орфографических правил в правиль-

ном написании казахских ономастических названий и иноязычных географических названий. Также затрагивается вопрос составления ономастических словарей на основе разработанных правил на основе латинской графики.

Ключевые слова: латинская графика, географические названия, личные имена, словарь, справочник, орфографические правила

З.Б. Садырбаева

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері,
Алматы қаласы, Қазақстан

THE IMPORTANCE OF WRITING GEOGRAPHICAL NAMES AND PERSONAL NAMES BASED ON LATIN GRAPHICS

Annotation. The article discusses the role of spelling rules in the correct spelling of Kazakh onomastic names and foreign geographic names. The question of compiling onomastic dictionaries based on the developed rules based on the Latin script is also raised.

Keywords: Latin graphics, placenames, personalnames, dictionary, reference book, spellingrule

Елбасының өзі рухани жаңғыруда жастардың рухани санасының жоғары деңгейде екеніне сенім білдіре отырып, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында Қазақ мемлекетінің дүниежүзіндегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына енуіне орай бірқатар атқарылуға тиіс міндеттерді айқындап берді. Болашағымыз үшін ең басты мақсат – ұлттық құндылықтармыз бен халықтық озық дәстүрлерімізді сақтап, жаңартып отыру. Сондай-ақ бұл мақалада рухани бірегейліктерді қалыптастыру керектігін атап өтті. Ол үшін ұлттық тіліміз бен ұлттық жазуымызды бір қалыпқа түсіріп, болашақ латын графикасына негізделген әліпбиіміздің емле-ережелерін біріздендіру, бағдарын белгілеу және бекіту міндеті тұр. Ғалым, тілшілердің ұсыныс-жобаларымен қабылданып бекіген әліпби емле-ережелері орфографиялық жүйеге негізделеді. Себебі әрбір сөз, атаулар, жер-су аттары белгілі бір ұстаным қағидасымен жазылуы өте маңызды. Латын графикасына көшудің мақсаты да осы. Үстіміздегі ғасырдың тарихи оқиғаларының бірі – қазақ халқы үшін жаңа латын әліпбиінің қолданысқа енуі. 1940 жылдарға дейін Алаш зиялыларының мәдени мұрасы есептелген латын әліпбиі бүгінгі ұрпаққа да жат емес.

1940 жылдан бастап қазақ дыбыстың жүйесіне тән емес в, и, ф, х, ц, щ, ч, э, ю, я, ь, ы тәрізді әріптері енді. Қазақстан жер-су, қала аттары кеңестік саясаттың салдарынан Көкшетау орыс тілінде – Кокчетав, Қызылорда – Кызыл Орда, Жамбыл – Джамбул т.б. орыс кириллицасымен айтылып, жазылып келді. Бұлай аталудан тәуелсіздіктің арқасында ғана құтылған сияқтымыз. Алайда әлі де болса, кеңестік жүйенің сарқыншақтары сақталып келе жатқаны жасырын емес. Облыс орталықтарының өзі Павлодар, Петропавл, кейбір қалаларда (Тараз) Ленин атындағы көше, Октябрь көшесі (Талғар) т.б. атаулар жойылған жоқ.

Елбасының тапсырмасымен латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңмен жүзеге асырылмақ. Қазіргі жаңа латын әліпбиінің қазақ тілі емле-ереже заңдылықтарына

сүйене отырып, ұсыныс-жобасын жасаушылардың бірі, тіл жанашыры ғалым Анар Фазылжанова «Интерфакс-Қазақстан» агенттігіне берген сұхбатында латын әліпбиінің мән-маңызына тоқтала келіп, тілшінің: «Латын әліпбиіне көшу неше кезең бойынша жүзеге асады?» – деген сұрағына орай әр кезеңнің мақсатын түсіндіріп береді. Ал жергілікті жерлердің атауын латынға көшіру, яғни қазақ тілі ономастикалық жүйесі үшінші кезеңде көшірілетініне тоқталды. Кезінде кирил графикасына негізделген қазіргі қазақ жазуы орыс тілі арқылы енген сөздерді, атауларды сол күйінде, ұлттық тілімізге икемделмеген қалпында жазып келді. Енді, академик Р.Сыздықтың айтуынша, «латыншаға көшкен кезде түпнұсқалық принциппен жазылатын сөздер қазақшаға игерілуі керек». Ғалымның бұл пікірі жер-су, қала, көше атауларына, яғни ономастикалық атауларға да қатысты екені даусыз. Яғни кеңестік кезеңнің түпнұсқалық принципінен құтылудың жалғыз жолы – латын графикасына негізделген әліпбиге көшу болды. Осы ұстанымды танымал тілші-ғалымдардың дені қолдап, өз пікір-ұсыныстарын баспасөз арқылы білдірді. Бұл басқа тілдерден енген сөздерді, терминдерді қабылдамау керек деген сөз емес, кез келген тілдің лексикасы сөздерді басқа тілден қабылдау арқылы дамиды. Әйтсе де кірме сөздер қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылығы бойынша қабылдануы әрі игерілуі керек. Мұны неге айтып отырмыз. Қазір елімізде адам есімімен, табиғат ерекшелігімен т.б. байланысты жер-су атулары өте көп. Оның түпнұсқасын сақтап жаза берсек, біз кирилл графикасынан еш уақытта құтыла алмаймыз. Сондықтан латын графикасына негізделген әліпби арқылы түзелген жер-су, есім атауларының сөздігін, анықтамалықтар шығару кезек күттірмейтін мәселе. Өйткені кезінде қазақ араб әліпбиіне негізделген ескі жазба тілі деп айтылып келген әліпбиіміз болғаны белгілі, төте жазудың әрине өз ережесі болды. Ал отызыншы жылдардағы латын әліпбиіндегі жазу-сызудың ұстанған өзіндік емле-ережелері қалыптасты. Бүгінгі күнге дейін орыс әліпбиіне, яғни кирилшеге негізделген орфографиялық ереже фонетикалық-морфологиялық принцип бойынша жасалып, қолданыста болды, бұл аралас-құралас, яғни орыс-қазақ гетерогенді принцип сақталды. Қазіргі мақсат – латын әліпбиіне сәйкес басты ұстанымдарымызды айқындап алу, сондықтан осы аса жауапты міндетті ойланып жүзеге асыру керек. Ол үшін ең алдымен болашақтағы орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерді ережеге сай түзу, өйткені ол ереже – белгілі бір тілдің біркелкі стандартқа сай жазылу нормалары мен тәртіптерін, қағидаларын белгілейтін заңдық күші бар құжат екені белгілі. Біздің сөз етіп отырған мәселеміз ономастикалық атаулардың латын әліпбиімен дұрыс жазылуын қарастыру болғандықтан, ұлттық тіліміз үшін ономастикалық атаулар сөздігін жасау аса маңызды болып отыр. Өйткені Қазақстан халықаралық әуежолымен 200-ден астам аэропорт, теміржол қатынасы арқылы жүздеген қаламен, әралуан елдермен байланыс жасайды. Республикамыздың жер-су атаулары орфографиялық ережелерге, яғни картадағы нысандар орфографиялық стандартқа сай болуы көзделеді. Кісі есімдері, миллиондаған төл құжаттары, мекеме, ұйымдардың, жеке және заңды тұлғалардың аттарының орфографиялануы, емле ережесіне сәйкес болуы міндетті. Әрбір сөз белгілі бір орфографиялық принцип бойынша жазылуы керек, өйткені орфографиялық принциптер жазу жүйесі үшін аса маңызды. Әлемдік лингвистика бойынша бір ғана принципке негізделген жазу жоқ, алайда жазу тарихында бір ғана принциппен жазу дәстүрі болған. Тілдің ұлттық ерекшелігіне, сипатына байланысты орфографиялық принциптің бірнеше түрі таңдалып, сол

бірнеше түрі жазба тілге қызмет етеді. Ал латын графикасына негізделген әліпби жүйесі бойынша емленің негізгі принциптерінің қызметі кеңейіп, түпнұсқа ұстаныммен жазылып жүрген сөздердің жазылуы фонетика-фонематикалық қағидаға ауысуға тиіс. Өйткені латын графикасына көшудің негізгі мақсаты да кірме сөздерді қазақшаға икемдеп, қазақ тілінің заңдылығына бағындыру. Қазіргі қазақ орфографиясындағы принциптерді ереже мен негізгі орфографиялық принциптерді өзгерту, әрине, ұқыпты, саналы түрде ғылыми жақтан дәлелденген ұстанымдарға сәйкес негізделеді. Егер қолданыстағы орфографиялық қағида өте қолайлы, жатық, үдемелі болса, онда осы қағиданы дәлелдейтін дәйектерді, негіздерді нақтылап, соның ұстанымымен ережелер жасалады. Бұрынғы ережелер кирилшеге негізделгендіктен көп қателіктер болып келгені рас. Бүгінгі күнге дейін бір атаудың-есімнің бірнеше нұсқада жазылып жүргендігі мәлім. Мысалы, Қожа Ахмет Яссауи – Яссауи – Ясауи; Баба түкті Шашты – Өзиз – Баба Түкті – Шәшті Өзиз; Дінмұхамед Қонаев – Дінмұхамет Қонаев тәрізді. Сондай-ақ тілімізге жат ь (жіңішкелік белгісі) Шарын каньоны т.б. атаулар бар, оны Шарын канийоны/канионы деп жазамыз ба, ойланатын шаруа немесе шет тілдік атаулар: Нью-Йорк – Ниу-Йорк, т.б. қазақ әдеби лексикасында ажыратушылық қасиетке ие ь (жуандық белгісі) бар сөздер жиі болмаса да бар: съезд, объектив т.б. Осы тәрізді сөздерді біріздендіру үшін қалайда сөздіктер түзу алыдыңыз кезектегі мәселе. Қазірдің өзінде Qazaq, Qazaqstan деп жазылған атауларды кез келгеніміз қиналмай-ақ оқи аламыз. Сондықтан да латын графикасын қабылдау еш қиындық тудырмайды деген пікірдеміз. Өз тіліміз, өз жазуымыз қалыптассын десек, латын әліпбиін ұрпағымыздың бойын сіңіруге әр қазақ ат салысуға тиіс.

Қорыта келгенде айтарымыз, латын графикасына негізделген жер-су, есім атауларын жазуды орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерін қазақ тілі емле ереже заңдылықтарын сақтай отырып қолға алу керек.

Бүгінгі қазақ тілінің емле ережелері, орфография, орфоэпия принциптері өз бастауын ұлы ғалым А.Байтұрсынұлы еңбектерінде көрсетілген заңдылықтармен жүйеленіп, қалыптастырылды. А.Байтұрсынұлы – XX ғ. басындағы қазақ тілінің жазу мәдениетінің негізін салушылардың басшы тұлғасы болса, XXI ғасырдағы жаңа латын әліпбиінің негізін қалаушылар – бүгінгі ғалым-тілшілер, жастар жалғастырушы – болашақ ұрпақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: руханжаңғыру» // Егемен Қазақстан, 2017 ж., 12 сәуір.

[2] Жанұзақов Т. Қазақстанның жер-су атаулары. – Алматы, 2003.

[3] Анар Фазылжанова «Интерфакс – Қазақстан» агенттігіне берген сұхбаты

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Аманбаева А. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы, Қазақстан

Аманкүлова Л. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистрі, аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан

Базарбаева З.М. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Алматы қаласы, Қазақстан

Жаңабекова А.Ә. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы. Алматы қаласы, Қазақстан

Жұбанов А.Қ. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қ., Қазақстан

Жұмабаева Ж.Т. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы, Қазақстан

Жұмабеков Қ.Ж. – Түркия Республикасы Нийде Өмер Халисдемир университетінің докторанты. Түркия.

Көбденова Г.Б. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы, Қазақстан

Қойбағаров Қ. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкері, бағдарламашы, Алматы қаласы, Қазақстан

Қоспағарова Ә. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистрі, аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан

Омарова А.Д. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты, Алматы қаласы.

Пашан Д.М. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы, Қазақстан

Рысберген Қ.Қ. – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ономастика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, терминологиялық жұмыс тобының мүшесі. Алматы қаласы, Қазақстан

Садырбаева З.Б. – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы қаласы, Қазақстан

Тоқмырзаев Д. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкері, бағдарламашы, Алматы қаласы, Қазақстан

Шүленбаев Н.Қ. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі. Алматы қаласы, Қазақстан

МАЗМҰНЫ

Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә., Тоқмырзаев Д. Ұлттық қазақ әліпбиін пернетақтада орналастырудың статистикалық негіздері.....	3
Базарбаева З.М. Кірме сөздердің қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтарына икемдеп жазудың принциптері.....	12
Рысберген Қ.Қ. Жаңа ереже және ономастикалық атауларды латын графикасында жазу мәселесі.....	17
Жаңабекова А.Ә., Қойбағаров Қ. Кирилл қарпіндегі мәтіндерді латын графикасына көшірудегі емле ережелері және программалық қамтамасыз ету әзірлемесі.....	22
Қоспағарова Ә., Аманқұлова Л. Бұқаралық мерекелердің тойлануы мен сахналануы.....	29
Пашан Д.М. Латын әліпбиіне көшудің тиімді тұстары.....	37
Jumabekov K. Türkiye türkçesi ile kazak türkçesi sözdağarcığındaki yalancıeşdeğerlikler.....	40
Жұмабаева Ж.Т., Аманбаева А. Сегментті фонетика: дауыстылардың функционалдық қызметі.....	46
Көбденова Г.Б. Ә.Бөкейханның астрономиялық еңбектерінің қазақ әдеби тілін дамытудағы орны.....	52
Шүленбаев Н.Қ. Қазақ ұлттық әліпбиіне тағы бір қадам.....	60
Омарова А.Д. Қос сөздердің кейбір мәселелері.....	67
Садырбаева З.Б. Жер-су атаулары мен кісі есімдерін латын әліпбиінде жазудың маңыздылығы.....	72

Техникалық редакторы әрі
беттеген: Е.Б. Бесіров

ИБ № 837

Теруге берілді 12.02.2018. Басуға қол қойылды 25.03.2018.
Пішімі 70x100 1/16. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 4,75
Есепке алынатын баспа табағы 5
Таралымы 200. Тапсырыс №32.

Редакцияның мекенжайы:

050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР БжҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

Адрес редакции:

050010. Алматы, ул.Курмангазы, 29
Институт языкознания им.А.Байтұрсынова КН МОН РК
Тел: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61